Во-вторых, не существовало и как такового бюджета АНЗЮС – систематизированной и сбалансированной финансовой системы, состоящей из членских взносов и других специальных отчислений; каждое государство-участник по отдельности нес свои расходы, что было обусловлено первоначально желаниями сторон не создавать дорогостоящую структуру: исследователь деятельности АНЗЮС Л.О. Игумнова в своей работе в этой связи отмечает, что «главными принципами, которыми руководствовались страны-участницы являлись простота и гибкость организации, ее экономичность и эффективность» [3, с. 79]; цель обеспечения последнего качества, однако, можно подвергнуть сомнению, так как вряд ли отсутствие основанной на определенных «экономических» отношениях и юридических нормах совокупности группировки расходов и иных вложений могло способствовать действенности трехстороннего союза.

В-третьих, в Договоре не содержится однозначно закрепленного условия о том, что «вооруженное нападение на одно или все государства-участники будет рассматриваться как нападение на них в целом»: как уже известно, соответствующая ст. 4 Договора признает лишь то, что вооруженное нападение создало бы угрозу миру и безопасности союзников и сопровождается оговоркой, предусматривающей осуществление ими своих обязательств в зависимости от положений национального законодательства и, прежде всего, основных законов – конституций, и следовательно, предоставляет любому из них право в любое время сделать одностороннее заявление с целью исключить или изменить юридическое действие нормы статьи применительно к себе; отмеченное обстоятельство, таким образом, не всегда способствует

принятию подлинно «коллективного решения»; в этой связи гипотетический можно представить и другую «неразрешенную» ситуацию: в случае вооруженного конфликта «в тихоокеанском районе» между КНР и Тайванем вправе ли государства-участники по условиям Пакта вступить непосредственно в процесс его «урегулирования»? Однозначного ответа по этому вопросу среди государств-участников не существует, хотя Правительство Австралии в 2004-2005 гг. в противовес позиции США не раз заявляло, что Договор не относится к подобным случаям; США же, наоборот, заявляя о том, что АНЗЮС пакт «не обязывает какое-либо из государств к действиям в определенной части мира» [16, с. 215], одновременно в противоречие к сказанному традиционно подчеркивают, что они «могут исполнять свои обязательства действиями против общего врага любым способом и в любом районе по своему усмотрению» [16, с. 215].

Отдельно следует говорить о географической сфере применения Договора. Здесь следует обратить внимание на то обстоятельство, что, хотя в соответствии с преамбулой и ст. 8 Договора АНЗЮС изначально рассматривалась как переходная организационно-правовая форма взаимодействия трех государств «до развития более обширной системы региональной безопасности в Тихоокеанском регионе», в структуре его учредительного акта отсутствуют какие-либо статьи, оговаривающие (или регламентирующие) порядок и механизм приема новых членов или желание расширить пространственную зону его действия. Первоначально в членский состав союза, кроме самих США, Австралии и Новой Зеландии, должны были войти Тайвань, Япония и Филиппины. Но их в числе полноправных членов не оказалось, несмотря даже на то, что последние два государства, как уже было отмечено, упоминаются в преамбуле Договора (в соответствии с соглашениями, заключенными с правительствами этих стран, США содержат на их территориях свои вооруженные силы и несут административные обязанности [1]). Кроме того, США исходя из того, что не хотят «привязывать себя к обороне британских колониальных территорий на азиатском континенте, ...были против участия в договоре Англии» [3, с. 76].

Статья 8 Договора в этой связи гласит, что Совет АНЗЮС уполномочивается лишь «уста-

навливать консультативные отношения с государствами, региональными организациями, союзами государств либо другими органами в Тихоокеанском районе, которые в состоянии способствовать осуществлению целей этого договора и вносить вклад в безопасность данного района» [1]. Тем не менее в 1978 году в зону действия Договора фактически был включен и Индийский океан. Д.С. Попов подчеркивает, что «произошло это после того, как вслед за индийско-пакистанской войной и образованием Бангладеш, Австралия и Новая Зеландия одобрили предложение США о включении Индийского океана в зону ответственности АНЗЮС и обязались выделить силы и средства национальных ВВС и ВМС для совместного с США патрулирования этого района» [17, с. 135]. Открыто об этом решении, однако, было объявлено только на сессии Совета АНЗЮС спустя два года – в феврале 1980 года в Вашингтоне. По итогам работы сессии было принято совместное коммюнике, юридически зафиксировавшее и «легализующее» отныне расширение сферы применения АНЗЮС пакта. Одновременно вынашивался план расширения «географических возможностей» союза до Северного Ледовитого океана путем включения его в членский состав Японии и Канады и переименование в JCANZUS.

Отмеченные факты, таким образом, свидетельствуют о том, что, с одной стороны, как сам Договор, так и само объединение, несмотря на часто употребляемое понятие «тихоокеанский регион», юридически являются закрытыми для других участников, а с другой стороны, в противоречие молчаливо обозначенной позиции фактически охватывает не только территории государств-участников, но и не подпадающие под зону ответственности пространства за их пределами.

Выявленные недостатки, пробелы и некоторые «нестыковки» ясно указывают на то, что трем государствам-членам союза необходимо достижение консенсуса по их устранению. И, разумеется, лишь при таком условии, то есть при подтверждении объективной необходимости в конструктивном и многостороннем организационно-правовом механизме, каковым является собственно АНЗЮС, можно не только восстановить и стабилизировать «испорченные» отношения между конфликтующими сторонами,

но и создать контролируемую и жизнеспособную региональную структуру с обновленными, постоянно действующими органами в соответствии с современными геополитическими и международно-правовыми реалиями. При этом одним из реальных путей «восстановления» утраченных союзнических отношений между всеми государствами-членами союза и дальнейшего его полноценного функционирования в

статусе региональной международной организации по смыслу ст. 51 Устава ООН может стать ратификация США всех трех Дополнительных протоколов к Договору Раротонга. Полагаем, что только осуществление этого действия со стороны североамериканского государства позволяет ему достичь сбалансированного компромисса в решении «ядерного вопроса» с Новой Зеландией.

Литература

- 1 Security Treaty (San Francisco 1st September, 1951) between Australia, New Zealand and the United States of America. – Canberra: Department of External Affairs, 1952.
- 2 Шреплер Х.-А. Международные организации: справочник / пер. с нем. С.А. Тюпаева. – М.: Междунар. отношения, 1995. – 320 с.
- 3 Игумнова Л.О. Новая Зеландия и АНЗЮС: путь к независимой внешней политике. дисс. канд. истор. наук. – Иркутск, 2002. – 279 с.
- 4 Paul D. Wolfowitz. ANZUS alliance – security treaty among Australia, New Zealand and the United States. US Department of State Bulletin, June, 1985. P. 19-32. // COPYRIGHT 1985 US Government Printing Office. COPYRIGHT 2004. GaleGroup.
- 5 Тимошенко В.Н. Концепция «малой страны» и внешняя политика Новой Зеландии в конце XX века // Вестник Челябинского государственного университета. – 2009. – № 6 (144). История. Вып. 30. – С. 123-132.
- 6 Lange D. Nuclear Free – The New Zealand Way. – Auckland: Penguin Books (NZ) Ltd, 1990. – 214 p.
- 7 Asia Pacific Security Outlook, 1999. – 186 p.
- 8 Ядерное нераспространение: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. В 2-х томах. Том I / И.А. Ахтамзян и др. Под общ. ред. В.А. Орлова. 2-е изд., переработанное и расширенное. – М.: ПИР-Центр, 2002. – 528 с.
- 9 Ядерное нераспространение: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. В 2-х томах. Том II / И.А. Ахтамзян и др. Под общ. ред. В.А. Орлова. 2-е изд., переработанное и расширенное. – М.: ПИР-Центр, 2002. – 560 с.
- 10 Новая роль Австралии в обеспечении безопасности в АТР (по материалам ИТАР-ТАСС) // [http://rodon.org/polit-120120105543\(12.01.2010\)](http://rodon.org/polit-120120105543(12.01.2010)).
- 11 Самсонов А. Возможные союзники и враги России // <http://www.csef.ru/studies/politics/materials/2125/> (21.06.2012).
- 12 McGibbon I.C. Forward Defense: The Southeast Asian Commitment // *New Zealand in World Affairs*. – Vol. II. – P. 9-39.
- 13 Australia and New Zealand: the Defense Policy Gulf.
- 14 McCraw D. New Zealand's Foreign Policy in the 1990-s: in the National Tradition / D. McCraw // *The Pacific Review*. Center for the Study of Globalization and Regionalization. – Coventry, U.K.: University of Warwick, 2000. – Vol. 13. – № 4. – P. 41- 57.
- 15 National Security Council. The National Security Strategy of the United States of America // Washington, D.C.: US Government Printing Office, 2002. – 40 p.
- 16 Clennon M.J. Constitutional Diplomacy. – Princeton: Princeton University Press, 1991. – 377 p.
- 17 Попов Д.С. Международно-правовые аспекты членства государств в Шанхайской организации сотрудничества. Дисс. канд. юрид. наук. – Екатеринбург, Уральская государственная юридическая академия, 2009. – 225 с.

References

- 1 Security Treaty (San Francisco 1st September, 1951) between Australia, New Zealand and the United States of America. – Canberra: Department of External Affairs, 1952.
- 2 Shrepler Kh.-A. Mezhdunarodnye organizatsii: Spravochnik / Per. s nem. S.A. Tyupaeva. – M.: Mezhdunar. otnosheniya, 1995. – 320 s.
- 3 Igumnova L.O. Novaya Zelandiya i ANZUS: put' k nezavisimoi vneshnei politike. Diss. cand. istor. nauk. – Irkutsk, 2002. – 279 s.
- 4 Paul D. Wolfowitz. ANZUS alliance – security treaty among Australia, New Zealand and the United States. US Department of State Bulletin, June, 1985. P. 19-32. // COPYRIGHT 1985 US Government Printing Office. COPYRIGHT 2004. Gale Group.
- 5 Timoshenko V.N. Kontseptsiya «maloi strany» i vsheshnyaia politika Novoi Zelandii v kontse XX veka // Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2009. – № 6 (144). Istoriya. Vyp. 30. – S. 123-132.
- 6 Lange D. Nuclear Free – The New Zealand Way. – Auckland: Penguin Books (NZ) Ltd, 1990. – 214 p.
- 7 Asia Pacific Security Outlook, 1999. – 186 p.

- 8 Yadernoe nerasprostranenie: Uchebnoe posobie dlya studentov vysshih uchebnyh zavedeniy. V 2-h tomah. Tom I. / I.A. Ahtamzyan i dr. Pod obshch. red. V.A. Orlova. 2-e izd., pererabotannoe i rasshirennoe. – M.: PIR-Tsentr, 2002. – 528 s.
- 9 Yadernoe nerasprostranenie: Uchebnoe posobie dlya studentov vysshih uchebnyh zavedeniy. V 2-h tomah. Tom II. / I.A. Ahtamzyan i dr. Pod obshch. red. V.A. Orlova. 2-e izd., pererabotannoe i rasshirennoe. – M.: PIR-Tsentr, 2002. – 560 s.
- 10 Novaya rol' Avstralii v obespechenii bezopasnosti v ATR (po materialam ITAR-TASS) // <http://rodon.org/polit-120120105543> (12.01.2010).
- 11 Samsonov A. Vozmozhnye soyuzniki i vragi Rossii // <http://www.csef.ru/studies/politics/materials/2125/> (21.06.2012).
- 12 McGibbon I.C. Forward Defense: The Southeast Asian Commitment // *New Zealand in World Affairs*. – Vol. II. – P. 9-39.
- 13 Australia and New Zealand: the Defense Policy Gulf.
- 14 McCraw D. New Zealand's Foreign Policy in the 1990-s: in the National Tradition / D. McCraw // *The Pacific Review*. Center for the Study of Globalization and Regionalization. – Coventry, U.K.: University of Warwick, 2000. – Vol. 13. – № 4. – P. 41- 57.
- 15 National Security Council. The National Security Strategy of the United States of America // Washington, D.C.: US Government Printing Office, 2002. – 40 p.
- 16 Clennon M.J. Constitutional Diplomacy. – Princeton: Princeton University Press, 1991. – 377 p.
- 17 Popov D.S. Mezhdunarodno-pravovyye aspekty chlenstva gosudarstva v Shanhaiskoi organizatsii sotrudnichestva. Diss. cand. jurid. nauk. – Ekaterinburg, Ural'skaya gosudarstvennaya yuridicheskaya akademiya, 2009. – 225 s.

ӘОЖ 327(411.21)

К. Қожахметұлы, С.С. Алшеров

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: salamat.91@mail.ru

Халықаралық ақпарат көздерінің Араб әлемінің бүгінгі болмысына қатысты әртүрлі көзқарастары

Бұл мақалада жалпы геосаяси, мәдени және діни кеністікті құрайтын Солтүстік Африка және Батыс Азия территориясында орналасқан Араб әлемі елдерінің халықаралық ақпарат көздеріндегі бүгінгі болмысы қарастырылады. Араб әлемі соңғы жылдары бірнеше оқиғаларды бастан өткерді. Таяу Шығыс Йеменнен Бахрейнге дейін және Ливиядан Тунис және Мароккоға дейінгі революцияға кез болып отырды. Араб елдеріндегі саяси оқиғалар ХХІ ғасырда халықаралық қатынастарға тікелей ықпал етуші мәселелерге айналып отыр және халықаралық ақпарат көздерінде де маңызды тақырыптардың бірі.

«Араб көктемі» деп танылған саяси оқиғаларды халықаралық ақпарат көздерімен сараптау қажеттілігі мақаланың өзектілігін айқындайды. Халықаралық БАҚ араб әлемінің бүгінгі болмысын сипаттауда және араб халықтарының хакты талап еткен үнін жеткізуде шешуші рөл атқарудағы көріністері мақаланың пәні болып табылады.

Түйін сөздер: Араб көктемі, БАҚ – Бұқаралық Ақпарат Құралдары, қауіпсіздік, либерализм, сыбайлас жемқорлық, демократия

К. Кожахметов, С.С. Алшеров

Взгляды международных информационных источников на внутреннее устройство современного Арабского мира

В данной статье рассмотрены взгляды международных информационных источников на внутреннее устройство современного Арабского мира, который является цельным геополитическим, культурным и религиозным пространством на территории Северной Африке и Западной Азии. В последние годы в арабском мире произошло несколько важных событий. Волны революции охватили Ближневосточных страны, с Йемена до Бахрейна, с Ливии до Туниса и Марокко. Эти события стали актуальными проблемами в международных отношениях в ХХІ веке и главными темами международных СМИ.

Можно определить, что данная статья является актуальной, так как рассматривает взгляды мировых СМИ на «Арабскую весну». Предметом статьи является решающая роль международных СМИ в доставлении правдивой информации о внутренней структуре современного арабского мира.

Ключевые слова: Арабская весна, СМИ – Средства Массовой Информации, безопасность, либерализм, коррупция, демократия.

K. Kozhakhmetov, S.S. Alsherov

Modern Arab World in the estimates in the international information sources

This article examines the views of international news sources on the internal structure of the modern Arab world, which is the whole geopolitical, cultural and religious space in North Africa and West Asia. Recent years in the Arab world has undergone several important event. Tide of revolution swept the Middle Eastern countries of Bahrain to Yemen, from Libya to Tunisia and Morocco. These events have become an important issue in international relations in the twenty-first century, and the main themes of the international media.

We can determine that this article is relevant as regards the views of the world's media to the "Arab Spring". The subject of this article is the crucial role of the international media in delivering accurate information about the internal structure of the modern Arab world.

Key words: Arab spring, Mass Media, security, liberalism, corruption, democracy.

Кіріспе. Батыс БАҚ-тары бір жақтан Америка халқының Уолл-Стриттегі наразылық қозғалыстары мен Британия мен өзге еуропалық елдердегі халық пен студенттердің толқуларын "бүлік" және "содырлар қозғалысы" деп атап, екінші жағынан Араб елдеріндегі халықтық жаппай әрекеттердің исламдық болмысын жасыру үшін оны "Араб көктемі" деп атап отыр. Қазіргі Араб әлеміндегі халықаралық жағдай әртүрлі болып өтіп жатыр. Алайда бұл он жыл кездердегіден айырмашылығы қатты байқалмайды. Соңғы үш-төрт жыл ішінде Африка солтүстігі (Магриб елдері) мен Таяу Шығыстағы кейбір Араб елдерінде болған халықтық көтерілістерге бүкіл әлем куә болды. Күн сайын осы Араб әлеміндегі халықтық толқулар жайында халықаралық басылымдар мен ақпарат агенттіктерінде және де әрбір елдің теледидар, газет-журнал беттерінде жаңалықтар таратылып жатты. Мысыр, Ливия, Тунис, Йемен, Сирия және Бахрейн жөнінде әлемде соңғы бірнеше жылда көптеген хабарлар таратылды. Сондай-ақ мақалада халықаралық БАҚ-тағы Араб әлемінің 2012 жылдың басына дейінгі мәселелері қарастырылады.

Әлем БАҚ-тарының исламдық оянуға қатысты екіұдай көзқарастары

2010 жылы 17 желтоқсан күні басталған әрекет әлі де болса тоқтаған жоқ. Осы күні тунистік сатушы жігіт Мұхаммад Буазизи қаржы қиындықтары мен бір әйел полиция қызметкерінің тіл тигізуіне наразылық ретінде өзін-өзі өртеді. Сол жігіт күйген оттың жалындары халықтың ашуын қоздырып, оларды әкімбилеушілердің жанына от салуға итермеледі. Бен Әли, Мүбәрак және Каддафи осындай жалынға түскен диктаторлық жүйелердің символдары еді. Олар халықтық толқулардың нәтижесінде саяси сахнадан тайдырылды. Каир мен Сана сияқты қала алаңдары мен көшелері көктем, жаз және күзде үйлеріне қайтпай, талаптарына қол жеткізу үшін көшеде болуды таңдаған наразы халықтың құзырына әлі де халықаралық ақпарат көздері арқылы әлем куә болып отыр.

Әрине, 2011 жылы халықтық толқулар араб елдерімен ғана шектеліп қалмай әлемнің өзге аймақтарында да орын алды. Америкадағы "Уолл-Стрит қозғалысы" мен еуропалық елдердегі халықтық наразылықтар соңғы жылы әлем БАҚ-тарының бірінші бетіне шыққан өзге

оқиғалардың қатарына кіреді. Алайда Батыс БАҚ-тары сол алғашқы күннен бастап, ерекше әдебиеті мен осы елдердегі оқиғаларды таратуға кірісіп, бұл оқиғаларға екіұдай және тіпті неше түрлі көзқарастық қатынастар көрсетті. Олар бір жақтан Америка халқының Уолл-Стриттегі наразылық қозғалыстары мен Британия мен өзге еуропалық елдердегі халық пен студенттердің толқуларын "бүлік" және "содырлар қозғалысы" деп атап, екінші жағынан, Ислам елдеріндегі халықтық жаппай әрекеттердің исламдық болмысын жасыру үшін оны "Араб көктемі" деп атады. Шын мәнінде, халықаралық БАҚ-тардың осы оқиғаларға деген көзқарасы халықтың әрекетін бұрмалап, бағытын өзгерту үшін жаппай жоспар жасаумен қатар жүрді. Әлбетте айтарлықтай табысқа қол жеткізе алған жоқ.

Батыстағы ұжымдық ақпараттық байланыс құралдары экономикалық жағдай мен әкімбилеушілердің озбырлығына деген наразылықты халықты қобалжытудың факторы деп біліп, халықаралық хабар арналары диктаторлықтың аяқталғанын және жаңа дәуірдің келгенін айттып, демократия басталды деген сараптамаларды да ұсынды.

Батыс БАҚ-тарының басым бөлігі халықтық әрекеттерді "Араб көктемі" деп атап, осы қозғалыстарға ерекше бағыт-бағдар беруге талпыныс жасады. Алайда бұл ұмтылыстан түк шықпай, оның нәтижесіз екені анықталды. Араб үкіметтері тәуелсіздіктен кейін халықты билікке қатыстыру үшін дұрыс бағыт ұстана алмады. Сол себепті қазір түрлі араб елдеріндегі халықтың наразылығы мен ашуына куә болып отырмыз [1].

Жалпы халықаралық ақпарат көздеріндегі Араб әлемінің болмысы, әлемдік БАҚ-тардың "Араб көктемі" деп атап отырған мәселе "арабтың екінші оянуы ма?" деген сауал туады. Өзгерістер үрдісі осы әрекеттердің бір-бірінен айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Жаппай исламдық ұрандар айту, исламдық топтардың жаппай атсалысуы және қозғалыс барысында халықтың оларға бет бұруы, Жұма намаз сияқты рәсімдерде талаптарын баяндауы, сондай-ақ жастардың қатысуы мен электрондық БАҚ-тарды қолдануы – соңғы жылдардағы халықаралық халықтық толқулардың өзге ерекшеліктеріне жатады.

Араб әлеміндегі исламдық әрекеттерге қатысты шындыққа қайшы Батыс БАҚ-тары

мен мамандары олармен бағыттас болып, өз ұмтылысын өзге бағытта шоғырландырып отыр. Мысалы: мысырлық зайырлы экономист Сәмир Әмин 2011 жылы 11 желтоқсандағы мақаласында: "Кедейлердің қалың тобы 2011 жылғы ақпанда Мысырдағы шеруге белсенді түрде қатысты. Олар көбінесе революцияны қорғау үшін халықтық комитеттерде қызмет атқарады. Осы пақырлардың сақалы, хиджабы, киімі, жалпы сыртқы кескін-келбеті исламдық Мысыр қоғамы деген ой тудыруы мүмкін. Алайда шындығына келсек, олардың сахнаға енуі осы қозғалысты ұйымдастырушыларға таңылған. Олар сахнаға кенеттен енді. Қозғалыс жетекшілерінің өз жолын жалғастыра беруден басқа амалы болмады", – деп жазды. Осы жазушының пікірінше, "Мысыр қоғамы исламдық емес" және "олар өз еркімен қатысқан жоқ". Дегенмен Араб әлеміндегі өзіндік орны бар Мысыр қоғамының діни қоғам екені баршаға аян. Парламенттік сайлаудың қорытындылары мен халықтың қазіргі наразылықтарының шындығы Сәмир Әминнің пікірінің дұрыс еместігін және Құрама Штаттар мен Батыс елдері қалайтын үстірт түсіндірмелер екенін көрсетеді. Ол өз мақаласының өзге бір жерінде: "Америка мен Еуропа көбірек нағыз демократиялық Мысырдан қорқады. Олар бұған жол бермеуге қолдан келгенін істейді", – деп жазады [2].

Араб әлемінің түрленуіндегі исламдық ояну барысында соңғы жылдары әлемдік БАҚ қожайындары отқа май құйып, жалған ақпарат таратумен демократия мен азаттықты сөз етті. Алайда құбылыстарды халықтың ұрандарымен және тіпті олардың сайлау барысындағы ойлары немесе қазіргі кездегі наразылықтарымен сараптаған дұрыс болар. Араб әлемінде Ислам дінінің болуы және халықтың Құран сияқты исламдық белгілермен шерулерге қатысуы, сондай-ақ Жұма намазынан кейін диктаторларға қарсы жаппай шерулердің қалыптасуы мен «Аллаһу Акбар» ұрандары күрестердің негізгі ұрандарының бірі ретінде осыны айғақтайды. Мұсылмандардың аймақтағы ең үлкен дұшпаны, яғни сионистік режиммен күресуді талап ету және Тунисте Бен Әли құлағаннан кейін исламдық белгі ретінде хиджабқа бет бұру – осының барлығы бұл елдерде қалыптасқан қозғалыстарда исламшылдық рух пен Иран Ислам революциясының күрес тәсілінің бар екендігін аңғартады.

Аймақ елдеріндегі исламдық оянудың осы елдердің сыртқы өзгешеліктеріне қарамастан, көптеген ортақ тұстары бар. Оған ықпал еткен ең маңызды элемент – Иран Ислам революциясының көзқарастары болды. Аймақтағы исламдық ояну мәселесінің тамыры Иран Ислам революциясының ойлары мен жалпы мақсаттарында жатқанын талқылау соңғы жылдардағы халықаралық ақпарат көздеріндегі пікірталас туғызған ең маңызды мәселе болды.

Америка мен Еуропадағы Батыс БАҚ-тары осы араб елдеріндегі көтерілістерге қатысты ақпараттар мен оқиғаларды таратуға "Араб көктемі" сөзін қолданғанымен, бірақ олардың маңызды мақсаттарының бірі – Ислам революциясынан туындаған діни ойлары мен әсерлерінің бояуын азайтып көрсету болып табылады. Мәселе ретінде: халық қозғалыстарындағы диктаторлық, тәртіпке қарсы сыбайлас жемқорлық, бірақ оның жүрісінде исламшыл идеология басымырақ, өйткені нағыз демократиялық күштер әлі нашар, жөнді ұйымдастырылмаған. Соған орай, революция жемісін исламшылдар пайдалануда.

Ұлыбританиялық журналист Роберт Фиск "Араб көктемі" терминін қолданудың ең негізгі себебін Таяу Шығысты дүрліктірген "Араб немесе исламдық оянудың" болмысы мен бейнесін бұрмалау деп біледі. Ол "The Independent" газетінде жарық көрген мақаласында осы оқиғаларды қазір Батыста болып жатқан толқулармен салыстырады. Роберт Фиск осы мақаласында Батыс тілшілерінің Батыстағы әлеуметтік наразылықтар туралы ақпарат тарату тәсілін сынап: "Батыс журналистерінің айтатындары лепірме сөздер. Олар араб диктаторларына қарсы араб революцияларын дәріптеуде асыра сілтейді де, Батыстағы демократиялық үкіметтерге қарсы наразылықтарға араб әлеміндегі соңғы оқиғаларды хабарлау желеуімен көзжұмбайлық танытады", – деп жазады. Британдық журналист мұсылман елдеріндегі революциялардың ақиқатын сол ұлттардың ізеттілікке мұқтаждығы мен елінің әкім-билеушілердің отбасының меншігіне айналуына қарсылығы деп біледі. Роберт Фиск Батыс үкіметтерінің сионистерді қолдауын халықаралық БАҚ-тардың араб елдеріндегі халық әрекетінің болмысына сілтеме жасамауының себебі дейді. Халықтың ең маңызды талаптарының бірі – сионистік режим-

ге тосқауыл қою және осы жалған режиммен қарым-қатынасты доғару болып табылады [3].

Араб елдеріндегі саяси өзгерістердің халықаралық БАҚ-тағы көрінісі

Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары мейлі газет-журналдар, теледидар, радио және тіпті интернет пен блогтар болсын және әрбір дамыған және дамушы елдердегі әлеуметтік топтар, халықтарды Араб әлеміндегі өзгерістермен таныстыруда маңызды рөл атқарады және атқарды. Мысалы: Ұлыбританияның: BBC, Financial Times, The Independent, Францияның: Agence France Presse, Le monde, Испанияның: El Pais, El Mundo, ABC, АҚШ-тан: CNN, Reuters, Wall Street Journal, New York Times, Business Daily Review, Араб әлемінен: Al Arabiya, Al Jazeera, Ираннан: IRNA, "Al-Alam" және тағы басқа халықаралық сыртқа хабар тарататын жалпы бұқаралық ақпарат құралдары араб әлемінің бүгінгі болмысын сипаттауда және араб халықтарының хақты талап еткен үнін жеткізуде шешуші рөл атқарып, өздерінің парасатты және кәсіби бағдарламаларымен де осы көтерілістерге қатысты жаңалықтар мен бейнетаспалары әлем халықтарына таратуда белсенділік танытып отыр.

Таяу Шығыстағы халықтық көтерілістерге қатысты ирандық "Әл-Алам" телеарнасының ұстанымы бірдей және осы қозғалыстарды қолдауға негізделген. Алайда БАҚ құралдарының көбісі осы көтерілістер жөнінде кемсітушілік әрекет жасайды. Мысал ретінде, Бахрейн халқының көтерілісі, АҚШ-тың бесінші флоты осы елде болуы және бұл елде көпшілігі шииттерді құрап отырғандығынан Батыс БАҚ құралдары тарапынан айтарлықтай ескерілмейді. Тіпті, осындай көтерілістерге қатысты жаңалықтарды салыстырмалы түрде ойдағыдай таратқан Катардың "Әл-Жазира" халықаралық телеарнасы Бахрейн өзгерістерін күткендей-ақ назар аудармай отыр. Бахрейндік жазушы және саяси белсенді Надір Әлмалах кейбір БАҚ құралдарының Бахрейндегі өзгерістер мен халықтық наразылықтарға көңіл бөлмей отырғанына қапалы. Ол Парсы Шығанағы өңіріндегі араб елдері БАҚ құралдарының ақпараттық үнсіздігін осы елдердің жасқаншақтығынан деп біліп былай дейді: "Араб БАҚ құралдарының үнсіздігі таңғаларлық емес. Өйткені Парсы Шығанағы

өңіріндегі араб елдері халықтың жеңісінен және елде өзгеріс болуынан қауіптенеді. Сол себепті осы елдер Бахрейнге қатысты жаңалықтарға цензура жасауға бір-бірімен ынтымақтастық жасайды. Надір Әлмалах сөзінің жалғасында: "мен Бахрейн халқының тілегі үкіметтің отставкаға кетуі және қылмыскерлерді соттау екенін ашық айтамын", – дейді [4].

Әлемдегі қазіргі жағдайдағы маңызды БАҚ құралдарының өзге бірі – интернет. АҚШ осы БАҚ құралын Батыстың саясаттарына келіспейтін үкіметтерге қарсы қолдануға үміт артқан еді, алайда интернет жылдамдықпен Араб әлеміндегі арабтың диктатор биліктеріне қарсыластардың қысым құралына айналды. Халықаралық қатынастардағы ақпараттық соңғы мәліметтер бойынша, Мысырда интернетті қолданушылар саны 20 миллион адамнан астам болып табылады және осы ел халқының төрттен біріне жуығын құрайды. Сонымен қатар Мағриб елдерінде де интернетті қолданушылар біршама артып отыр. Қолданушылардың орташа жасы 24 жас болып табылады. Тунисте де интернетті қолданушылар осы ел халқының шамамен үштен бірін дерлік құрайды. Алайда ұзақ жылдар бойы Каддафидің озбыр билігінің астында болған Ливия секілді елде халықтың 18 пайызының ғана интернетке қолы жеткен.

Қолданушылардың орташа жасына қарағанда олардың барлығы жас болғаны байқалады. Осы мерзімде де ел ішіндегі оқиғалардан әлем халқын хабардар ету үшін төңкерісшіл халық тарапынан іске қосылған түрлі сайттар мен блогтар осы елдерде революцияның жылдамдықпен алға ілгерілеуінде маңызды рөл атқарған. Әсіресе Ливияда жаңалықтарға қатаң цензура жасалуы себепті халықтың оқиғаларды баяндауы және сондай-ақ өз еркімен қызметтен кеткен кейбір қайраткерлердің мәлімдемелері ең маңызды ақпарат көздеріне айналды. Халықаралық БАҚ құралдары Ливияның Мысыр және Туниспен шекараларында тілшілерін орналастырып, қақтығыс болып жатқан жерлерден оралған жұрттың сөзін өз көрермендеріне таратты [5].

Америкалық "Newsweek" апталық басылымының америкалық тілшісі Стефан Кинзер өзінің жаңа мақаласында екі ұдай теорияларды ұсынған. Ол АҚШ-тың саясатын жуықтағы мазасыздықтардан саяси жағынан шеттеу деп ескеріп, есесіне Араб әлеміндегі Иран Ислам Республикасын осы аймақта келешектегі биліктің

негізгі жүргізушісі деп біледі. Ол осы мақалада Иран құдіретіне қатты алаңдаушылық білдіріп, АҚШ-қа дипломатиялық бөлімде өз саясатын өзгертуді тапсырады. Сондай-ақ сарапшы АҚШ-тың қауіп төніп отырған ұлттық мүдделерін жандандыра алады деген пікірде [6].

Халықаралық "Stratfor Commentary" сараптама орталығы 2013 жылы қаңтардың 16-сы күні «Екі жылдан соңғы «Араб көктемі» деген мақала жариялады. Онда Араб әлеміндегі халық толқулары болған бес елдің қазіргі жағдайына талдау жасалған. 2010 жылы 18 қаңтар күні араб елдерінде билікке қарсы көтерілістер басталды. Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) оны «Араб көктемі» деп атағаны әлем назарында.

"Stratfor Commentary" орталығының кейбір мақалалары Тунис президенті Зин әл-Әбидин Бен Әлидің елінен қашқанына екі жыл толғанын баяндаудан басталады. «Халықаралық БАҚ «Араб көктемі» деп аталған оқиға осы елден басталды. «Араб көктемі» – араб елдеріндегі бұқара халықтың сыбайлас жемқорлық жайлаған ескі режимге қарсы шығып, демократиялы, либералды ел болуға ұмтылуы. Қазір сол оқиғаларға шолу жасайтын сәт туды» деп жазады. Бұдан әрі қарай мақала «Барлық бас көтерулер революция емес, барлық революция демократиялық қоғамға ұмтылады деуге келмейді және демократияланудың бәрі либералдану дегенді де білдірмейді» деген ойлармен жалғасады. 2011 жылы 25 қарашада "Араб көктемінен" кейінгі сайлауда жеңіске жеткен Тунис исламшылары елде жеңістерін тойлады. Жалпы халықаралық ақпарат көздерінде Араб әлеміндегі толқулар жайлы сақтанып сөйлеу керектігін ескерткен "Stratfor Commentary": «Біздің сақтығымыз осы жоғарыда аталған тұжырымдар шекарасынан шықпайды» дейді. Яғни, мақалада америкалық саясаттанушы, аталмыш ұйымның негізін қалаушы Джордж Фридман былай дейді: «Әрине, араб әлемінде түрлену, көтеріліс болды. Кей жердегі шерулердің ауқымы теледидарда көрсеткеннен де асып түсті. Кей елдерде үкімет толқуды басып отырды. Кейбір жағдайда басшының өзі биліктен кетті, бірақ оның режимі сақталып қалды. Ливия сияқты елдерде ескі режим құлап, ешкім түсінбейтін аласапыран кезең басталды. Ал Египетте демократияның жаңа, сенімділеу түрі орнады. Бірақ Египеттегі демократиялық режимді либералды режиммен

шатастырмау керек. Египет демократиясына қазіргі кезде «Мұсылман бауырлар» ұйымы ықпал етіп отыр. Сондықтан елдегі режимді либералды дей алмаймыз. Бірақ «Араб көктемінің» келе жатқаны сол кезде-ақ анық болды».

«Араб көктемі» дегенде көп жағдайда Египеттегі саяси оқиғаларға баса мән беріледі. Себебі бұл мемлекет – араб елдерінің ішіндегі ең үлкені. Бірақ ондағы жағдайды дөп басып түсіндіру әлі күнге дейін мүмкін емес. Қуатты әскердің билікті қалай бере салғаны түсініксіз, «Мұсылман бауырлар» ұйымының либералды режимді қаншалықты қолдайтындықтары да белгісіз. Египеттегі оқиға адамды екіұшты ойға жетелейді. Көтерілісшілер не пайда тапты? Бұл елде не болғаны, болашақта қандай жағдай болатыны әлі күнге айқын емес» дейді мақала авторы. «Араб көктемі» кезінде шынымен көне режимді талқандаған ел деп Ливияны атауға болар. Бірақ оны тұтас халықтық көтеріліс деу де қиын, НАТО-ның ықпалы аз болған жоқ. НАТО «Муаммар Каддафи Бенгазидегі қарсыластарын бауыздамақ болғаны үшін араластық» деп ақталды» деп жазады "Stratfor Commentary".

«Бахрейндегі режим Сауд Арабиясының араласуымен аман қалды. Көтерілісшілердің билікті төңкеруге күші жетпеді. Йеменде президент Әли Абдулла Салех қарсыластарының талаптарына құлақ асып, биліктен бас тартты. Бірақ ел ішіндегі бұрынғы бей-берекет жағдай, қақтығыстар мен шиеленістер және ескі режимнің қағидалары өзгеріссіз қалды».

«Сирияда президенті Башар Асад режимінің қақтығыстан көз аспағанына бір жылдай болды, ол орнынан кетеді деген болжам да орындалмады. Асад биліктен кетпесе, Сириядағы саяси жағдай шиеленісті жағдайда қала беруі ғажап емес. Асад Сирияны да Ливан сияқты үкіметі әлсіз, ал әскери қуаты мықты ел жасап, өзі ең мықты әскери қолбасшыға айналуы ықтимал. Ондай жағдай туып жатса, Асадқа қарсыластарының қауқары жетпеуі мүмкін. Оның үстіне Асадтың қарсыластары либералды демократия құруға ниетті ме? Керісінше, Сириядағы топтар Асад режимін исламдық режиммен алмастырғысы келетін сияқты» деп жазады мақала авторы.

«Араб әлемінде болған өзгерістер мен түрленулер екі түрлі болды. Ливия мен Сирия сияқты елдерде жағдай ушығып, хаос орнады. Египет тәрізді мемлекеттер либерализмге

жетпейтін демократияны қанағат етті. Араб әлемі 1989 жылғы Шығыс Еуропаның күйін кешеді деген жорамал шындыққа айналмады. Бір қарағанда оқиғалар ұқсас көрінеді, бірақ ол – тек сыртқы ұқсастық» деп жазады "Stratfor Commentary". Мақаланың соңында саясаттанушы Фридманның «Бірақ осының бәрі «Араб көктемі» мақсатына жетпеді дегенді білдірмейді» деген сөзі берілген. Фридманның ойынша, «Араб көктемі» Батыс көзқарасымен қараған адамға мақсатына жетпегендей көрінуі мүмкін. Өйткені либерализм араб елдеріне бармады. Егер «Араб көктемінің» мақсаты либерализм болды деп ойласақ, әрине, ол бұл мақсатқа жеткен жоқ. Егер мәселеге либерализм тұрғысынан қарайтын болсақ, онда Бен Әлидің елінен қашуы да либералдық дамуға әкелген

жоқ, соғыс пен дағдарыс, хаостың бастамасы болып шығады» деген сарында аяқтаған [7].

Қорытынды. Халықаралық ақпарат көздерінде кейбір БАҚ құралдарының Таяу Шығыс пен араб әлемі елдеріндегі халықтық өзгерістерге қатысты көзқарастарына қысқаша шолулар өте көп. Осы көзқарастардан кейбір БАҚ құралдарының халықты бұрыс бейнелеуін жұрттың елемейтінін білуге болады. Олар өздерінің жылдар бойы үкіметтері тарапынан аяққа тапталған құқықтарына қол жеткізуге мүдделі. Ал Араб әлеміндегі қарапайым халықтардың наразылығы халықаралық БАҚ құралдарының у-шуы арасында өз жолын тауып, толық жеңіске жеткенше ілгері басуда, яғни бұл арабтардың пікірінше, Алланың уәдесі және тарихи үкім болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Васильев А. М. Восстание в Арабском мире: посе́вы и всхо́ды // журнал "Азия и Африка сегодня". – М., 2011. – № 6. – С. 3.
- 2 Samir Amin. Le monde arabe dans la longue durée: un printemps des peuples?, aux éditions Le Temps des Cerises, – Paris, 2011. – P. 216.
- 3 Robert Fisk. 'The Arab awakening began not in Tunisia this year, but in Lebanon in 2005', The Independent. 2011. <http://www.independent.co.uk/voices/commentators/fisk/robert-fisk-the-arab-awakening-began-not-in-tunisia-this-year-but-in-lebanon-in-2005-2268002.html>
- 4 Ghannam J. Social media in the Arab world: Leading up to the u prisings of 2011. Center for International Media Assistance, – Washington, 2011. – P.16.
- 5 Цирель С.В. Революции, волны революций и арабская весна. – М., 2011. – С.153.
- 6 Stephen Kinzer. Egypt Protests Show American Foreign-Policy Folly. Newspaper Newsweek. – New York, 28.01.2011.
- 7 www.stratfor.com Join Press The Arab spring matures. – Texas, 26.09.2012.

References

- 1 Vasil'ev A. M. Vosstanie v Arabskom mire: posevy i vshody // zhurnal Azija i Afrika segodnja. – М., 2011. № 6. – С. 3.
- 2 Samir Amin. Le monde arabe dans la longue durée: un printemps des peuples?, aux éditions Le Temps des Cerises, – Paris, 2011. – P. 216.
- 3 Robert Fisk. 'The Arab awakening began not in Tunisia this year, but in Lebanon in 2005', The Independent. 2011. <http://www.independent.co.uk/voices/commentators/fisk/robert-fisk-the-arab-awakening-began-not-in-tunisia-this-year-but-in-lebanon-in-2005-2268002.html>
- 4 Ghannam J. Social media in the Arab world: Leading up to the u prisings of 2011. Center for International Media Assistance, – Washington, 2011. – P.16.
- 5 Cirel' S.V. Revoljucii, volny revoljucij i arabskaja vesna. – Moskva, 2011. – S. 153.
- 6 Stephen Kinzer. Egypt Protests Show American Foreign-Policy Folly. Newspaper Newsweek. – New York, 28.01.2011.
- 7 www.stratfor.com Join Press The Arab spring matures. – Texas, 26.09.2012.

ӘОЖ 327.7

А.О. Каримсаков, К.Н. Макашева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: m.klara@mail.ru

«Араб көктемі» және оның Еуропалық Одақтың аймақтық стратегиясына ықпалы

2010 жылдың аяғында және 2011 жылдың басында Солтүстік Африка мемлекеттері Тунис, Египет, Ливияда басталған «араб көктемі» бүкіл Таяу Шығыс аймағына жайылды. Бұл революциялық толқындар 2011 жылдың ақпан айының соңына 22 араб мемлекетінің 19-ын қамтыды. Бұл аймақтағы елдер 2004 жылдан бастап Еуропалық Одақтың шығысқа кеңеюінен соң, көршілестік саясатының ауқымына кірген еді, ал 2008 жылдан бастап оның Жерорта теңізі үшін Одақ көліміндегі әріптестеріне айналған еді.

Мақалада ЕО-ның бастапқы кезеңдегі ұстамды жауапта болуының себептері, кейін ЕО-ның жаңа аймақтық стратегияны және тиісті тәсілдер мен құралдарды жасап шығарудың қажеттілігі қарастырылады. Жаңа аймақтық стратегияны жасап шығару тек қана саяси емес, сонымен қатар қаржылық-экономикалық қажеттіліктен шықты. Мақалада ЕО саммиттерінің қорытынды құжаттары басты назарға алынып, араб мемлекеттерімен жетілдірілген ынтымақтастық концепциясы баяндалған ЕО-ның ресми құжаттары қарастырылды.

Жалпы алғанда, ЕО өзінің бұрынғы саясатынан бас тартатындығын мәлімдеп отырған жоқ, ол аймақтағы өзгерістер мен осыған байланысты туындап жатқан жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, өз бағытын қайта жаңғыртқандығын көрсетіп отыр.

Түйін сөздер: «араб көктемі», революциялық төңкеріс, революциялық толқын, аймақтық саясат, аймақтық стратегия, әріптес мемлекеттермен ынтымақтастық.

А.О. Каримсаков, К.Н. Макашева

"Арабская весна" и ее влияние на региональную политику Европейского Союза

«Арабская весна», начавшаяся в конце 2010 г. и в начале 2011 г. в государствах Северной Африки, как Тунис, Египет, Ливия, распространилась почти на весь регион Ближнего Востока. К концу февраля 2011 года волнениями были охвачены 19 из 22 арабских государств. Страны региона стали адресатами Европейской политики соседства, иницизированной ЕС в 2004 году после его расширения в восточном направлении, а с 2008 года – его партнерами в Союзе для Средиземноморья.

В статье рассматриваются причины сдержанной реакции со стороны ЕС на начальном этапе, а затем необходимости выработки Евросоюзом новой региональной стратегии и соответствующих подходов и инструментов. Императив выработки новой региональной стратегии был не только политическим, но и финансово-экономическим.

В статье большое внимание уделяется итоговым документам саммитов, рассматривается официальный документ ЕС, в котором изложена модернизированная концепция сотрудничества с арабскими государствами.

В целом, ЕС декларирует не отказ от своей прежней политики, а показывает существенное обновление своего курса с учетом происходящих в регионе изменений и возникающих в этой связи новых возможностей.

Ключевые слова: «арабская весна», революционный переворот, революционная волна, региональная политика, региональная стратегия, сотрудничество со странами-партнерами.

А.О. Karimsakov, K.N. Makasheva

"The Arab spring" and its impact on the regional policy of the European Union

"Arab Spring", which began in late 2010 and early 2011 in North African countries as Tunisia, Egypt, and Libya has spread to almost the entire Middle East region. By the end of February 2011 riots were covered by 19 of the 22 Arab states. Countries in the region have become recipients of the European Neighborhood Policy of the EU initiated in 2004 after its expansion eastward, and since 2008 – its partners in the Union for the Mediterranean.

The article discusses the reasons of restrained reaction from the EU at the initial stage, and then the need to develop a new regional strategy for the European Union and relevant approaches and tools. Imperative to develop a new regional strategy was not only political, but also economic and financial.

The article focuses on large outcome documents of summits, considers the official document of the EU, which outlines a modernized concept of cooperation with Arab states.

In general, the EU declares not a rejection of its previous policy, but shows a significant update to its course, taking into account changes occurring in the region and arising in this new capacity.

Key words: «Arab spring», revolution, revolutionary wave, regional policy, regional strategy, cooperation with partner countries.

2010 жылдың аяғында және 2011 жылдың басында Тунистегі революциядан бастау алған «араб көктемі» Еуропалық Одақ үшін күтпеген жерден болды. 2010 жылы желтоқсанның аяғында болған революциялық төңкерістің нәтижесінде Тунистегі Бен Али режимінің құлауына себеп болған елдегі, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздық, жемқорлықтың жоғары деңгейде болуы, үкімет тарапынан оппозицияның басылып тасталуы сияқты мәселелер шамамен 350 миллион халықты құрайтын бүкіл аймақтағы араб елдеріндегі көтерілістердің өршуіне ықпалын тигізді. Бұл революциялық толқындар Египет, Йемен, Ливия, Сирияға жайылды. ЕО өз тарапынан бұл оқиғаларға уақтылы жауап бере алмауы оның бастапқы кезде-ақ нақты ұстаным қабылдай алмағандығынан көрінеді: көтеріліске шыққан халыққа қолдау көрсету ме әлде ресми билік өкілдерімен байланысты сақтап қалу ма? Осыған байланысты ЕО-ның әрекетсіздігіне өз ішінен сын айтылды. Алайда бұндай жағдайда тез арада бір жақты ұстанымды қабылдау мүмкін еместігін, біріншіден, жағдайдың белгісіздігімен, екіншіден, консенсустық шешімге келудің қиындығымен сипаттауға болады.

2011 жылы бірқатар үкіметтік емес ұйымдар, олардың ішінде Адам құқықтары бойынша еуро-жерорталық желі, адам құқықтары бойынша халықаралық федерация, шекарасыз репортерлар Тунистегі оқиғалардың дамуына байланысты өздерінің алаңдаушылықтарын білдірді. Олардың мәлімдемесінде ЕО бұл жағдайға қатысты өзінің тиісті жауабын қайтармады делінген және бұл ұйымды азаматтық тұрғындарға жасалған зорлық-зомбылықты әшкерелеуге шақырды. ЕО-ның ұстанымдылығы сынға алынды.

Еуропарламентте тунистік билік өкілдерінің әрекетін социалистер және «жасылдар» тобы қатаң сынға алды. Мысалы, Даниэль Кон-Бендит ЕО-ның тунистік реакцияға жауап қайтаруға дайын еместігі жайлы өкінішін

білдіріп, өзінің әріптестеріне қатысты біртұтас, жүйелі және нәтижелі сыртқы саясат жүргізе алмай отырғандығын көрсетті деп атап кеткен болатын [1].

2011 жылдың 31-қаңтарында ЕО-ның Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтті. Оңтүстік Жерортатеңізіндегі жағдайдың ушығуы мен қақтығыстардың күшеюін ескере отырып, күн тәртібінде басты назар аймақтық мәселеге аударылды. Билік ауысқаннан кейінгі Тунистегі жағдайды қарастыра келе, министрлер тунистік революцияның көрші елдерге, әсіресе Египетке тигізетін ықпалына көңіл бөлді. Сонымен бірге олар Тунис және Египет бойынша қабылданып жатқан шешімдер болашақ аймақтық саясаттың координаттарын қалыптастыратындығын және бұл шешімдер еуропалық тәсілдің моделі ретінде қабылданатындығын түсінді. Египет бойынша министрлік талқылаулар барысында ЕО-ның аймақтағы саясаты және оның қатысуын, соның ішінде Еуропалық көршілестік саясатты (ЕКС) қайта қарастыру жөніндегі талқылаулар жүре бастады. Кэтрин Эштон Кеңестің күн тәртібіне ЕКС-ты талқылауды кіргізетінін тұжырымдады [2]. Брюссельдің Тунистегі ресми билікке қарсы халық көтерілісіне деген түсініксіз ұстанымы Тунис халқының өз құқықтары мен демократиялық ұмтылыстары үшін бейбіт күресуін мойындаумен өзгерді.

Кенес өз қорытындыларында Тунистің демократиялық ұмтылыстарына ниеттес екендігін және оған тұрақты демократияны, заңның үстемдігін және демократиялық плюрализмді орнатуда қолдау көрсететіндігін растады. ЕО ауыспалы үкіметтің сәйкес шешімдеріне және оның өзіне алған міндеттеріне қолдау көрсететіндігін және олардың орындалуы керектігін білдірді.

Еуропарламенттегі сыни көңіл-күйлер ЕО-ның ішінде белсенді саяси лагердің күшеюіне алып келді. ЕО-ның жетекші бес елінің көшбасшылары (Германия, Франция,

Ұлыбритания, Италия және Испания) 4 ақпанда ЕО-ның саммиті қарсаңында Египетте жаңа үкіметті тез арада құруды бастау қажеттілігі айтылған бірлескен декларацияны жариялады. Нәтижесінде Еуропалық Кеңес (ЕК) осы бестіктің ізінше Египетті өтпелі үрдісті дереу бастауға шақырды, бірақ бұл сол кездегі басшылықтың кету керектігімен тікелей байланыстырылмады. Биліктің ауысу қажеттілігі жөніндегі жалпы түсінікке қарамастан, ГФР канцлері Ангела Меркельдің берген түсініктемесі бойынша ЕО Египеттің ішкі істеріне жататын мәселені шешуге ресми түрде араласа алмайды.

Ресейлік сарапшы Д. Даниловтың пікірінше, Тунис және Египеттегі оқиғалар ЕО-ның үш қағидатты қорытындыға келуіне алып келді [3]. Біріншіден, еуропалық реакция оқиға барысынан қалып бара жатқандығы белгілі болды. Ал ОСҚС-ның жаңа механизмдері мен құралдары тиімсіз екендігін көрсетті. Екіншіден, бұл революциялық толқын Тунис және Египет территорияларында тоқтап қалмайтындығы анық болды. Ол аймақтың басқа мемлекеттерінде де орын алуы әбден мүмкін еді. Үшіншіден, ЕО-ның көршілестік және жерортатеңіздік саясатының сәтсіздікке ұшырағандығы түсінікті болды.

Бұл қорытындылардың қиылысуы ЕО-ны жаңа аймақтық стратегияны және тиісті тәсілдер мен құралдарды жасап шығару қажеттілігіне алып келді. Бұған түрткі болған негізгі себептерге аймақтағы қауіптің көлемділігін, оқиғалар динамикасының және өзгерістердің үдемелілігін, тұрақсыздықтың күшеюін жатқызуға болады. Бұған қоса тиімсіз тәсілдер мен ескірген құралдарды қолданудың мүмкін еместігі өз септігін тигізді. Жаңа аймақтық стратегияны жасап шығару тек қана саяси емес, сонымен қатар қаржылық-экономикалық қажеттіліктен шықты. Өйткені ЕО мемлекеттерінің сәтсіздікке ұшыраған саясаттың мақсаттары мен құралдарына қаржы бөлуді жалғастыруға келісім берулері күмән тудырушы еді.

2011 жылдың ақпан айының басында ЕК жаңа аймақтық стратегияны жасап шығаруға бастама жасады. Араб-жерортатеңіздік аймағындағы өтпелі және трансформациялық үрдістерге қолдау жасауға бағытталған шаралар пакетін жасау К. Эштонға тапсырылды. Саммитте ЕО тарапынан көрсетілетін көмектің басымды бағыттары анықталды. Оларға демократиялық институттардың нығаюы, демократиялық

басқаруды және әлеуметтік әділеттілікпен қамтамасыз ету, еркін және әділетті сайлауларды дайындау кірді. ЕО-ның жетекші елдері осы мақсаттарға сәйкес ЕКС-ты және гуманитарлық көмек көрсету үшін құралдарды бейімдеу керектігін мойындады. Қорытынды құжатта еуропалық елдер алғаш рет шарттылық қағидатын белгіледі. Бұл қағидат ЕО-ның әріптес-елдерге көрсететін көмек пен олар тарапынан жасалатын саяси және экономикалық реформалар өзара байланысты екендігін білдіреді. Бұл қағидат құжатта былай көрініс тапқан: «Еуропалық кеңес саяси және экономикалық реформалар бағытын ұстанатын елдерге тиімді көмек көрсетуді өз ішіне қосатын жаңа әріптестікті құру жолын ұстанады» [4].

8 наурызда Еуропалық Комиссия және ЕО-ның Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша жоғары өкілінің аппараты тарапынан дайындалған араб мемлекеттерімен ынтымақтастықтың жетілдірілген концепциясы көрсетілген ЕО-ның алғашқы ресми құжаты жарық көрді. Ол «Демократия және бірлесіп өркендеу үшін Оңтүстік Жерортатеңізімен әріптестік» деп аталды [5]. Бұл құжатты журналисттерге таныстыру барысында Баррозу былай мәлімдеді: «ЕО біздің көршілерімізбен қатынастарда алға сапалы серпіліс жасау керек. Олар саяси және экономикалық реформалар жолымен жүруді қалап отыр және қабілетті» [6]. Ұсынылған концепцияны толығымен жаңа деуге болмайды, өйткені ол өзгермейтін негізгі құндылықтарға және еуропалық басымдылықтарға негізделген ЕО саясатының бірізділігін көрсетеді. Құжатта ЕО аймақтағы өзгерістерді және осыған байланысты жаңа мүмкіндіктерді ескеретін өзінің бағытының жаңартылғандығын мәлімдейді. Оған жедел және ортамерзімді сипаттағы нақты шаралар кірген. Басымды мақсаттардың бірі ретінде аймақтағы демократияны дамыту болғандықтан, жаңа стратегияның бірінші элементі демократиялық трансформацияға және демократиялық институттардың қалыптасуына қолдау көрсету болып табылады. Бұл қолдау бостандық, конституциялық және құқықтық реформалар және жемқорлықпен күресуге басты назар аударады. Екінші негізгі элемент әріптестікті халықтар арасындағы өзара әрекеттестікті, әсіресе азаматтық қоғамға қолдау көрсету түрінде мемлекеттік шеңберден

шығару болып табылады. Концепцияда бірқатар араб мемлекеттеріндегі толқулар экономикалық мәселелермен, ұлттық байлықты бөлудегі үйлеспеушіліктермен, жұмыс орындарының жетіспеушілігімен, оқу жүйесінің және кәсіби дайындықтың әлсіздігімен байланыстырылады. Осыдан шыға келе үшінші негізгі элемент экономикалық даму және жұмыс орындарын құру болып табылады. Бұл мәселеге қатысты концепцияда ЕО-ның әріптес-мемлекеттермен өзара әрекеттесудің кең саласы қамтылған, оның ішінде шағын және орта бизнеске, оқу және денсаулық сақтау жүйесін реформалауға қолдау көрсету, кедей аймақтарды дамыту қарастырылған. Сонымен қатар Оңтүстік Жерортатеңізі мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытуға бөлінетін қаржылық құралдардың біршама ұлғайтылатындығы айтылған.

11 наурызда ЕО-ның кезектен тыс өткен саммитінде Оңтүстік Жерорта теңізі мемлекеттерімен ынтымақтастықтың жаңа концепциясын қолдайтын декларацияны қабылдады. ЕК-ның шешіміне түсінік бере келе, оның төрағасы Херман Ван Ромпей ЕО-ның жаңа бағытын анықтайтын ескертпе жасады. Ол Тунис, Египет және Ливиядағы көтерілістер фундаментализмге ешқандай қатысы жоқ деп мәлімдеді [7].

Саммиттің қорытынды құжатында әріптестік әлдеқайда терең экономикалық интеграция, нарықтарға шығу мүмкіндігінің кеңдігі және саяси ынтымақтастық негізінде қалыптасу керектігі айтылған [8]. Сондықтан ЕО-ның сараланған тәсілі көмек көрсету бағдарламасының көлемін шектеуді емес, керісінше әріптес-мемлекеттермен ынтымақтастық көлемін жоспарлы түрде ұлғайтуды білдіреді. Жаңа стратегияда Еуропарламенттің Еуропалық инвестициялық банктің несиесі сомасын 1 млрд. еуроға көтеру ұсынысына қолдау көрсетілген. Бір мезгілде Комиссия Еуропалық қайта құру және даму банкінің қызметін Оңтүстік Жерортатеңізіне тарту бастамасына қолдау көрсетті. Бұл банктің қосымша 1 млрд. еуро көлемінде қаржы бөле алатындығы көрсетілді [9].

ЕО-ның жерортатеңіздік саясаты ЕКС-тың негізінде құрылған еді. Сондықтан ЕО-ның Оңтүстік аймақтағы мемлекеттермен ынтымақтастығы көршілестік саясаттың қағидалары негізінде құрылған. Оңтүстік ынтымақтастық жүйесіне өзгерістер енгізу ЕКС-ны түгелдей қайта құруды қажет етті. Жерорта теңізі үшін

одақ моделінің күйреуі ЕКС мақсаттары мен құралдарының сәйкестік мәселесі туындады. Еуропарламенттің 2011 жылғы көктемгі сессиясында ЕКС жайлы тиянақты пікірсайыс өтті. Онда оңтүстік өлшем бойынша қабылданған резолюция көршілестік саясаттың тиімсіз екендігін қорытты. Еуропарламент Еуропалық Комиссияға ЕКС-ны реформалауды, соның ішінде ЕО-ның көмегін демократияны дамыту, адам құқықтарын қорғау, әріптестікті тек қана мемлекеттермен емес, сонымен қатар азаматтық қоғамдармен де дамытумен ұштастыруды ұсынды [10]. Яғни көршілестік саясат құндылыққа бағытталған болуы керектігі меңзелген.

Бұндай ұсынысты ескеретін құжат 27 мамырда ОСҚС бойынша жоғары өкіл және Еуропалық Комиссия тарапынан жасалып Кеңеске ұсынылды. Ол «Жаңа амбициялық Еуропалық көршілестік саясат» деп аталды [11]. Пресс-конференцияда Кэтрин Эштон және еурокомиссар Штефан Фюле құжатты таныстыра келе, жаңа бастаманың мәні ЕО тәсілін реформалауға бағытталған көбірек қаржыландыру арқылы ЕКС-қа өзгеріс енгізуде екендігін айтып өтті [10]. 2011-2013 жылдарға арналған ЕКС үшін бөлінген 5,7 млрд. еуроға қосымша 1,24 млрд. еуро қаржы бөлу қарастырылды. Бұған қоса бұл кезеңге Еуропалық инвестициялық банк ЕКС мақсаттарына 1 млрд. еуро көлемінде несиелер бөлуді шешті. Ал Еуропалық қайта құру және даму банкі ЕКС-ның әріптес-мемлекеттеріне аталған кезеңде жылдық несиелерді 2,5 млрд. еуроға дейін жоғарылатуға дайын екендігін білдірді.

Жаңа ЕКС-ның мазмұнына келетін болсақ, бірінші басымдылық үзілді-кесілді түрде жазылған қоғамдармен ынтымақтастықтың маңыздылығының артуымен терең және берік демократияны құруға қолдау жасау. Екінші басымдылық «тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуға» қолдау көрсету болып қала берді. Бірақ бұл саладағы ЕО-ның әрекет ету бағыттары біршама кеңейтілді және нақтыланды. Осыған байланысты ЕО жеке қажеттіліктер мен басымдықтарды қажетті есепке алу үшін әрбір елді саралап отырады. Сонымен бірге ЕО өзінің көмегін үш М-ге бағыттайды – money, mobility and markets – яғни ақша, мобильділік және нарықтар [12].

2011 жылдың 26 қыркүйегінде Комиссия Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдеріне арналған демократия, экономикалық өсім, жұмыспен қамтылу, микроқаржы, білім салаларын қолдауға бағытталған қосымша төрт бағдарламаны бекітті.

ЕО тәсілінің маңызды айырмашылығы шарттылық қағидаты болды. «Демократия және бірлесіп өркендеу үшін әріптестік» тек қана «ортақ құндылықтардың бірлескен бейімділігіне» емес, сонымен қатар «демократия, адам құқықтары, әлеуметтік әділеттілік, тиісті басқару мен заңның үстемдік құруы» салаларында «нақты ілгерілеуге сүйене отырып құрылу керек». Мәселенің осылай қойылуына байланысты әріптестік сараланған тәсілге негізделетіндігі атап өтілген. «ЕО осындай бірлескен күн тәртібі бойынша жұмыс істеуге дайын елдерге үлкен қолдау көрсетуге, сонымен қатар бұл бағыттан шыққан жағдайда қолдауды қайта қарастыруға дайын болуы керек» [13]. Бұндай екіпін ЕО-ның әріптес мемлекеттерге қатысты саяси тәжірибесін өзгерту керек деп танылды. ЕО-ның аймақтағы елдермен әріптестігінің негізгі өлшемі сол елдерде салыстырмалы тұрақтылықты қамтамасыз ету және қауіпсіздікті нығайту болды. Оның ішіне екіжақты саяси-дипломатиялық қатынастар кешенінің болжамдылығы мен басқарушылығы кірді.

2008 жылы шілде айында Жерорта теңізі үшін одақты бекіткен Париж саммитінің декларациясында 43 қатысушы мемлекет Жерорта теңізін бейбітшілік, демократия, ынтымақтастық және өркендеу кеңістігіне айналдыруға талпынатындықтарын мәлімдеген еді. Одақтың стратегиялық мақсатына арналған бөлімде 8 бөлімнің алтыншысында ғана демократиялық бағдарлар жайында айтылған. Онда былай жазылған: «қатысушылар демократия және саяси плюрализмді нығайтуда, демократиялық қағидалар, адам құқықтары және негізгі еркіндіктерді толық сақтауға негізделген ортақ болашаққа күресуде өздерінің батылдықтарын білдіреді» [14]. Алайда бұл мәлімдеме ЕО-ның іс жүзінде әріптес-мемлекеттердің демократиялық трансформациясы мәселесін басымдылыққа шығаратындығын білдірді деп айтуға болмайды. ЕО-ның араб елдерімен демократиялық құндылықтарға қатысты өзара әрекеттесуді өлшемге сала алмағандығына декларацияның

2-ші пункті дәлел бола алады. Онда әріптес елдер үшін маңызды нақтылау көрсетілген – саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар және жаңғырту теңдік және дербестікті өзара қадірлеу негізінде жүзеге асуы тиіс.

Араб елдерінің ЕКС-на қатысуына байланысты құжаттарда Брюссельдің бенефициар мемлекеттерде демократияның жетіспеушілігіне қатысты сабырлы ұстанымда болғандығын байқауға болады, бірақ мәселелердің бар екендігі айтылмай қалмады. Мысалы, 2010 жылы ЕКС шеңберінде президент Бен Алидің кезекті қайта сайлануына байланысты Тунистің ілгерілеуі жөніндегі есепте плюрализм және сайлау құқықтарына бөгеттер бар екендігі атап өтілген. Алайда бұл ЕО үшін Туниспен ынтымақтастықты сыни түзетуге негіз бола алмады. Брюссель, керісінше, мәселелік салаларда және жалпылай ынтымақтастықты нығайту керек деп шешті. Бұған 2011-2013 жылдарға Туниске арналған Ұлттық индикативті бағдарлама дәлел бола алады. Бағдарлама бұл елмен күшейтілген әріптестікті қалыптастыруды бастауды қарастырды [15].

Алайда бұл бағдарлама жүзеге аспай қалды. Президент Бен Али елден қашпастан бір апта бұрын Еуропарламентте өткен пікірталас кезінде француз сыртқы істер министрі тунистік үкіметке тәртіпсіздікпен күресу үшін полицейлік құрамалар түрінде көмек ұсынған болатын, алайда Еурокомиссия бұл ұсынысқа еш мән бермеді.

Сонымен, Брюссельдің бағдарламалары қаржылық-экономикалық және моральдық-саяси тұрғыдан да ауыртпалықты арттырды, ал қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу күрделене берді. Бұл тұрғыда араб көктемі ЕО-ның аймақтағы елдермен қатынастардың қалыптасқан механизмдерін күйретіп қана қоймай, бұрынғы тәжірибеден бас тартуға мүмкіндік туғызды. Сонымен бірге ЕО терең трансформациялық үрдістердің бейнесі болып табылатын оқиғалардың таралу көлемінен және олар тек қана сол аймақ елдеріне емес, сонымен қатар басқа әлем елдеріне, соның ішінде ЕО-ға ұзақмерзімді сипатта ықпал ететіндігінен әрекет етеді.

Оңтүстік Жерортатеңізімен әріптестік ЕО-ның аймақтағы өзінің дәстүрлі саясатының тиімсіздігін еңсеру болып табылды. Одан

шығудың бірден-бір жолы – белсенді тәсілді қалыптастыру. ЕО аймақтағы трансформациялық үрдістерге қатысты барлық қауіп-қатерлерді, белгісіздіктерді, қиындықтарды түсіне отырып,

өзі ұстанатын қағидалар мен құндылықтарға ұмтылуды қолдайтын айқын стратегиялық таңдау жасау керек. Осы себептерге байланысты ЕО селқос бақылаушы болмауы керек.

Әдебиеттер

- 1 Cohn-Bendit Daniel. Tunisie: Trop, c'est trop! // Communiqué de presse. – 2011, 12 января. – URL: <<http://www.cohn-bendit.eu/fr/ct/77>> Accessed: 10/02/2014
- 2 Written Ministerial Statements. Column 47 WS. Brussels. – 2011, 3 February. URL: <<http://www.publications.parliament.uk/pa/cm201011/cmhansrd/cm110203/wmstext/110203m0001.htm#11020324000155>> Accessed: 10/02/2014
- 3 Danilov. D. Evropeiski Soiuz v poiske otvetov na vyzovy arabskoi vesny // Indeks bezopasnosti. – 2011. – № 3–4 (102–103), – P. 112
- 4 European Council. 4 February 2011. Conclusions. Brussels. 2011. 8 March // Official Journal of the European Council (Nr: EUCO 2/1/11). – 2011, 8 March. URL: <https://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms_data/docs/pressdata/en/ec/119175.pdf>
- 5 A Partnership for Democracy and Shared Prosperity with the Southern Mediterranean. Joint communication to the European Council, the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions // Official Journal of the European Communities, Brussels, COM (2011) 200 final. – 2011, 8 March. URL: <http://eeas.europa.eu/euromed/docs/com2011_200_en.pdf>
- 6 EU Commission launches ambitious Partnership for Democracy and Shared Prosperity with the Southern Mediterranean. Official Journal of the European Commission, Brussels, (IP/11/268. 2011) 8 March. URL: <http://europa.eu/rapid/press-release_IP-11-268_en.htm>
- 7 Remarks by President Herman VAN ROMPUY at the press conference following the extraordinary European Council on EU Southern Neighborhood and Libya // Official Journal of the European Council, Brussels (PCE 065/11) P. 2 – 2011, 11 March. URL: <http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms_data/docs/pressdata/en/ec/119805.pdf>
- 8 Extraordinary European Council. 11 March 2011. Declaration // Official Journal of the European Council, Brussels (EUCO 7/1/11), REV 1. CO EUR 5, CONCL 2, P. 5. – 2011, 20 April. URL: <https://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms_data/docs/pressdata/en/ec/119780.pdf>
- 9 A Partnership for Democracy and Shared Prosperity. P. 8 // Joint communication to the European Council, the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions // Official Journal of the European Communities, Brussels, COM (2011) 200 final. – 2011, 8 March. URL: <http://eeas.europa.eu/euromed/docs/com2011_200_en.pdf>
- 10 A new response to a changing Neighborhood. Joint communication to the European Council, the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions. Official Journal of the European Communities, Brussels COM (2011) 303 final. – 2011, 25 May. URL: <<http://www.ub.edu/searchproject/wp-content/uploads/2013/01/WP-2.1.pdf>>
- 11 Evropeiski Soiuz: Fakty i Kommentari // Assotsiatsia evropeiskih issledovani. – Vyp. 63–64: yanvar’–iun’ 2011 y. – Moskva: 2011. – P. 49
- 12 The EU's response to the «Arab Spring» // Official Journal of the EU COM (2011)303. MEMO/11/918. – 2011, 12 December.
- 13 A Partnership for Democracy and Shared Prosperity. P. 5 // Official Journal of the EU, Brussels, COM (2011) 200 final. – 2011, 8 March. URL: <http://eeas.europa.eu/euromed/docs/com2011_200_en.pdf>
- 14 Declaration commune du sommet de Paris pour la Meditterane. Paris. 13 juillet 2008. P. 9. // Official Journal of the EU, Brussels, URL: <http://www.euromedrights.org/files/documents/Recom_presidence_su_doise_FR_193621893.pdf>
- 15 Tunisie. Programme Indicatif National. 2011–2013. URL: <http://ec.europa.eu/world/enp/pdf/country/2011_enpi_nip_tunisia_fr.pdf>

ӘОЖ 327(620)

А.Р. Әліпбаев*, Б.З. Бюжеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail:aman19@mail.ru

Мысырдағы 2010-2011 жылдардағы саяси дағдарыс: қысқаша сараптама

Бұл мақалада 2010-2011 жылдардағы Мысырдағы саяси дағдарыстың негізгі себептері қарастырылған. Өйткені 2010 жылғы қарашадағы парламенттік сайлау көрсеткендей, елде еркін және әділ сайлауды күту мүмкін емес еді. Жалпы заңбұзушылық, алдап-арбау мен зорлық-зомбылықтың нәтижесінде билік партиясы толыққанды жеке үстемдікке ие болды. Мақалада, сонымен бірге авторитарлы билікке, төменгі деңгейде өмір сүруге қарсы басталған 2011 жылдың қаңтарындағы толқулар баяндалады. Жұмысшы ереуілдері кезінде президенттің бұйрығымен үкіметтің қауіпсіздік органдары халықты басу мақсатында қалай аяусыз жазалағаны да қарастырылады.

Мақала соңында қысқаша түрде қақтығысқа қатысушы әр тараптың қажеттілігі, мүдделері мен ұстанымдары сарапталады. Қорытынды ретінде тағы да бірқатар дағдарыстың себептері көрсетіледі. Өйткені олардың кейбіреуінсіз мысырлық революцияның да кең етек алуы мүмкін емес еді.

Түйін сөздер: саясат, ислам, араб, қақтығыс, оппозиция, революция, партия.

А.Р. Алипбаев, Б.З. Бюжеева

Политический кризис в 2010-2011 годах в Египте: краткий анализ

В данной статье рассматриваются основные причины политического кризиса 2010-2011 года в Египте. Парламентские выборы в ноябре 2010 года показали, что свободных и справедливых выборов ждать не предвиделось, так как массовые нарушения, обман и насилие в результате привели к почти полной монополии правящей партии. В статье также описываются протесты против авторитарного правления, низких стандартов жизни в январе 2011 года, и как во время рабочих забастовок полиция, которая действовала по приказу президента, применяла жестокие меры.

В заключение кратко анализируются потребности, интересы и позиции участников конфликта. Упомянем в заключение и еще несколько факторов, без наличия которых Египетская революция могла и не произойти.

Ключевые слова: политика, ислам, араб, конфликт, оппозиция, революция, партия.

A. Alipbayev, B. Buyzheeva

Political crisis in 2010-2011 in Egypt: short analysis

In this article it is considered the main reasons for political crisis of 2010-2011 in Egypt. As Parliamentary elections in November, 2010 showed that to wait for free and fair elections wasn't expected as mass violations, deception and violence as a result led to almost full monopoly of ruling party. In article also it is described protests against authoritative board, low standards of life in January, 2011 and as during working strikes the police which worked by order of the president, applied cruel measures.

In summary it is briefly analyzed requirements, interests and positions of participants of the conflict. We will mention in the conclusion and some more factors, without presence of some of which the Egyptian revolution could not happen.

Key words: policy, Islam, Arab, conflict, opposition, revolution, party.

XXI ғасырдың басындағы араб елдеріндегі саяси қақтығыстар өзіне бүкіл әлемнің назарын аударды. Бүгінгі күні араб әлеміндегі қақтығыстардың шығу себептері мен салдарын,

олардың шешілу жолдарын айқындау заман талабы болып табылады. Әрине, ең алдымен, осы қақтығыстардың шығуына не себеп болды деген сауал әр елді, ел билігін мазаландыруға

тиіс деп ойлаймыз. Өйткені қарапайым халық ешқашан билікпен шиеленісті қаламайды. Елдің әр азаматының арманы саяси тұрақты елде өмір сүріп, бақытты ғұмыр кешу. Олай болса, олардың бақытты ғұмыр кешуіне не кедергі болуда? Араб елдеріндегі революциялық қозғалыстың тууын, өрістеуін, ауқымын, қарқынын, барысы мен болып жатқан оқиғалардың салдарын бірқатар елдің билігі жан-жақты айқындап бағалай алмады. Соның нәтижесінде кейбір елдерде үкімет пен халық арасындағы шиеленісті жағдайдың алдын алу үшін нақтылы іс-шаралар жасалмады.

Сол кездегі Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста көктем кезінде белсенді сипат алған наразылық қазіргі ғылыми айналымда, саяси ортада «араб көктемі» деп аталуда. Алғашында, Тунисте басталып, одан Мысырда жалғасқан саяси дағдарыстардың нәтижесіндегі толқулар араб елдерін кезек-кезек шарпыды. Бірінде үкіметке қарсылық-наразылық, шеру түрінде өтсе, келесілерінде үздіксіз бас көтеруге, қарулы қақтығысқа, соңында соғысқа ұласты. Араб әлемін шарпыған бас көтерулердің бәрінде, ең алдымен, ұлттық көш басшыларының саяси биліктен кетуін талап еткені белгілі.

Жалпы араб елдерін қамтыған бүліктің себептері де әртүрлі. Осы орайда, Мысырдағы саяси ахуалды талдау нәтижесінде елдегі қақтығыстың шығуының басты себебі неде екендігін айқындауға талпынайық. Әрине, көпшілік, ең алдымен, оның себебі Мысырдағы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай деп шешіп тастаған еді. Дегенмен, халықтың басым бөлігін қамтитын қақтығыстарға өте маңызды себептер қажет екендігі айқын.

1981 жылы билік басына Хосни Мұбарак келді. Билікке келгеннен бергі отыз жылға таяу уақытта өзіне шексіз билік беретін төтенше заңдардың негізінде елді басқарып келді [1]. Іс жүзінде Мысыр президенті бүкіл үкіметке бақылау жасады. Соңғы жиырма жыл ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы әлдеқайда ілгері болды. Тек соңғы әлемдік дағдарыс мысырлықтарға да қатты тиді. Ал елбасы әбден еті үйреніп қалған билікті қолдан шығармау мақсатында кең көлемдегі құзыретпен қамтамасыз етілген орасан зор құпия полицияны, барлау мекемелерін пайдаланды. Бұл мекемелер өздерінің жауыздық әдіс-тәсілдерімен белгілі болды. Мысыр үкіметі жиналыс еркіндігін шектеу мақсатында Төтенше жағдайлар туралы

заңдарды кеңінен қолданып отырды. Сонымен бірге елде саяси партиялар мен бейүкіметтік ұйымдардың тізімделуі мен қызметін де шектейтін көптеген заңнамалар жеткілікті еді. Халық еркіндігіне қарсы бағытталған мұндай саясат өз кезегінде ел ішіндегі саяси-әлеуметтік дүрбелеңнің белең алуына әсер еткені айқын.

Жалпы араб елдерінің барлығына тән соңғы жылдары айқын байқала бастаған ішкі факторға назар аударған жөн сияқты. Аталған ішкі фактор қатарында Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада азаматтық қоғамның қалыптаса бастауы. Шетелдерде білім алған жастар да елдің даму үдерісіне басқаша қарады. Ел билігіндегі харизматикалалық лидерлер билігіне мойынсұнған, дәстүрлі тәрбие негізінде қалыптасқан ұрпақтың орнына, жаңа, білімді, әлемдік ақпаратпен жете таныс, танымдық көзқарастары өзгеше авторитарлы тәртіптің барлық билікті өз қолына шоғырландыруына келісе қоймайтын жаңа ұрпақ келді. Бұл жаңа ұрпақ өкілдері өздерін биліктің боданы ретінде емес, өз елінің азаматы ретінде көрсеткілері келді. Ұзақ жылдар бойы мемлекет билігін өз қолдарына ұстап отырған «Ұлт әкелері» ақылдылығына үміт артып емес, ел ісіне араласып саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешудің жолдарын іздеді.

Сол ретте Мысырда да шетелдерде білім алғандар ғана емес, ел ішіндегілер де түбегейлі өзгерістің болуын, ал белсенді бөлігі биліктің ауысуын қалады. Ел ішіндегі келеңсіздіктер мен саяси-экономикалық дағдарысқа билікті кінәлі санады. Барлық мемлекеттердегі жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі де билікке қарсы наразылықты күшейтті.

Өйткені биліктегі Халықтық-демократиялық партия 2003 жылдан бастап елдегі кез келген еркін ойды басып жаншиды, әсіресе мұсылманбауырларға қатысты өте қатаң саясат ұстайды. Әртүрлі мәліметтер бойынша соңғы кезде елде саяси тұтқындар саны он мыңға жеткен.

2004 жылы президент Хосни Мұбарактың билігіне көңілі толмағандардың саны халық арасында арта түседі. Әсіресе ел ішінде президенттің билікті мұрагерлікпен беруді жоспарлауда деген ақпараттар, сонымен бірге азаматтық және саяси құқықтарды тежеп келген сонау 1981 жылдан бергі төтенше жағдайлар туралы заңнамалар әлі қаралу деңгейінде қалуы елді ашындыра түсті.

Ал 2006 жылдан бастап елдегі баспасөзді шектеу үрдісі кең етек алады. Мысырдағы тоқырауға қатысты, үкімет саясатының кемшіліктеріне байланысты көптеген мақалалар мен кітаптар жазылған еді. Елден кету үрдісі де жылдан-жылға арта түсті. Әсіресе 20-30 жас арасындағы білімді жастар өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында Парсы шығанағы елдеріне көптеп ауа бастайды. 2007 жылғы өмір сүру деңгейлеріне қатысты зерттеулердің нәтижесі бойынша Мысыр тұрғындарының жартысына жуығы кедейшілік халге душар болады. Бұл елдегі шиеленушілікті ұлғайта түсті. 2007жылғы 7 маусымдағы жастардың толқуы полициямен қақтығысқа әкелді. Соның нәтижесінде шеруге қатысқан 15 адам қаза болды. Мыңдаған шерушілер ғимараттарды қиратып, дүкендерді тонады. Ел президенті Хосни Мұбарактың ілінген суреттерін жұлып алып, жыртты. 2008 жылдың 6 сәуірінде Мысырда алғаш рет онлайн жүйесінде кең көлемдегі азаматтардың оппозициясын ұйымдастыра алды. Өйткені Мысырда 20 млн-нан астам интернет пайдаланушылар болса, 42 млн адам ұялы телефонға ие [2]. Бұл жалпы Африка құрлығындағы саны жағынан алдыңғы қатарды көрсетеді. Ал олардың басым бөлігі өз өмірінде Мұбарактан басқа президентті көрмеген жастар еді. Осы сәттен бастап 6 сәуір бүкіл ел көлемінде әлеуметтік және саяси топтардың басын қосқан ұлттық еркін ой күніне айналған болатын.

2010 жылы маусымда студент Khaled Saeid мысырлық полицейлердің зорлық-зомбылығының салдарынан қаза болды. Бұл бүкіл ел көлемінде қара киінген мыңдаған жастардың наразылығын тудырды. Бірнеше апта ішінде ұлттық және халықаралық БАҚ жас азаматтың билікке кедергі болғандығын жариялады. Қоғамдық қысымның нәтижесінде билік кінәлі полиция қызметкерлерін айыптаған болды.

Ал 2010 жылғы қарашадағы парламенттік сайлау елде еркін және әділ сайлаудың болуы мүмкін еместігін көрсетті. Өйткені сайлау ережелерінің бұзылуы, алдау мен зорлық-зомбылықтың нәтижесінде билік партиясы толық үстемдікке ие болды. Бұл оппозицияның топтасуына түрткі болды. Al-Gabha либералды партиясы мен әл-Барадеи бірлестігі басынан бастап сайлауға қарсы тұрды, кейіннен оларға 5 желтоқсандағы екінші дауыс беруге қарсы шыққан әл-Вафд либералды партиясы мен

Мұсылман бауырлар қосылды. Осының салдарынан биліктегі Ұлттық-демократиялық партиясы парламенттік сайлаудағы орынның 83 пайызына ие болды. Оппозиция мен құқыққорғау топтары сайлау нәтижелерін жоюға шақырды. Елдегі саяси ахуал тіпті шиеленісе түсті. Сонымен бірге тунистік көтерілістермен шабыттанған мысырлықтар өмір сүру деңгейіне наразылығын білдіру мақсатында 2011 жылдың 25 қаңтарында авторитарлы билікке қарсы шықты. Бұл толқуды басу мақсатында үкіметтің қауіпсіздік органдары халықты аяусыз жазалады, соның салдарынан 135 адам қаза болып, 2000-нан астам адам жараланды [3].

Келесі күні бүкіл ел көлемінде ондаған мың адам қарсылық көрсетті. Әсіресе Суэц, Александрия және Каирде өткен қақтығыс соңы аса кең көлемдегі наразылық шарасына ұласты. Соның нәтижесінде 2011 жылдың 29 қаңтарында президент Мұбарак үкіметті қызметтен босатуға мәжбүр болды, бірақ көтерілісшілер Мұбарактың қызметтен кетуін талап етті. Саяси жағдайдың ушыға түсуіне байланысты 1 ақпанда халыққа жедел түрде Хосни Мұбарак 2011 жылдың күзіне белгіленген келесі президенттік сайлауға да қатыспайтындығын жариялады. Сонымен бірге мемлекет басшысы президенттікке үміткерлерді ұсыну, сайлау үрдісі мен президенттің өкілеттілігінің мерзіміне қатысты Конституцияның 76 және 77-баптарына оң түзетулер енгізу туралы да мәлімдеме жасады.

10 ақпанда Мұбарак президенттік өкілеттіліктің бір бөлігін вице-президент Омар Сүлейманға тапсырды. 18 күнге созылған жалпы халықтық көтерілістің нәтижесінде 11 ақпанда Хосни Мұбарак президенттік қызметтен кетті. Осы қақтығыс барысында 365 қарапайым азамат, 32 полиция қызметкері қаза болып, 5500-дей азамат пен 1000-ға жуық полиция қызметкерлері жарақаттанды [4].

Жоғары Әскери Кеңес президенттік және парламенттік сайлау өткенге дейін елдегі билікті қолға алған болатын.

Біз алғашқы мысырлық саяси дағдарыстың қалай өрбігендігін қысқаша ғана қарастырдық. Енді осыған нақтылы сараптама жасап көрейік. Яғни, ең алдымен, Мысырдағы осы қақтығыстағы зорлық-зомбылық белгілерін айқындайық.

Тікелей зомбылық – билікке қарсы шыққан дүрбелеңді басу кезінде айқын байқалды.

Жұмысшылардың ереуілге шыққан кездерінде президенттің тікелей бұйрығымен әрекет еткен полиция өте қатыгездік танытты. Осы зорлық-зомбылықтың айқын мысалы ретінде полицияның студентті өлтіруін айтуға болады.

Құрылымдық зомбылық – бұл көзге айқын байқала қоймайтын мемлекет тарапынан заңнамалық жағдайлармен жасалынған зорлық-зомбылығы. Яғни, Мысыр халқы өздерінің құқықтары мен еркіндіктерін толық пайдалана алмайды, өйткені тұрғындардың қалыпты өмір сүруін реттейтін және қамтамасыз ететін заңнамалық негіздер толыққанды жасалынбаған. Мемлекеттің қалыптастырған жағдайында соңғы кезде халықты кедейшілік, жұмыссыздық, аштық жайлаған.

Бұл зорлық-зомбылық нысаны бойынша – саяси, экономикалық санатқа жатады. Ал зорлық-зомбылық саналы түрде жасалуда. Бақылау деңгейі бойынша – бұл заңсыз зорлық-зомбылық.

Сонымен бірге қақтығыстардағы тараптарды айқындайтын болсақ:

1. Мемлекеттік институттар: Хосни Мұбарак басқарған Мысыр үкіметі, оған бағынышты қауіпсіздік мекемелері, құпия полиция мен барлау қызметтері.

2. Әртүрлі саяси ұйымдардан тұратын оппозиция: партиялар мен қозғалыстар. Олардың қатарында «Жетер» қоғамдық-саяси қозғалысы, Мохамед әл-Барадеи және оның «Өзгерістер үшін ұлттық бірлестігі», Al Wafd және Al Gabha, Мұсылман-бауырлар, Соттар клубы сияқты либералды партиялар.

3. Наразы бұқара халық, тәуелсіз БАҚ.

4. Үшінші тараптар: АҚШ және т.б. деп бөлуге болады.

Осы қатысушы тараптардың әрқайсысының қажеттілігі мен көздеген мүдделерін айқындайтын болсақ:

Мемлекеттік институттар: Хосни Мұбарак басқарған Мысыр үкіметінің қажеттілігі ретінде елді басқаруды мұрагерге тапсыру мақсатында 2011 жылы қыркүйекте өтетін президенттік сайлауға дейін билікті ұстап тұруға талпынғандығын айтуға болады. Ал мүдделері: вице президент Омар Сүлейманға өкілеттіліктің бір бөлігін бере отырып, Хосни Мұбарак мемлекетті басқару құнын өзіне қалдыруы президенттік сайлаудан кейін бейбіт түрде билікті беруге ниеттенуі.

Ұстанымдары: Мысырдағы дүрбелеңнің алдын алу және «Мұсылман-бауырлар» саяси ұйымын, сонымен бірге шетелдіктердің мүддесін көздейтін шетелдік өкілді де билікке келтірмеу болды.

Әртүрлі саяси ұйымдардан тұратын оппозицияның қажеттілігі: биліктен барлық «кәрі топты» қуып, ұлттық мүддені қорғау болса, мүдделері елде технократиялық үкімет құрып, Конституциялық сот басшысын мемлекеттік әкімшілік басшысынан жоғары қою еді. Ал ұстанымдары қақтығыстар толық шешілгенге дейін мүддені қорғау болды.

Наразы бұқара халық, тәуелсіз БАҚ қажеттілігі билікті биліктен кетіру. Мүдделері шерулер мен жиылыстарға қатысу, елдегі тоқырауға қатысты мақалалар жариялау, кітаптар шығару, кең көлемде азаматтарды жұмылдыру. Ұстанымдары: халық мүддесін қорғайтын, елді тоқыраудан шығаратын жаңа билікті орнату.

Үшінші тараптар: АҚШ қажеттілігі осы аймақтағы өз мүдделерін жүзеге асыратын, ең алдымен, америкалық саясатты қолдайтын билікті орнату болатын. Мүдделері – Мысырда радикалды исламистердің билікке келуін болдырмау. Ұстанымдары: Америка халықтың демократиялық тәртіпті орнату ұмтылысын қолдауға дайындығын, сонымен бірге халық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтағаны жөн деген мәлімдемелерді жариялау болды.

Араб әлеміндегі, оның ішінде, ең алдымен, Мысырдағы саяси дағдарыстың шығу себептерін, оның алдын алу жолдарын жан-жақты ғылыми негізде зерделеу осы мақаланың негізгі мақсаты болатын. Осыдан шығатын түйін, ең алдымен, әлеуметтік-саяси дамудың барлық астарын мұқият қадағалап, келеңсіз жағдайларды туғызбау жағын ойластыру қажеттілігі. Бүгінгі заман талабына сай даму қарқынына билік саясатының да сай келуі.

Көптеген сарапшылар мысырлық дағдарыстың әлеуметтік-экономикалық себептеріне, ең алдымен, елдегі экономикалық стагнацияны, кедейшілдікті, теңсіздікті, сыбайластық пен жұмыссыздықты атап келді [5]. Дегенмен бұл себептер саяси дағдарыстың негізі болғанымен, оған билік тарапынан жасалынған қысым мен сауатты топтың енді ескіше өмір сүргісі келмеуі ұшқын болғандай.

Өмірге деген кешегі көзқарас бүгінгі жастардың көзқарасына сай келе қоймайды. Өйткені бүгінгі жастар бүкіл әлеммен тығыз байланыста, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің әлеуметтік-саяси даму деңгейін, демократиялық құндылықтарын өз елдерінде де көргісі келеді. Олай болса, елді кешегі күннің түсінігімен билеу, ал билікті мұрагерлікпен қалдыруға талпыну мысырлық жастардың ашу-ызасын тудырғаны

айқын. Әрине, оймызды қорытындылай келе Мысырдағы саяси жағдайға бір жақты баға беруге болмайтыны анық.

Жалпы араб елдеріндегі саяси дағдарыстың тууы – ішкі саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайдың ықпалы екені де талассыз деп келісеміз. Сонымен бірге сыртқы күштердің ықпалы да бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Әдебиеттер

- 1 История Египта // http://ru.wikipedia.org/wiki/Istoriya_Egipta (16.02.2014).
- 2 Долгов Б. Между демократией и исламом: политическое развитие арабского мира // <http://www.perspektivy.info/print.php?ID=35967> (30.03.2009).
- 3 Comment by Robert Malley (Crisis Group) and Hussein Agha, “In post-Mubarak Egypt, the Rebirth of the Arab World”, Washington Post, 11 Feb. 2011. // <http://www.crisisgroup.org/en/publication-type>. (01.03.2011).
- 4 Куделев В.В. Коротко о ситуации в Египте: январь 2011 г. // <http://ruskline.ru/analitika> (03.02.2011).
- 5 Коротаев А.В., Зинкина Ю. В. Египетская революция 2011 г.: структурно-демографический анализ // Полис. Экстракт. – 2011. – Выпуск 1 // zinkina_yu.v._egipetskayrevolutzya_2011_g._strukturno_demograficheskii_analiz. (15.03.2011).

References

- 1 Istoriya Egipta // http://ru.wikipedia.org/wiki/Istoriya_Egipta (16.02.2014).
- 2 Doldov B. Mezhdru democratией I islamizmom: politicheskoe razvitie arabskogo mira // <http://www.perspektivy.info/print.php?ID=35967> (30.03.2009).
- 3 Comment by Robert Malley (Crisis Group) and Hussein Agha, “In post-Mubarak Egypt, the Rebirth of the Arab World”, Washington Post, 11 Feb. 2011. // <http://www.crisisgroup.org/en/publication-type>. (01.03.2011).
- 4 Kudlev V.V. Korotko o situatzii v Egipte: yanvar 2011 g. // <http://ruskline.ru/analitika> (03.02.2011).
- 5 Korotayev A.V., Zinkina Yu.V. egipetskay revolutzya 2011g._strukturnodemograficheskii analiz. // Polis. Extratext. 2011. Vypusk 1 // zinkina_yu.v._egipetskayrevolutzya_2011_g._strukturno_demograficheskii_analiz. (15.03.2011)

УДК 323.1(669)

К.К. Тастулеков

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
факультет международных отношений, Казахстан, г.Алматы
e-mail: tastulekov90@mail.ru

Проблема этнополитических конфликтов в Африканских странах Южнее Сахары (на примере конфликта в Нигерии)

Данная статья посвящена рассмотрению гражданской войны в Нигерии в постколониальный период. Одно из отличий Британской колониальной политики то, что они не вмешивались и не способствовали развитию демократических институтов в Нигерии. И доказательством этому служит гражданская война, которая вспыхнула в годы обретения независимости. Гражданская война в Биафре одна из самых важных конфликтов XX века, которая все еще не нашла окончательного решения.

Проблемы межэтнических противоречий в Нигерии корнями уходят вглубь истории. Современная Нигерия – это государство, которое возникло в результате колониальной политики западных держав. На территории современной Нигерии проживают более десятка разных племен, говорящих на разных языках и придерживающихся разных религий. Колониальная администрация, руководствуясь классическим принципом «разделяй и властвуй», в процессе управления опиралась на самые сильные и влиятельные племена, игнорируя мнения меньшинств, что в конце привело к нарастанию гражданского противостояния.

Ключевые слова: Африка, этнополитические конфликты, гражданская война, Нигерия, Биафра, колониальная политика, Западные державы, Британия.

К.К. Тастулеков

Сахараның оңтүстігіндегі Африка елдеріндегі этносаяси қақтығыстар проблемасы (Нигериядағы қақтығыс мысалында)

Мақалада постколониалдық кезеңдегі Нигериядағы азаматтық қақтығысқа қысқаша шолу жасалды. Британ империясының отаршылдық саясатының бір ерекшелігі, олар жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне араласпады деген пікірлер бар екендігін білеміз. Алайда бұл қате пікір, сонау отаршылдық кезеңде негізі қаланып тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өрбіген азамат соғысы дәлел. Биафрадағы азамат соғысы XX ғасырдағы Африкадағы ең ірі қақтығыстардың бірі және ол түбегейлі шешілмегендігі айтылған.

Нигериядағы этнос аралық қақтығыстар мәселесі тарихы терең және қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Қазіргі таңдағы Нигерия бұл отаршылдық саясат салдарынан пайда болған мемлекет деп айтуға болады. Нигерия территориясында әр тілде сөйлейтін әртүрлі дінді ұстанатын оншақты тайпалар тұрады. Отаршылдық әкімшілік ел басқаруда дәстүрлі «бөліп ал да билей бер» принципін ұстана отырып, ең ірі және ең мықты тайпаларға сүйене отырып басқарды. Ұзақ жылдар бойы аз ұлттар мүдделерін ескермеді, уақыттың өтуімен бұл этнос аралық қақтығыстарға алып келді.

Түйін сөздер: Африка, этносаяси қақтығыстар, азаматтық соғыс, Нигерия, Биафра, отаршылдық саясат, Батыс мемлекеттері, Британия.

K.K. Tastulekov

The problem of ethno-political conflicts in sub-Saharan Africa (on the example of the conflict in Nigeria)

This article is devoted to the civil war in Nigeria in the postcolonial period. One of the distinction of British colonial policy that they did not intervene and did not contribute to the development of democratic institutions in Nigeria. And the proof of this is the civil war that broke out in the years of independence. The civil war in Biafra is one of the most important conflicts in XX century, which has not yet found a solution.

Problems of ethnic conflicts in Nigeria has a rich history that goes back deep into history. Nigeria is a modern state, which arose as a result of the colonial policy of the Western powers. Nigeria is home to over a dozen different tribes

speaking different languages and adhering to different religions. The colonial administration guided by the classical principle of "divide and rule" during the process of governance relied on the most powerful and influential tribes ignoring minority views that in the end led to the rise of the civil conflict.

Key words: Africa, ethnic conflicts, civil war, Nigeria, Biafra, colonial policy, Western powers, Britain.

Нигерия, официально Федеративная Республика Нигерия, – федеративная конституционная республика, в состав которой входит 36 штатов и федеральный столичный округ Абуджа. Страна расположена в Западной Африке и граничит с Республикой Бенин на западе, Чад и Камерун на востоке, и Нигером на севере. Южное побережье страны омывается Гвинейским заливом Атлантического океана. Столица Нигерии – Абуджа, самый крупный город – Лагос. Хауса, игбо и йоруба являются тремя наиболее крупными и влиятельными этническими группами. С точки зрения религии, в Нигерии примерно равное соотношение мусульман и христиан, есть также небольшой процент тех, кто придерживается традиционных религиозных верований.

Африканский континент является самым нестабильным регионом мира, надежды многих народов на то, что после обретения независимости они получат возможность построения своего государства, не осуществились во многих странах. Сегодняшняя Африка является самым отсталым в развитии регионом, которому чужды понятия демократия, толерантность и политическая стабильность.

Нестабильность в развитии, прежде всего, связана с огромным числом межэтнических столкновений, в которых увязла постколониальная Африка.

Этнический состав Африки чрезвычайно сложен. По грубым подсчетам, на континенте живут примерно 50 наций и народностей и 3000 различных племен, говорящих на тысяче языков. Положение осложняется тем, что в результате колониального расчленения территории Африки государственные, политические границы не имеют ничего общего с естественными, историческими границами обитания африканского населения.

Политика колониальных властей, прежде всего, была направлена на сохранение политического влияния даже при условии получения независимости.

За последние полвека независимости на Африканском континенте имело место более ста

межэтнических столкновений, одним из самых трагичных из них можно назвать события происшедшие в районе Африканского рога и Руанде.

Современные межэтнические конфликты зачастую используются многими центрами силы в своих интересах. Так, например, конфликты в Нигере, Нигерии, Чаде и в Судане начали принимать окраску межрелигиозного противостояния, в которую активно начинает вмешиваться и Аль-Каида.

Рассматривая причины многих этнополитических конфликтов, многие ученые видят причину в экономических и религиозных проблемах молодых государств Африки. В большинстве стран, где удалось преодолеть межэтнические противостояния, решение проблем стало возможным благодаря демонтажу политической системы, которая во многом опиралась на определенные этнические группы.

Так, например, в Нигерии удалось сохранить целостность страны после принятия новой конституции, которая разрешала другим этническим группам принимать активное участие в общественной и политической жизни страны. В Эфиопии проблему решили методом раздела страны на две части: мусульманскую и христианскую. Хотя, отделение Эритреи от Эфиопии прошло мирно, но со временем напряженность в отношениях двух государств усилилась.

Конфликт в Эфиопии имеет глубокие исторические корни. В этом деле особую роль играла Итальянская колониальная администрация в 30-е гг. XX вв. Эритрея была под властью Британии. После принятия решения ООН в 1952–62 гг. две колонии были объединены в одно государство (по решению ООН) – Федерация Эфиопии и Эритреи; с 1975 г. – Социалистическая Эфиопия (в результате свержения императора Хайле Селассие I); с 1987 г. – Народная Демократическая Республика Эфиопия; с 1991 – Эфиопия [1].

Мало кто отдаст сегодня должное внимание федеративному статусу Нигерии, хотя как государство оно никогда не было единым, населяющие страну этносы сильно отличались друг от друга. Нынешнее тяжелое положение Нигерии

это последствия колониальной политики Британской империи.

Политическая стабильность – один из решающих факторов экономического роста и процветания любой страны. Между тем, к концу XX века Нигерия так и не сумела решить эту проблему. В течение почти 30 лет из пяти с лишним десятилетий самостоятельного развития Нигерии, провозгласившей независимость 1 октября 1960 г., у власти в стране находились военные режимы. Присущие этим режимам коррумпированность, игнорирование демократических свобод, некомпетентность в управлении экономикой и прочие негативные черты обусловили затяжной политический и экономический кризис всей государственной системы. В речи на церемонии вступления в должность 29 мая 1999 г. новый президент Нигерии Олусегун Обасанджо заявил: "Вместо прогресса и развития, которые следовало бы ожидать от тех, кто стоял у власти, ... мы ощущали постоянное ухудшение качества управления страной, что вело к нестабильности и ослаблению всех государственных институтов".

Военные приходили к власти под лозунгами борьбы с коррупцией, Режимы Агийи Иронси, Якубу Говона, Мурталы Мухаммеда, Мухаммада Бухари и др. всегда выдвигали в качестве основной причины смещения предыдущего режима беспредельную коррупцию государственных чиновников, казнокрадство. Для решения вопроса в государственных органах требовались взятки чиновникам всех уровней; существовала даже узаконенная шкала таких подношений. Коррупция создавала перекосы в хозяйственном управлении, вытесняла капиталовложения из производственного сектора, серьезно препятствовала экономическому росту. Упадок наблюдался во всех сферах производства, прежде всего, в государственном секторе.

В силу сказанного, в условиях острого политического кризиса, перевороты, следствием которых была жесткая централизация власти, играли нередко на первых порах прогрессивную роль, поскольку обычно сопровождались проведением новым руководством страны политических и экономических реформ. Однако со временем коррупция еще более пышно расцвела при этих режимах. "Нигерии следует культивировать идею о том, что государственные перевороты – не решение внутривнутриполитических про-

блем, – писал нигерийский дипломат и ученый Е.Окпокпо. – Решение этих проблем – в культуре политического диалога и дебатах между оппонентами. Именно политический диалог как принципиальный механизм решения кризисных ситуаций должен показать международному сообществу, что нигерийцы – народ, заслуживающий уважения и достойного места в сообществе наций". Как известно, до начала XX века в стране, известной сегодня как Нигерия, существовали также ряд независимых и иногда враждебных друг другу национальных государств с языковыми и культурными различиями.

Генерал-губернатор Нигерии в период между 1920 – 1931 гг., сэр Хью Клиффорд, описывал Нигерию как «совокупность независимых государств, разделенных друг от друга большими расстояниями, не имеющих общей истории и традиций, разные по этническому, расовому, племенному происхождению, с огромной долей политической, социальной и религиозные розни» [2].

Формирование Нигерии как многопрофильного национального государства началось в 1900 году, с созданием Северного и Южного протекторатов вместе с колонией Лагос, подконтрольной британскому правительству.

Дальнейшие усилия по унификации и интеграции были приняты в мае 1906 года, когда колония Лагос и протекторат Южная Нигерия, которая существовала отдельно, были объединены.

Даже тогда Северная и Южная Администрации были самостоятельными и отдельными друг от друга. Каждый был непосредственно ответствен по делам колоний. Первым важным актом, принятым англичанами в политической эволюции Нигерии в современное государство, стало объединение администраций двух секций Нигерии 1 января 1914 года.

Таким образом, для удобства управления Северная и Южная Нигерии были объединены в единое государство в 1914 году. В колониальную провинцию Нигерия были объединены мусульманские народы севера и христианское меньшинство юга.

Нигерия была разделена на четыре административных единиц в 1940 году: это Лагос, Северный, Восточный и Западный провинции. Политические партии были сформированы на региональной и этнической основе. По консти-

туции Макферсона 1951 года, больше прав автономии были предоставлены регионы с более сильным экономическим потенциалом.

Разрывы между регионами расширялись. Впервые Север открыто начал говорить о возможности выхода из состава страны. Запад также угрожал подобным действием. Конституция 1954 г. подтвердила пожелания нигерийских лидеров двигаться и оставаться далеко друг от друга. Лидеры согласились на федеральном начале [3].

Кроме того, 7 октября 1960 г. Нигерия была принята в Организацию Объединенных Наций как 99 член. В начале 1960 года Нигерия начала предоставлять войска для миротворческих действий ООН в Заире. Позже основная активность в Нигерии на мировой арене была направлена на ликвидацию апартеида и расизма в Африке. В 1963 году Нигерия стала республикой. К 1964 году нигерийские подразделения армии составляют основу сил ООН.

Непосредственной причиной возникновения гражданской войны может считаться переворот 1966 г., возглавляемый выходцами с востока страны, которые изменили политическую ситуацию и уничтожили хрупкое доверие, существовавшее между основными этническими группами.

Военный переворот был оценен северянами как попытка национальных и религиозных меньшинств установить контроль над всей страной. Вскоре после подавления восстания Федеральное правительство приняло решение об отмене Федерального статуса государства. В мае 1967 года четыре восточные провинции объявили о создании независимого государства Биафра во главе с военным губернатором восточных провинций подполковником Одумегву Оджукву. Данный инцидент был расценен правительством как попытка раздела страны на две части. Хотя изначально Одумегву Оджукву предлагал создание конфедерации как новую форму государственного объединения. Конфедерация обеспечила бы полную экономическую независимость богатых нефтью восточных провинций Нигерии. После того как данный ультиматум был опровергнут центральным правительством, возникли противоречия на этнической почве. 30 тысяч восточных нигерийцев, проживающих на Севере, на Западе, в Лагосе были убиты. Всего в погромах 1966-67 гг. 40-50 тысяч игбо были

убиты и около 2-х миллионов бежали на Восток, после того, как их собственность и дома были разрушены. К 1966 году приблизительно 1 миллион 300 тысяч игбо проживали на Севере, ещё 500 тысяч – на Западе. С Восточной области началось бегство выходцев из Севера [4].

Мировое общество по-разному отреагировало на эти события в стране. За территориальную целостность единство Нигерии выступили Великобритания, СССР, арабские страны, а за независимость Биафры вступились Франция, Испания, Португалия, ЮАР, Китай, Израиль. Однако ООН и Организация Африканского Единства отказалась признать Биафру независимым субъектом международного права и призвала к отказу от идеи независимости.

Активные боевые действия 1967 года продолжались вплоть до поражения сил сторонников независимой Биафры до января 1970 года.

Начальный период войны был успешен для сил востока. Налаженная сеть торговли нефтепродуктами давала возможность мятежникам прибегать к найму иностранцев в качестве военной силы. Но коренной перелом случился в середине 1969 года, когда войска севера начали контрнаступление и практически изолировали мятежные провинции от остального мира. Проведенные две мирные конференции по вопросу урегулирования положения в Нигерии прежде всего были направлены на приостановление этнических чисток и боевых действий. Ближе к концу 1969 года стало понятно, что шансов на обретение независимости у Биафры нет [5].

10 января 1970 года подполковник Оджукву, понимая безнадежность ситуации, бежал из страны. 14 января командующие мятежниками передали через представителей СССР сообщение о капитуляции.

Гражданская война окончилась поражением сторонников независимости Биафры. Ее результатом стало уменьшение населения страны на 2 миллиона человек, значительная часть которого умерла от голода (большинство жертв – дети). Область, считавшаяся перед войной одной из самых развитых в Африке, была опустошена [6].

Основной целью данной статьи было определение главных факторов, оказывающих негативное влияние на развитие Нигерии. Анализ внешних и внутренних факторов развития Нигерии после получения зависимости, перспектив ее развития и единства, а также роли и влияния

других стран в процессах формирования политических стабильности позволяет констатировать следующее:

- вмешательство военных в политическое управление всегда влекло за собой усиление политической нестабильности, однако, в переломные моменты истории именно военные смогли предотвратить национальный кризис и раскол;

- личные амбиции нигерийских политиков и стремление политической элиты к власти, выражающиеся в манипулировании общественным мнением при помощи средств массовой информации, дестабилизируют и без того сложную политическую ситуацию в стране и вызывают эскалацию насилия;

- активное вмешательство традиционных правителей и религиозных лидеров в политику ведёт к разжиганию межэтнической и межрелигиозной розни;

- тесная связь религии и политики является преградой для достижения политической стабильности в стране;

- отсутствие единства среди нигерийцев и крайне низкий уровень общественного самосознания является основным фактором, определяющим кризисное социально-политическое развитие Нигерии;

- Нигерия добилась определённых успехов на международной арене, не смотря на внутреннюю напряжённость, и её внешняя политика является стабилизирующим фактором в странах Западной Африки и Африканского континента.

Подводя итоги конфликта в Нигерии, можно с уверенностью отметить, что основа конфликтной ситуации имела глубокие корни со времен колониализма.

Хотя современная форма федерального устройства и обеспечивает равные возможности для экономического и политического развития регионов страны, тем не менее, ситуация на этнорелигиозной основе остается очень напряженной. Нестабильность развития мировой экономики зачастую отражается, прежде всего, на странах с экспортно-ориентированной экономикой.

Литература

- 1 Гальперин Г.Л. Эфиопия: население, ресурсы, хозяйство. – М., 1976. – С.36.
- 2 Бельский В. Континент конфликтов // Международная жизнь. – 2007. – №8. – С. 69-75.
- 3 Васильев А. Воюющий континент // Красная звезда. – 2001. – 17 февраля – С.6.
- 4 Большов И.Г. Нигерия: кризис в экономике. – М., 2000. – С. 243.
- 5 Кочакова Н.В. Традиционные институты управления и власти (по материалам Нигерии и Западной Африки). – М., 1983. – С.75.
- 6 Adebayo Bello "Traditional Leaders and Power in Politics". – London, 1999. – P.148-159.

References

- 1 Gal'perin G.L. Efiopiya: naseleniye, resursy, khozyaystvo. – Moskva, 1976. S.36.
- 2 Bel'skiy V. Kontinent konfliktov // Mezhdunarodnaya zhizn'. – 2007. – №8. – S.69-75.
- 3 Vasil'yev A. Voyuyushchiy kontinent // Krasnaya zvezda. – 2001. – 17 fevralya -S.6.
- 4 Bol'shov I.G. Nigeriya: krizis v ekonomike. – Moskva, 2000. S.243.
- 5 Kochakova N.V. Traditsionnyye instituty upravleniya i vlasti (po materialam Nigerii i Zapadnoy Afriki). – Moskva, 1983. S.75.
- 6 Adebayo Bello "Traditional Leaders and Power in Politics". – London, 1999. P.148-159.

ӘОЖ 327.37(519.3)

Қ.Е. Байзақова, Д.Е. Кобабаев*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: kopabayev_dauren@mail.ru

Корей халық демократиялық республикасы ядролық бағдарламасының тарихи және геосаяси пайда болуының негізі

Бұл мақалада Корей халық демократиялық республикасы ядролық бағдарламасының пайда болуының себептері мен алғышарттары қарастырылады. Корей түбегі XX ғасырдың ортасынан бастап қақтығыс территориясы мен Азия Тынық мұхиты аймағындағы қатынастардың шиеленісу аумағы болып табылады. Орын алған жағдайдың алғышарты бұрын біріккен мемлекеттің толықтай бір-бірімен бақталас екі мемлекетке бөлінуіне алып келген 1950-1953 жылдардағы Корей соғысы екені сөзсіз. Жұмыста Корей соғысы аяқталып, елдің екіге бөлінуінен кейін Корей түбегі КСРО мен АҚШ арасындағы саяси, экономикалық және идеологиялық күрестің сахнасына айналғандығы жазылған. Сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың Корей түбегіндегі жағдайға назар аудартатын маңызды факторларының бірі бірнеше ядролық дағдарыстың пайда болуының себепшісі және көп жылдардан бері Азия Тынық мұхиты аймағы қауіпсіздік жүйесінің тұрақсыздандыру факторы рөлін атқарып келген Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасы талқыланады.

Түйін сөздер: КХДР, ядролық бағдарлама, халықаралық қатынастар, ядролық қару, қауіпсіздік.

К.И. Байзақова, Д.Е. Кобабаев

Историческая и геополитическая основа появления ядерной программы Корейской народно-демократической республики

В статье рассматриваются причины и предпосылки появления ядерной программы КНДР. С середины XX века Корейский полуостров является территорией конфликта и зоной эскалации отношений в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Безусловно, прецедентом сложившейся ситуации явилась Корейская война 1950-1953 годов, которая привела впоследствии к окончательному расколу некогда единой страны на два соперничающих государства. В данной работе содержится политическое, экономическое, идеологическое отношение между странами СССР и США после разделения территории в период окончания войны в Корее. Кроме того, излагается о важнейшем факторе, притягивающем внимание международного сообщества к ситуации на Корейском полуострове – ядерная программа Северной Кореи, послужившая причиной неоднократных ядерных кризисов, и на протяжении долгого времени играющая роль дестабилизирующего фактора в системе безопасности АТР.

Ключевые слова: КНДР, ядерная программа, международные отношения, ядерное оружие, безопасность.

K.I. Baizakova, D.E. Kopabaev

Historical and geopolitical basis of emergence of the nuclear program of the Democratic Peoples Republic of Korea

- 5 Narinskiy M.M. Sovetskayavneshnyayapolitika v gody «kholodnoyvoyny» 1945-1985 godov. – M., 1995. – S.580.
- 6 Trofimenko G.A. SSHA: politika, voyna, ideologiya. – M., 2006. – S.359.
- 7 Kuznetsov V.I. Yevropa: bez'yadernayailisverkh'yadernaya. – M., 2004. – S.148.
- 8 Vladimirov S.A., Teplov L.B. KursomKhel'sinskikhdogovorennostey. – M., 2011. – S.321.

ӘОЖ 327(574+55)

Б.М. Балаубаева, А. Кабдулинова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: binur77@mail.ru

Иран ядролық бағдарламасына Қазақстан ұстанымының мәселені реттеудегі маңызы

Мақалада қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі – Иран ядролық бағдарламасы айналасындағы жағдай сарапталып, Қазақстан ұстанымының бұл мәселені реттеудегі маңызы қарастырылады. Әлемдік деңгейде ядролық қауіпсіздік мәселесінде белсенді рөлге ие Қазақстан еліміз халықаралық қатынастар жүйесінде ерекше орын алады. Автор Қазақстанның ядролық қауіпсіздік саласында жеткен жетістіктеріне тоқталып, Республикамыздың Иран мемлекетімен екіжақты қарым-қатынастардың даму барысына шолу жасайды. Оған қоса, Қазақстанның Иран ядролық мәселесіне қатысты ұстанымын айқындай отырып, автор еліміздің бұл мәселені реттеуге қосқан үлесіне тоқталады. Мақалада Иран ядролық мәселесі айналасындағы қазіргі жағдайға сараптама жасалып, Иран ядролық бағдарламасына қатысты алтылық мемлекеттер мен Иран тараптары арасында келіссөздер барысында қабылданған тарихи маңызы бар Уақытша келісім жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: Иран Ислам Республикасы, АҚШ, ЕО, Қазақстан, ұстаным, «алтылық» өкілдері, Иран ядролық бағдарламасы, саяси-дипломатиялық күрес, Ядролық қаруды таратпау туралы келісім, МАГАТЭ, Кепілдіктер жөніндегі келісім, БҰҰ ҚК, уран байыту, Иранға қарсы санкциялар, женевалық жоспар.

Б.М. Балаубаева, А. Кабдулинова

Роль позиции Казахстана в разрешении Иранской ядерной проблемы

В данной статье авторы в связи с актуальностью проблемы Иранской ядерной программы анализируют роль Казахстанской позиции в разрешении Иранской ядерной проблемы. Казахстан зарекомендовал себя на мировой арене как активный участник в разрешении проблем ядерной безопасности. Авторы делают обзор достижений Казахстана в сфере ядерной безопасности, а также рассматривают двусторонние отношения Казахстана и Ирана. Определяя позицию Казахстана по отношению к Иранской ядерной программе, авторы также рассматривают лепту, внесенную Казахстаном в разрешении данного вопроса. В ходе статьи анализируется нынешняя ситуация вокруг Иранской ядерной проблемы, а также подробно рассматривается исторически значимое Временное соглашение по Иранской ядерной программе, заключенное между странами шестерки и Республикой Иран.

Ключевые слова: Исламская Республика Иран, США, ЕС, Казахстан, позиция, представители «шестерки», Иранская ядерная программа, политико-дипломатическая борьба, Договор о нераспространении ядерного оружия (ДНЯО), МАГАТЭ, Соглашение о гарантиях, СБ ООН, обогащение урана, санкции против Ирана, Женевские договоренности.

B.M. Balaubayeva, A. Kabdulina

The role of Kazakhstani position in resolving the Iranian nuclear issue

The article is devoted to the Iranian nuclear program – one of ongoing problems in international relations. Kazakhstan has established itself on the world stage as an active participant in solving the problems of nuclear safety. In this article authors analyze the role of Kazakhstani position in resolving the Iranian nuclear issue. The authors make an overview of achievements of Kazakhstan in the field of nuclear safety, as well as considering the bilateral relations of Kazakhstan and Iran. Determining the position of Kazakhstan in relation to Iran's nuclear program, the authors also consider the contribution of Kazakhstan in the resolving this issue. In addition, authors analyze current situation over the Iranian nuclear issue, and examine in detail the historically significant Interim Agreement on the Iranian nuclear program.

Key words: Islamic Republic of Iran, USA, EU, Kazakhstan, position, the representatives of "six world powers", Iran's nuclear program, the political and diplomatic struggle, the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons (NPT), the IAEA, Safeguards Agreement, the UN Security Council, uranium enrichment, sanctions against Iran, the Geneva Agreement.

Соңғы жиырма жылдан астам уақытта Азияның оңтүстік-батысында орналасқан және әлемдегі ең көне мемлекеттердің бірі болып табылатын Иран Ислам Республикасы халықаралық саясаттың «өзекті мәселелерінің» біріне айналды. Оның басты себебі – Иранның өз атом-энергетикалық кешенін дамыту бағдарламасы. Әлемде Иран ядролық әскери бағдарламасын дамыту үстінде деген күдік пайда болып, Иран тарапынан Ядролық қаруды таратпау ережелері бұзылды деген айып тағылды. Яғни Иран әлемдік саясаттағы жетекші елдердің мүдделеріне және қазіргі кездегі халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне, әсіресе ядролық қаруды таратпау принциптеріне немқұрайлы қарайтын ел ретінде көрсетілуде. Осылайша, Иран ядролық мәселесі әлдеқашан мемлекет шеңберден шығып, халықаралық дәрежеде шешуге тиісті, бірақ шешілуі қиын саяси күреске айналды.

Әлемдік ядролық қауіпсіздік мәселесінде өзіндік рөл атқаратын Қазақстанның бұл мәселеде ерекше пікір айтуға хақылы. Өйткені халықаралық қауымдастықта Қазақстан ядролық қаруды таратпау тәртібін нығайтуда көшбасшысы әрі басқа мемлекеттерге үлгі болып танылды. Еліміз 2011 жылы ҚР Әскери доктринасын, 2012 жылы Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі Заңды [1] қабылдап, осылайша, қауіпсіздік саясатын мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен ішкі істеріне араласпау, қаруды бірінші болып қолданбау қағидаларына негізделе отырып жүзеге асырады [2]. Бүгінде Қазақстанның мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаппай қырып-жою қаруын таратпау және одан төнуі мүмкін қауіп-қатерлердің алдын алу жөніндегі маңызды бас-тамалары мен идеялары әлемнің қолдауына ие болып отыр.

Ядролық қарудың жантүршігерлік салдарын Қазақстан өз басынан өткізген. Қазақстан аумағында 1949 жылы ашылған Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл ішінде шамамен 500 ядролық сынақ жасалды. Олардың саны әлемде жасалған барлық сынақтардың ¼-ін құраған, ал қауқары жағынан Хиросимадағы жарылыстардан 2500 есе асып түскен. Сондықтан халықаралық сахнада ядролық мәселе көтерілгенде Қазақстан бейжай қарай алмайды. Бұл бағытта Қазақстан жаппай қырып-жою қаруын таратпау тәртібін нығайтуға деген

ниетін білдіріп бірқатар нақты қадамдар жасады. Қазақстан әлемде бірінші мемлекет болып ядролық қарудан бас тартты [3]. 1991 жылдың 29 тамызында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен ядролық-зымырандық қуаты жағынан әлемдегі 4-ші ядролық әлеуеті бар Семей полигоны жабылды. 2009 жылы Елбасы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялау жөнінде бастама көтерді. Бұл ұсыныс БҰҰ тарапынан қолдау тапты [4].

Бұл Қазақстанның дұрыс стратегиялық таңдау жасағанын, ядролық қарудан бас тартқан ел мәртебесіне ие болғанын көрсетеді. Қазақстан адамзаттың бүгінгі және болашақ ұрпағы арасында үлкен жауапкершілік өнегесін көрсете білді. Нақты қауіпсіздіктің тірегі ядролық арсенал емес, сыртқы бейбітшілік сүйгіш саясат, ішкі тұрақтылық, елдің тұрақты экономикалық және саяси дамуы болып табылатындығын өз мысалымен дәлелдеді. «Біз әлемді ең жойқын ядролық қатерден құтқарып қана қойған жоқпыз, біз жаһандық қатерден жоғарыға көтерілдік. Өз еліміздің және бүкіл әлемнің ядролық қарусыз тарихы үшін қағидатты қадам жасадық», – деп, Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық қарусыз әлем үшін» форумында сөйлеген сөзінде Қазақстанның ядролық қаруға қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасында келе жатқанын атап көрсетті [5].

Бүгінгі күні Қазақстан барлық адамзатқа ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан ел ретінде белгілі және оны таратпауға, жасамауға шақыруға толық құқылы. Қазір Қазақстан ядросыз әлем жолында бүкіл адамзаттың бейбіт өмірі үшін белсенді қадамдар жасауда. 2011 жылдың 12-13 қазанында Астанада болған Семей полигонының жабылуына 20 жыл толуына арналған «Ядросыз әлем» атты халықаралық форумында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның 2010 жылғы Қазақстанға сапары туралы айтқаны еліміздің дұрыс бағытта екендігін тағы да растайды: «Мен өткен жылы Семейге жасаған сапарымды ешуақытта ұмытпаймын. Ол ондаған жылдар бойы «қырғи-қабак» соғыстың эпицентрі болды. Қазақстан Президентінің бұдан 20 жыл бұрын қабылдаған батыл шешімінің арқасында, Семей сенімнің жарқын үлгісіне айналды. Ол – барлық ядролық сынақтардың біржолата тоқталуына деген сенім, ядролық қарудан азат әлемге деген сенім» [6]. Сонымен қатар бұл халықаралық

форумда ядролық қарусыз әлем жөнінде Декларация қабылданды. Аталған іс-шара жаппай қырып-жою қаруын таратпау мен қысқарту жүйесін нығайту үдерісіндегі Қазақстанның қомақты үлесі мен тарихи рөлін тағы бір рет нақтылап берді.

Осылайша, жыл сайын ядролық қауіп-қатерді қысқарту мен таратпаудың жаһандық үдерісіндегі Қазақстанның рөлі артып келеді. Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі мәселеге қатысты біздің мемлекеттің ұстанымы ашық та, айқын. Қазақстан мәселенің дипломатиялық жолмен шешілуін жақтай отырып, бейтарап ұстанымды сақтайды [7]. «Иран ядролық бағдарламасы айналасындағы қалыптасқан дағдарыстық жағдайдың мүмкіндігінше тез арада Ядролық қаруды таратпау келісім мен МАГАТЭ ережелерін қатаң сақтау негізінде саяси-дипломатиялық реттелуін қолдаймыз. Халықаралық делдалдар тобы мен Иран арасындағы диалогтың жалғасуын құптаймыз. Иранның өзінің ядролық бағдарламасының ашықтығын қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттері үшін санкциялардан бас тарту мәселенің реттелуіне мүмкіндік береді деп ойлаймыз», – деп елбасымыздың 2011 жылы Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ БА 66-ыншы сессиясында айтқан сөзі еліміздің Иран мәселесіне қатысты бейбіт әрі бейтарап ұстанымын тағы да растайды [8].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген сәттен бастап өзінің сыртқы саяси басымдықтарының бірі ретінде Иран Ислам Республикасы ынтымақтастығын дамытып нығайтуды мақсат тұтты. Қазақстан Республикасы мен Иран арасында 1992 жылы 29 қаңтарынан дипломатиялық қатынастар орнағалы бері екі ел арасында сауда-экономикалық және өзара саяси ықпалдастықты жүзеге асыратын бірқатар келісімдер мен шарттарға қол қойылды [9]. Мысалы, Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы қол қойылған өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Декларацияда «екі ел өздерінің қатынастарын достас және теңқұқылы мемлекеттер ретінде, сондай-ақ егемендік пен тұтастықты құрметтеу ұстанымдары негізінде, күш қолданбау, даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу, адам құқықтарын сақтау ұстанымдары негізінде жүзеге асырады» – деп көрсетілген. Сондай-ақ екі ел арасында Сыртқы істер министрлігі

деңгейінде екіжақты және аймақтық мәселелер бойынша тұрақты келісулер өткізуге уағдаласты. Орталық Азия аймағынан территориялық жақындығы бойынша маңызды және Орталық Азия аймағындағы геосаяси үдерістерге ең басты және тікелей ықпал етуші мемлекеттердің бірі – Иран Ислам Республикасы екендігі сөзсіз.

Қазақстанның Иран ядролық бағдарламаға қатысты ұстанымы айқын. Оны 2005 Елордамыз Астанада Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Манучехр Моттакимен кездесуінен кейін ҚР Сыртқы істер министрі Қасымжолдас Тоқаевтың жасаған мәлімдемесі растап отыр: Біріншіден Қазақстан ядролық қаруды таратпауды қолдайды. Екіншіден, тиісті әлеуеті бар кез келген мемлекеттің бейбіт мақсатта өзінің ядролық бағдарламасын дамытуға құқығы бар. Үшіншіден, ядролық бағдарламалар Ядролық энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) қатаң бақылауы негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан Иран мәселесінің әскери жолмен реттелуі мүмкіндігі қандай салдарларға әкеле алатынын жақсы түсінеді. Осындай қақтығыс аймақтық экономикалық даму үдерісін тоқтатып, Иранның жауап ретіндегі шараларды жүзеге асыруына себеп болып, ислам экстремизмі мен лаңкестіктің күшеюіне жағдай туғызуы әбден мүмкін.

Осындай болжамдарды ескере отырып, Қазақстан басшылары батыс елдері мен Иранды қарама-қайшылықтарды бейбіт келіссөздер негізінде реттеуге шақырады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылдың желтоқсанында Иранның ядролық бағдарламасы айналасындағы мәселені тек қана дипломатиялық әдістермен шешуге болатынын тағы да ерекше айтып өтті. 2007 жылғы қазақстандық және ирандық тараптары бар бес Каспий маңындағы елдер үкіметтерінің бірлескен Декларациясында да мемлекеттер «басқа мемлекеттерге өз территорияларын агрессия мен басқа да әскери науқандарын жүзеге асыруға ешбір жағдайда рұқсат бермеуге» міндеттенді. Алайда Қазақстан Иранның ядролық қару жасауға өз қарсылығын білдіреді. 2006 жылы Назарбаевтың Иран Президенті Махмуд Ахмединежадқа жазған хатында еліміздің ядролық қаруды таратуға қарсылығын растап, Иранның ядролық дағдарысын реттеуге күллі халықаралық қауымдастық мүдделі болып отырғанын атап өтті.

Қазақстан уран өндірісі бойынша жетекші орынға ие болып отыр [10]. Бүгінгі таңда біздің мемлекет халықаралық қатынастар жүйесінде ерекше орын алады және де оның сенімді сыртқы саяси серіктес ретінде беделі жоғары. Халықаралық қауымдастық ҚР-ның ядролық қаруды таратпау тәртібін күшейтудегі және халықаралық лаңкестікпен күрестегі үлесін жоғары бағалайды. Ядролық қаруды таратпау саласында жауапты саясатының арқасында Қазақстан ядролық қаруды таратпау тәртібінің көшбасшысы, басқа мемлекеттер үшін үлгі болып танылды. Бүгінде Қазақстанның Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жаппай қырып жою қаруын таратпау және одан төнуі мүмкін қауіп-қатерлердің алдын алу жөніндегі талай ауқымды тың бастамалар мен идеялардың авторы десек артық айтқандық емес. 2012 жылдың наурыз айында New York Times газетінде Назарбаевтың «What Iran Can Learn From Kazakhstan» (Иран Қазақстаннан не үйрене алады?) мақаласы жарияланды. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау саласындағы жетістіктерін ескере отырып, Назарбаев Каспий теңізі жағалауындағы барлық көршілерімен дипломатиялық қарым-қатынас ұстанып келе жатқан Қазақстан Тегеранды да осы үлгімен жүруге шақырады [11].

Осы ретте егер Иран түпкілікті түрде тек бейбіт мақсатта азаматтық ядролық бағдарлама жүргізуге көніп, олар МАГАТЭ инспекциялары мен тексерулеріне құрылған режимге мойынсұнса, онда ол қазақстандық уранды сатып алатын маңызы бөлек сатып алушылардың қатарына қосылатындығын айтпай кетуге болмас. Өйткені Қазақстан уран экспорттауда жетекші елдердің қатарында және бұл саладағы отынды және басқадай қызметтерді, әсіресе Азия елдері мен Таяу Шығысқа саудаға шығаруға мүдделі.

Қазақстан 2011 жылы Иранның ядролық бағдарламасы айналасындағы шиеленісті реттеп, Иранның ядролық қызметтерге қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін ресми түрде әлемде бірінші рет МАГАТЭ бақылауымен өзінде «ядролық отын банкі» орналастыруға өтініш бергені белгілі. Мұндай банк бейбіт түрде атом энергиясы бағдарламасын жүргізіп отырған елдерге ядролық отын және басқа да қызметтер ұсына алған болар еді. Мұның да өз тиімділігі бар. Уранды байыту арқылы алынатын отын оны қажет етіп отырған мемлекет-

терге экономикалық жағынан да, экологиялық жағынан да пайдалы. Мәселен, қолданыста болған ядролық отынды қайта өңдеу, яғни байыту технологиясын ядролық қару жасау үшін де пайдалануға болады. Осы түйткілді тарқату үшін Елбасы Қазақстанда уран банкі орналастыруға мүдделі екенін ашық мәлім етті.

Иран дағдарысына қатысты Қазақстан ұстанымы жағдайды реттеу бойынша халықаралық жобалардың негізінде жатқан императивтерге сай болып келуі, Қазақстан-Иран қатынастарының белсенді түрде дамуы, Қазақстанның Иран ядролық бағдарламасы мәселесінде бейтарап ұстанымды сақтайтыны, республикамыздың атом қаруын таратпау жөніндегі жаһандық қозғалыстың мойындалған көшбасшысы болуы Алматының ирандық ядролық бағдарлама жөніндегі келіссөздердің кезекті раунды өтетін орын ретінде таңдалуына ықпал еткені сөзсіз. Келіссөздер сегіз айлық үзілістен кейін 2013 жылдың қаңтар айында Ыстанбұлда өтуі керек еді. Сириядағы оқиғалардан кейін Түркия мен Иран арасына сызат түскенін байқаған халықаралық қоғамдастық атынан Еуропалық Одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі Кэтрин Эштонның келісетін жер үшін Қазақстанды ұсынуы барлық тарапты қанағаттандырды. Халықаралық қоғамдастықта айтарлықтай бедел жинап үлгерген Қазақстанмен қарым-қатынасын жақсарту пайда әкелмесе, зиянын тигізбейтінін Иран да түсінеді.

Осылайша, 2013 жылдың 26 ақпанында Алматы қаласында Иранның ядролық бағдарламасына байланысты БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 5 тұрақты мүшесі (АҚШ, Қытай, Ресей, Англия және Франция), сондай-ақ Германия мен Еуроодақ өкілдері Иран Ислам Республикасының өкілі арасындағы келіссөздердің кезекті раунды өткізілді. Келіссөздер барысында иран мәселесі өз шешімін толығымен таппаса да, жаңа ұсыныстар жасалудың өзі де үлкен жетістік болып саналады. Келіссөзге қатысушылар наурыздың 17-18 күндері сарапшылар деңгейінде Ыстанбұлда, кейін 5-6 сәуірде Иран мен «алтылық» өкілдерінің қайтадан Алматыда кездесуге уағдаласты. Еуропалық Одақтың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша жоғары өкілі Кэтрин Эштон Алматыдағы келіссөздер барысында ирандық ядролық бағдарлама бойынша «алтылық» пен Иран ара-

сында алғаш рет шынайы пікір алмасу орын алды деп көрсетті. Қалай десек те, келіссөздердегі нақты ұсыныстар жарияға салынбаса да, иран мәселесін дипломатиялық сипаттағы ілгерілеу бар. Қазақстанның осы жағымды ілгерілеуде алатын орны зор екенін іс жүзінде айқын көре аламыз.

2013 жылы Иран Ислам Республикасының билігіне Хасан Роухани тағайындалуымен Тегеран мен халықаралық қауымдастық арасында қарым-қатынастар түзеле басталғандай көрінді. Иран Президентінің ұстамды саясаты Республиканы халықаралық оқшауландырудан еңсеруге бағытталған. Тамыз айында Президент лауазымына тағайындалған ол Тегеранның ядролық бағдарламасына қатысты мәселені жарты не бір жыл ішінде шешуге уәде берген болатын. Сөзінде тұрған Иран Президенті елдің ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздерді жаңғыртуға дайындығын білдіріп, белсенді келіссөздер жүргізу барысында 2013 жылдың қараша айында Женева қаласында өткен кездесу нәтижесінде тарихи маңызы бар Уақытша келісім жасасуға шешім қабылдады [12]. Аталмыш келісімнің Иран ядролық бағдарламасын реттеудегі рөлі зор – осы уақытқа дейін тараптардың ядролық мәселені бір нүктеден жылжыту талпыныстары еш нәтиже бермеген болатын.

Келісімге сәйкес, Иран уранды байытуды азайтуға, ядролық бағдарламасын МАГАТЭ-нің қатаң бақылауында дамытуға міндет алады. Оған қоса, Иран ядролық бағдарламасы 6 айға тоқтатылды, яғни Иран жаңа центрифугаларды орнатудан және уранды байыту бойынша жаңа объектілерді салудан бас тартуға, уранды 5%-ға дейін ғана байытуға келісті.

Тараптардың жеткен тағы бір жетістігі – Иран келісімге сәйкес теория жүзінде қаруға қажетті плутонийді жасап шығаруға болатын Арақтағы уран байыту кешенінде құрылыс жұмыстарын тоқтатуға келісті. Женевалық жоспарға негізделген құжатта Иранның ядролық нысандарында мониторинг қалай жүргізілуі керектігіне дейін көрсетілген. Келісімге сай, халықаралық

қауымдастық өз кезегінде Тегеранға салынған экономикалық санкцияларды жұмсартуға, жаңа санкцияларды енгізбеуге және Иранның бейбіт атом өндіру құқығын мойындауға міндеттеме алған болатын.

Аталмыш келісім Иран Ислам Республикасының сындарлы саясатының жемісі деп айтсақ, қателеспейміз. Иран басшылығы бағыт алған жаңа стратегиясының арқасында өз мәртебесін ұлғайтып, әлем саясатының деңгәрлы мүшесіне айналды. Хасан Роухани берген сұхбаттардың бірінде «Біздің басты мақсатымыз – өзіміздің бейбіт ядролық бағдарламасын халықаралық ережелерге сай үйлестіріп, халықаралық қауымдастық тарапынан алаңдаушылықты жою. Бүгінгі таңда біз келіссөздер нәтижелеріне қанағат болып, екі тарап арасындағы қайшылықтар көп ұзамай толығымен жойылады деп үміттенеміз» деп ашық жария еткен болатын [13].

Қазіргі таңда Иран Уақытша келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындауда. Женева келісімінің міндеттемелері бұлжытпай орындалу үдерісі тараптар арасында біршама сенім ахуалын туғызды. Ал сенім, өз кезегінде, өзара келісімге келу жолындағы бірден-бір құрал. Иран Президенті ислам революциясының 35-жылдығына орай ұйымдастырылған мерейтойда «Алтылықпен келіссөз өткізу барысында Иран араздыққа еш ұмтылмайтынын көрсеткіміз келеді. Иран халықаралық уағдаластықтарды қолдайды. Еуропалық мемлекеттер ынтымақтасуға ниетін шын білдірсе, Иран тарапынан нәтижелі қадамдарды көре алады» деп Тегеранның ұстанымын қайталап жария етті [14].

Уақытша келісім 2014 жылдың 20-қаңтарында күшіне еніп, алты айдан соң аяқталады. Бұл алты ай ішінде Иран мен алты ел бұдан да ірі келісім жасасу мақсатында келіссөздерді ай сайын өткізбек. Бұл келіссөздердің Қазақстан төрінде қайтадан өткізілуі әбден мүмкін. Дегенмен тараптар арасындағы диалог оңай болмайтыны анық. Қазақстан да Иран ядролық мәселесінің бейбіт мәмілемен аяқталуын асыға күтеді.

Әдебиеттер

1 Закон о национальной безопасности РК от 6 января 2012 года №527-IV – http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com_content&view=article&id=263:-26-1998-233-i-&catid=39:2009-06-24-09-58-27

2 Военная доктрина РК от 11 октября 2011 года №161. – http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com_content&view=article&id=63&Itemid=151

3 Казыханов, Е.Х. Деятельность Организации Объединенных Наций в области ядерного разоружения и нераспространения оружия массового уничтожения // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – Алматы, 2008. – Б. 3-7

4 Қожахметұлы К. Иран және ядролық қауіпсіздік // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы, 2009. – № 3 (41). – Б. 101-103.

5 Елбасы: Семей полигонын жабу арқылы біз еліміздің және бүкіл әлемнің ядролық қарусыз тарихы үшін қағидатты кадам жасадық // Медиа-портал Gazeta.kz, 2012. – <http://kaz.gazeta.kz/news/elbasy-semej-poligonyn-zhabu-arqyly-biz-elimizding-zhane-bukil-alemning-yadrolyq-qarusyz-tarikhy-ushin-qaghidatty-qadam-zhasadyq-newsID109788.html>

6 Выступление Генерального Секретаря Пан Ги Муна на пресс-конференции в ходе официального визита в Республику Казахстан. 7.04.2010 г. – <http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=13340>

7 Кошербаев Ж.Д. Сотрудничество Казахстана и России в атомной энергетике: значение для нераспространения // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – Алматы, 2011. – №3. – С. 67-70.

8 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на 66-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН 22 сентября 2011 года. – http://www.akorda.kz/ru/page/page_the-president-of-kazakhstan-nursultan-nazarbayev-participates-at-the-66th-sessio_1348722848

9 Протокол об установлении дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Исламской Республикой Иран от 29 января 1992года. – http://mfa.gov.kz/ru/#!/foreign-policy/dogovorno-pravovaya_baza/spisok_stran_ustanovivshih_diplomaticheskie_otnosheniya_s_rk/

10 Жарқымбек Ш. Иран және уран // Жас Алаш. – № 02 (15460). – 7 қаңтар, 2010 ж.

11 Nazarbayev N. A. What Iran Can Learn From Kazakhstan // The New York Times, 2012. – http://www.nytimes.com/2012/03/26/opinion/what-iran-can-learn-from-kazakhstan.html?_r=0

12 Иран в 2013 году сократил продажу нефти на 15% //Международное Информационное Агентство, 31 января 2014 года. – <http://www.inform.kz/rus/article/2626753>

13 Иран и страны-посредники спорят о судьбе ядерного реактора // Финансово-аналитический бизнес-портал, 20 марта 2014 года. – <http://livda.ru/news/politics/world/iran-i-strany-posredniki-spyat-o-sudbe-yadernogo-reaktora-0367>

14 Хасан Роухани: Иран выстоит против любого агрессора // Информационное телеграфное агентство России, 11 февраля 2014 года. – <http://itar-tass.com/mezhdunarodnaya-panorama/955693>

References

1 Zakon o nacional'noj bezopasnosti RK ot 6 janvarja 2012 goda №527-IV E'lektronni'y resurs] Ministerstvo Justicii [sayt]. URL: http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com_content&view=article&id=263:-26-1998-233-i-&catid=39:2009-06-24-09-58-27

2 Voennaja doktrina RK ot 11 oktjabrja 2011 goda №161 [E'lektronni'y resurs] // Ministerstvo Justicii [sayt]. URL: http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com_content&view=article&id=63&Itemid=151

3 Kazyhanov E.H. Dejatel'nost' Organizacii Ob'edinennyh Nacij v oblasti jadernogo razoruzhenija i nerasproustraneniya oruzhija massovogo unichtozhenija // Vestnik KazNU. Serija mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoe pravo. – Алматы, 2008. – С. 3-7

4 Qojahmet-uli' K. Iran ja'ne yadroli'q quipsizdik // QazUU Habarshi'si'. Hali'qarali'q qati'nastar ja'ne hali'qarali'q quqi'q seriyasi'. – Almati', 2009. – № 3 (41). – С. 101-103.

5 Elbasi': Semey poli'goni'n jabu arqi'li' biz elimizding ja'ne bu'kil a'lemning yadroli'q qarusi'z tari'hi u'shin qaghi'datti' qadam jasadi'q [E'lektronni'y resurs] // Medi'a-portal Gazeta.kz [sayt]. URL: <http://kaz.gazeta.kz/news/elbasy-semej-poligonyn-zhabu-arqyly-biz-elimizding-zhane-bukil-alemning-yadrolyq-qarusyz-tarikhy-ushin-qaghidatty-qadam-zhasadyq-newsID109788.html>

6 Vystuplenie General'nogo Sekretarja Pan Gi Muna na press-konferencii v hode oficial'nogo vizita v Respubliku Kazahstan [E'lektronni'y resurs] // OON [sayt]. URL: <http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=13340> (data publikacii 7.04.2010)

7 Kosherbaev Zh.D. Sotrudnichestvo Kazahstana i Rossii v atomnoj energetike: znachenie dlja nerasproustraneniya // Vestnik KazNU. Serija mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoe pravo. – Алматы, 2011. – №3. – С. 67-70.

8 Vystuplenie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva na 66-oj sessii General'noj Assamblei OON 22 sentjabrja 2011 goda [E'lektronni'y resurs] // Akorda [sayt]. URL: – http://www.akorda.kz/ru/page/page_the-president-of-kazakhstan-nursultan-nazarbayev-participates-at-the-66th-sessio_1348722848

9 Protokol ob ustanovlenii diplomaticheskih otnoshenij mezhd Respublikoj Kazahstan i Islamskoj Respublikoj Iran ot 29 janvarja 1992goda. [E'lektronni'y resurs] // Ministerstvo inostrannyh del [sayt]. URL: http://mfa.gov.kz/ru/#!/foreign-policy/dogovorno-pravovaya_baza/spisok_stran_ustanovivshih_diplomaticheskie_otnosheniya_s_rk/

10 Jarqi'mbek Sh. Iran ja'ne uran [E'lektronni'y resurs] // Jas Alash [sayt]. URL: <http://www.zhasalash.kz/saraptama/772.html> (jariyalanu kuni 7.01.2010)

11 Nazarbayev N. A. What Iran Can Learn From Kazakhstan [E'lektronni'y resurs]// The New York Times [sayt]. URL: http://www.nytimes.com/2012/03/26/opinion/what-iran-can-learn-from-kazakhstan.html?_r=0

12 Iran v 2013 godu sokratil prodazhu nefiti na 15% [E'lektronni'y resurs] // Mezhdunarodnoe Informacionnoe Agentstvo [sayt]. URL: <http://www.inform.kz/rus/article/2626753> (data publikacii 31.01.2014)

13 Iran i strany-posredniki sporyat o sud'be jadernogo reaktora [E'lektronni'y resurs] // Finansovo-analitcheskij biznes-portal [sayt]. URL: <http://livda.ru/news/politics/world/iran-i-strany-posredniki-spyat-o-sudbe-yadernogo-reaktora-0367> (data publikacii 20.03.2014)

14 Hasan Rouhani: Iran vystoit protiv ljubogo agressora [E'lektronni'y resurs] // Informacionnoe telegrafnoe agentstvo Rossii [sayt]. URL: <http://itar-tass.com/mezhdunarodnaya-panorama/955693> (data publikacii 11.02.2014)

UDC 327 (569,4)

A. Kuzembayeva, A. Stybay

Al-Farabi Kazakh National University,
International relations Department, Kazakhstan, Almaty
e-mail: akerke_stybay@hotmail.com

Israeli policy of “extrajudicial punishment”, or “targeted killing”

In this article one of the discriminating phenomena of Israeli defense policy – targeted killings, as a means of Israeli intelligence to combat terrorism and protect national security are considered. The author gives the examples of using this measure in the history of the State of Israel, in particular, during the endless Israeli-Palestinian conflict, and shows the consequences to which these bloody actions have led. Moreover, advantages and disadvantages of using such method in the fight against terrorism have been analyzed from the moral and legal points of view. Furthermore, the effectiveness of this policy and its "conformity" with the Jewish law has been analyzed. In conclusion, the author proves the justification of using the “targeted killings” as last measures to ensure the security and to protect the state and the people.

Key words: Israel, the intelligence agencies, targeted killing, terrorism, the Middle East.

А.Б. Күзембаева, А. Стыбай

Израиль арнайы қызметтерінің мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралары: дәлдік жою

Мақалада Израиль қорғану саясатының ерекше феномені, дәлірек айтқанда, Израиль арнайы қызметтерінің терроризмге қарсы, сонымен қатар мемлекеттік қауіпсіздікті қорғауға бағытталған әрекеттерінің бірі болып табылатын «дәлдік жою» тактикасы қарастырылған. Автор Израиль мемлекетінің тарихында, атап айтқанда, Палестина мен Израиль арасындағы аяғы көрінбейтін қақтығыс аясында аталған қанды шараның қолданған кездерінің мысалдары мен оның салдарларын келтіреді. Бұған қоса, жоғарыда аталған терроризмге қарсы күрес шарасының заңды және моральдық артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасалып, «превентивті соққының» еврей заңына деген «сәйкестігі» қарастырылады. Қорытындысында мемлекет пен халықты қорғау үшін «дәлдік жою» тактикасының ең ақырғы шара ретінде пайдалануы орынды екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: Израиль, арнайы қызметтер, дәлдік жою, терроризм, Таяу Шығыс.

А.Б. Кузембаева, А. Стыбай

Меры спецслужб Израиля по обеспечению государственной безопасности: точечная ликвидация

В данной статье рассматривается один из отличительных феноменов оборонительной политики Израиля, а именно – применяемая израильскими спецслужбами в борьбе с терроризмом и в целях защиты национальной безопасности тактика «точечных ликвидаций». Автором приведены примеры использования данной меры в истории государства Израиль, в частности, в ходе нескончаемого палестино-израильского противостояния, а также показаны последствия, к которым эти кровопролитные действия привели. Кроме этого, с правовой и моральной точек зрения проанализированы плюсы и минусы вышеназванного метода контртеррористической борьбы, а также рассмотрена эффективность проведения такой политики и её юридическое "соответствие" еврейским законам. В заключении автор доказывает оправданность использования тактики «точечных ликвидаций» в качестве крайней меры обеспечения безопасности и защиты государства и народа.

Ключевые слова: Израиль, спецслужбы, точечная ликвидация, терроризм, Ближний Восток.

Introduction.

Since the creation of Israel, its society lives in a hostile neighborhood that becomes even crueler. For a long time, this state and its people have been suffering from terrorism. And Israel has displayed great resilience facing national security challenges.

One of the controversial methods to protect the people and fight against terrorism that the Israeli secret services uses are "targeted killings", i.e. the premeditated killing of terrorists by a state organization or institution outside a battlefield. Originally it was created as a method of preventative strike, threats prevention and elimination of those people who plan the actual attacks, and whose existence and further anti-Israeli activities could lead to heavy casualties on the Israeli side. However, in Israeli practice there were situations when the "targeted killings" were used as a retribution tool for attacks already occurred (such as the operations against the militants of "Black September" after the Munich massacre in 1972).

In such campaigns, together with the specific targets, there were innocent casualties, simple civilians like relatives or ordinary passers-by that were near to the object. It should be noted that there are no legal or moral grounds for such blood purge without trial.

Considering the ambiguity of using such practices, the following question arises: Aren't such counterterrorist measures also a type of terrorism? Moreover, the question of the effectiveness of such extreme measures is a highly controversial, because they can not only frighten the enemy, but rather to spur his desire for revenge with greater ferocity.

Some of the "targets", accused terrorism against Israel were the residents of other states that were hostile to Israel. In this context, it was impossible to achieve their extradition for trial. In such situations, the Israeli secret service carried out an elimination of the leaders of terrorist organizations in the states where they lived, whether in Egypt, Lebanon, Syria, France or Norway. In this case, the legitimacy of such policy is even more controversial, because this violates international law, according to which countries are prohibited to conduct combat operations on the territory of other states with which they are not at war [2]. Moreover, such operations threaten deterioration of bilateral relations and even the rupture of diplomatic relations with the country whose interests was affected.

Israeli practice of "targeted killings" has more than fifty years of history. During this time, hundreds of people become victims, including Egyptian officers, German scientists who worked in Egypt, and the Palestinian Arabs. In order to eliminate the alleged Palestinian terrorists, Israelis used car bombs, military aircrafts, bullets and other weapons. Until the 2000s, Israel carried out its policy in the veil of secrecy and did not publicly take responsibility for it. However, after the outbreak of the second intifada, the policy of "targeted killings" pursues openly, bringing on Israelis criticism from the international community.

The main idea of this article is to consider thereasons of whyIsraelchooseto pursue the policy of "targeted killings" against PalestinianArabs, and toconsiderthe effectiveness of suchanti-terrorist policy.

How effective is the policy of targeted killing?

Israel, despite the deterioration of the regional security environment, still remains a strong state, and the difference between Israeli and its neighbors' powers is larger than ever. The same time, Israel exists in almost total regional isolation, and facing more terror, threats to the energy security, the sea lanes, and, finally, the prospects of a nuclear Iran [3].

It should be noted that none of Israeli Arab neighbors has a stable democracy within the state. And the situation for Israel is becoming more complicate with the beginning of the Arab Spring, the reducing of US ability to maintain the relative stability in this region, and the weakness of the pro-Western alliance in the Middle East, of which Israel is part.

In autumn 2000, with the preparation of Palestinian leader Yasser Arafat, second intifada broke out. During this intifada, also known as the Al-Aqsa Intifada, Palestinians by mass demonstrations and armed attacks on Israeli settlements and military installations were provoking Israel to use the armed force against the Arabs. At the beginning of the intifada, Palestinians used the tactic of guerrilla warfare. However, for the first year of the second Intifada this tactic has not brought any significant results.

In addition to the guerrilla war, radical Palestinian extremist groups organized acts of terrorism against innocent Israeli civilians. These actions led to the deaths of hundreds of Israelis.

Moreover the attacks have led to a decline in the Israeli economy, reducing the flow of tourists and demoralization of the population.

At the beginning, Israeli reprisals include methods that allowed avoiding massive casualties among Palestinian civilians (e.g. blockades of the territory, the destruction of infrastructure, etc.). But then the growing threat of terrorism and the increasing number of Palestinian armed groups forced Israel to use the tactics of "targeted assassinations" against the leaders of the Palestinian terror. Time has shown that this measure was effective to minimize losses and to reduce damage from terrorist activities.

There are some features that distinguish the "targeted killings" carried out since the beginning of the second Palestinian intifada, from previous one. Firstly, it is their frequency: before 2000s, such operations were relatively rare. Secondly, since the end of 2000 so many operations on "targeted assassinations" were assumed, that it attests a declining of the "bar" in relation to those people against whom the Israeli secret service ready to apply their harsh measures; most of the eliminated were mid-level leaders of the Palestinian terrorist organizations. Their neutralization could destroy a local terrorist network, but not so much that their murders could provoke retaliations.

The official Israeli position is that "targeted killings" were a necessary measure to prevent prepared terrorist attacks. In the first months of the Second Intifada, when there still were negotiations between the leaders of Palestine and Israel, the Palestinians received a list of wanted terrorists. They were not arrested by the Palestinian Authority, and it led to their destruction.

The policy of targeted killing is fully consistent with Jewish and Israeli law. According to the Jewish law, it is clear that if someone is coming to kill you, you are obligated to kill them first. This obligation applies not only for own protection, but also for the defense of one's community as well. Thus, killing a terrorist beforehand is not only permitted by Jewish law, it is required.

Israeli law is a bit more problematic, but here also the legality of targeted killing is not in much doubt. It is true that Israel does not allow capital punishment for its citizens. It is also true that Israel's Basic Law guarantees that, "There shall be no violation of the life, body or dignity of any person as such." However, the Basic Law allows these rights

to be suspended, "by a law befitting the values of the State of Israel, enacted for a proper purpose, and to an extent no greater than is required, by a regulation enacted by virtue of a law" [1].

In Israel, there are three provisions that permit targeted killings. If Palestinian Authority ignore appeals for arrest of suspected terrorists and Israeli part concludes that they would be unable to arrest the individuals, then they will decide to kill to prevent an imminent or future terrorist attack—not for revenge or retribution. The Israeli High Court supported conditions that rejected petitions calling for an end to targeted killing. Thus, targeted killing is clearly consistent with Israeli law.

As for the international law, the situation is more complicated. Both international treaty and customary law outlaw assassination. There is a clear consensus that assassination violates international law. Nevertheless, there are strong reasons to believe that the Israeli policy of targeted killing is not the same as assassination. The Director of the Center for National Security Law and the University of Virginia Law School, John Norton Moore, explains, "If one is lawfully engaged in armed hostility, it is not 'assassination' to target individuals who are combatants." An American military lawyer, Charles J. Duncan agrees, "Contrary to popular belief, neither international law nor US domestic law prohibits the killing of those directing armed forces in war. Nations have the right under international law to use force against terrorists" [4].

If Israel is in "armed conflict" with the Palestinians, it will be a tantamount to war; Israel has every right to target those combatants that are considered as enemy. So Israel is legally justified in pre-emptively killing terrorists regardless of whether they have attacked Israel. War is a legal license to kill opponents whether it is targeted killing or more traditional combat.

Israeli policy of "targeted killings" definitely proven to be effective, as it is easier to prevent terrorism than bewail its consequences. First, this method has helped Israel to save lives, because the killers had died before realizing their cruel plans. Secondly, the effectiveness of the Palestinian terrorist organizations was shaken. Leaders responsible for planning and development of tactics are limited. In case of their destruction, the possibility of terrorist attacks by these organizations

significantly reduces. Third, Israel has gained a demoralization of Palestinian terrorists who have to constantly stay on the run in order to hide from the "chasteners".

Israel's policy of targeted killing has hurt the capability of its Arab adversaries to prosecute attacks against Israel. Terrorism is essentially an offensive action, making counter-offensive actions such as targeted killing an especially effective response. It is exceedingly difficult for Israel to defend itself from terror attacks or to deter terror attacks by Palestinians. In terms of defense, there are literally tens of thousands of targets in Israel for Palestinian terrorists: power stations, government bureaus, airports, skyscrapers, etc. It is impossible to defend them all. In such situation, the best response to terrorism is to go on a counter-offensive, that is, to eliminate the terrorist threat before it can be launched. One of the most successful means of eliminating terrorists before they can strike is the policy of targeted killing.

Targeted killing also acts as a deterrent. There is strong evidence that the policy of targeted killing hurts Palestinian organizations to the extent to which they are willing to alter their behavior. When Israeli Ex-Prime Minister Ariel Sharon met with three Palestinian leaders (though not Yasir Arafat) on January 30, 2002 and asked the Palestinians what they wanted from him, first on their list was an end to targeted killings [5].

Thus, the policy of targeted killing has prevented some attacks against Israel, weakened the effectiveness of terrorist organizations, kept potential bomb makers on the run, deterred terrorist operations, gained the support of the overwhelming percentage of the Israeli population, and done so while largely avoiding the sharp glare of publicity. It has not prevented all acts of terrorism, nor can it. But as part of a larger array of policies, including blockades, checkpoints, and incursions, it is seen to be a successful response to an intolerable threat.

However, this policy has its drawbacks. First of all, as it was mentioned above, the practice of "targeted killings" is contrary to the international law, as well as moral and ethical principles. Civilians often killed in the operations of liquidation, as well as in terrorist acts. This fact raises the issue

of legitimacy and justification for the use of such punitive measure, because borders between terrorism and counter-terrorism action erases, and counter-terrorism actions turn into terrorist acts.

Furthermore, for Israel to conduct this policy also has some disadvantages.

First, the policy of "targeted killings" requires a large expenditure to ensure constant preparedness of Israeli military forces and intelligence.

Secondly, pursue this policy often lead to the elimination of the really strong Palestinian leaders who could foster future peace talks. Killing people does not help the promotion and development of the negotiation process; but it rather undermining diplomatic efforts taken to reduce tensions in the Palestinian-Israeli relations.

Thirdly, in the eyes of the world community this policy looks like illegal murder. Former UN Secretary General Kofi Annan has often called on Israel to desist from "targeted killings" as acts which is contrary to international law and undermine efforts to achieve peace in the Middle East. Especially harsh criticism expressed after innocent casualties who killed in "targeted assassinations".

Conclusion

In conclusion, it should be noticed that despite the criticism of the international community, the contradiction of morality and law, economic expenditure on operations on "targeted killings" it makes sense for Israel to continue this policy. In the fight against terrorism any means to an end, even if they are not yet approved by international law. When lives and the security of citizens are at stake, the state must do everything to ensure their protection and to preserve their faith in their government. However, in the long term, if the ultimate goal of Israel is yet to establish peaceful relations with the Arab world, the main effort should be directed to the negotiating process. Another thing is that it is the loss of Palestinians by the Israeli "targeted killings" that may contribute their will to find a compromise and achieve peace in the Middle East as soon as possible. It is true that targeted killing provokes murderous retaliation, exposes informers, and uses scarce intelligence resources. For a dangerous region in an imperfect world, the policy of targeted killing must remain a necessary evil.

References

- 1 Basic Law: Human Dignity and Liberty (17 March 1992) , article 8 // Knesset website. URL: <http://www.knesset.gov.il/laws/special/eng/basic3_eng.htm>, Accessed: 26/03/2014
- 2 Convention (III) relative to the opening of hostilities (The Hague, 18 October 1907) // International Committee of the Red Cross: Treaties and states parties to such treaties. URL: <<http://www.icrc.org/applic/ihl/ihl.nsf/Treaty.xsp?action=openDocument&documentId=BD56907463617993C12563CD002D6774>>, Accessed: 20/03/2014
- 3 Inbar E. Israel's National Security Amidst Unrest in the Arab World // The Washington Quarterly. – 2012, 25 July. URL: <<http://dx.doi.org/10.1080/0163660X.2012.704342>>, Accessed: 02/01/2014
- 4 Levins H. Military Experts Debate Moral Ramifications of Killing Leaders // Post Dispatch. – 2001, 3 August. URL: <<http://business.highbeam.com/435553/article-1G1-76951196/military-experts-debate-moral-ramifications-killing>>, Accessed: 11/01/2014
- 5 Safire W. Sharon Enters Armistice Talks // The New York Times. – 2002, 4 February 2002. URL: <<http://www.nytimes.com/2002/02/04/opinion/04SAFI.html>>, Accessed: 01.02.2014

ӘОЖ 327 (5-191.2)

Ж.Д. Кошербаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kosherbaev.zhan@mail.ru

Орталық Азия елдеріндегі ядролық таратпау саласындағы қазіргі кездегі мәселелері

Бұл мақалада Орталық Азия елдеріндегі ядролық қару таратпау саласындағы қазіргі кездегі мәселелеріне кешенді талдау жасалынған. Автор отандық және шетелдік мамандардың аталған салаға байланысты пікірлерін ескеріп және оларға талдау жасай отырып, өзінің көзқарасын ұсынады. Сонымен қатар Қазақстандағы ядролық және басқа да радиоактивті материалдарды бақылау жүйесін қалыптастыру тәжірибесі Орталық Азия елдеріндегі мәселелерді шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік беретіндігі дәлелденген. Осыған байланысты Орталық Азия елдері қолға алған интеграциялық үрдістер тұрғысында өздерінің және ядролық қару таратпау тәртібін қолдаушы мемлекеттердің мүдделеріне бірдей жауап беретін ядролық және басқа да радиоактивті материалдарға бақылаудың бірлескен үлгісін жасау қажеттігі туындап отырғандығы атап көрсетілген.

Түйін сөздер: Орталық Азия, ядролық таратпау, радиоактивті қалдықтар, экспорттық бақылау, қауіп-қатерлер.

Ж.Д. Кошербаев

Современные проблемы ядерного нераспространения в странах Центральной Азии

В данной статье комплексно анализируются современные проблемы ядерного нераспространения в странах Центральной Азии. Автор, учитывая и анализируя мнения отечественных и зарубежных экспертов относительно ядерного нераспространения, предлагает свою точку зрения. Также выявляется возможность использования опыта Казахстана в формировании системы контроля над ядерными и другими радиоактивными материалами для стран Центральной Азии в поисках путей решения аналогичных проблем. В этой связи центрально-азиатские страны в контексте начатых интеграционных процессов должны сформировать объединенную систему контроля над ядерными и другими радиоактивными материалами, отвечающую в равной степени и интересам своим других государств, поддерживающих режим ядерного нераспространения.

Ключевые слова: Центральная Азия, ядерное нераспространение, радиоактивные отходы, экспортный контроль, угрозы.

Zh. Kosherbaev

Modern problems of nuclear non-proliferation in Central Asia

This article analyzes the complex modern problems of nuclear non-proliferation in Central Asia. Copyright considering and analyzing the opinions of domestic and foreign experts on nuclear non-proliferation, offers his point of view. Also revealed the possibility of using the experience of Kazakhstan in the formation of the system of control over nuclear and other radioactive materials for the Central Asian countries to find solutions to similar problems. In this regard, the Central Asian countries in the context of integration processes have begun to form a unified system of control of nuclear and other radioactive materials that meets their equally the interests of other states supporting the nuclear nonproliferation regime.

Key words: Central Asia, nuclear non-proliferation, radioactive waste, export controls, threats.

Өз заманында КСРО-ның экспорттық бақылау жүйесі “сезімтал” өнімдер мен ядролық технологияға байланысты ақпаратты таратпау тұрғысында өте берік еді, өйткені Батысты озып

кету ниеті күшті ынталандыру факторы болды. Мұндай жүйенің бақылауынан шығып кету іс жүзінде мүмкін болмады. “Қырғи-қабақ соғыс” уақытында КСРО мен АҚШ екеуінің ядролық

қатерге төтеп беру үшін миллиардтаған доллар жұмсайтын, бірақ ол кезде қауіптің нақты техникалық және географиялық белгілері болды (екі ел өздерінің құпия барлау қызметі арқасында бір-бірінің ядролық инфрақұрылымдарымен жақсы таныс еді). Қазіргі уақытта ядролық материалдардың таралуы елдердің ұлттық қауіпсіздігіне алуан-түрлі қауіп тудыруы мүмкін. Бұрынғы КСРО-ның он бес республикасының әрқайсысында қандай да бір ядролық қызмет немесе ядролық қарудың құрамдас бөліктері болды. Қырғызстанда 1950 жылдарға дейін елдің оңтүстігінде ядролық қаруды жасауға қажетті уран шикізатының негізгі үлесі қазып алынатын. Барлық кен орындары, шахталар және қайта өңдеу кәсіпорындары КСРО-ның әскери-өнеркәсіп кешенінің тікелей қарамағында болатын. Республиканың оңтүстік және орталық аудандарында уран өндірісі негізінен 1960 жылдардың соңында тоқтатылды. Олардан кейін жабылған шахталар, үйінділер мен қалдықтардың қоймалары ғана қалды.

Общеизвестно, что Китай и Россия играют лидирующую роль в ШОС. Сегодня основные страны-экспортеры нефти и газа сталкиваются с растущим давлением со стороны США, в том числе угрозы применения военной силы в целях контролирования основных энергетических запасов на Ближнем Востоке и Центральной Азии. Китай и Россия также глубоко обеспокоены «поворотом США к Азии», что представляет открытую угрозу Китаю и, в меньшей степени, российскому Дальнему Востоку.

Западные исследователи по центральной Азии выражает мнение, что безопасность, несомненно главная задача центральноазиатских членов ШОС и даже России, но если допустить, что если центральноазиатские члены ШОС станут прозападными государствами, это окажет влияние и на постсоветские государства, и на само существование ШОС.

По мнению политического обозревателя Джона Чана, именно поэтому в июне 2013 г. Китай и Россия организовали крупные совместные военно-морские учения в Японском море, а в августе провели совместные учения на суше и воздухе в России с целью демонстрации военно-политической силы, вытекающей из экономической. Совместные учения продемонстрировали совместимость российско-китайских систем вооружения, командных структур. Российские средства массовой информации устроили в российской прессе обсуждение с захватывающими картинками взрывов и взлетающих десятков самолетов. То есть такие учения – свидетельство укрепления ШОС, как фактор ее динамичной институционализации. С другой стороны, учения служат политике России и российскому населению, чувствительному к дискурсу «российская держава-власть» [2].

Китай, почти с его прогрессирующим экономическим развитием и динамикой демографического роста, несмотря на экономический кризис, требует большого количества энергетических ресурсов, и поэтому прилагает усилия по приобретению источников энергии в Центральной Азии.

Для главы КНР Си Цзиньпина саммит ШОС в Бишкеке стал началом его первого визита в ЦА, десятидневного тура по Туркменистану, Казахстану, Узбекистану и Кыргызстану, где он подписал ряд соглашений по финансированию проектов по добыче нефти и газа, исчисляемые в несколько миллиардов долларов. В первой стране своего дипломатического тура – Туркменистане, Си Цзиньпин открыл газоперерабатывающий завод на границе с Афганистаном. Пекин предоставил 8 млрд. долларов США для этого проекта, который в три раза увеличит поставки газа в Китай в конце десятилетия. Туркменистан уже является крупнейшим поставщиком газа в Китай по трубопроводу длиной 1800 километров через Узбекистан и Казахстан.

Ранее, в ходе саммита G20 в Санкт-Петербурге, Китайская национальная нефтегазовая корпорация подписала базовое соглашение с российским Газпромом по предоставлению Китаю 38 млрд. кубометров газа в год, начиная с 2018 г. [3].

В Казахстане Си Цзиньпин подписал соглашение на 5 млрд. долларов на покупку

миноритарного пакета акций нефтяного месторождения, он призвал к разработке нового «экономического пояса вдоль Шелкового пути».

Следует отметить, что товарооборот между Китаем и пятью постсоветскими странами Центральной Азии увеличился почти в два раза по сравнению с 1992 годом, и Казахстан в настоящее время является третьим по величине страной для китайских зарубежных инвестиций.

Во время центральноазиатского турне Си Цзиньпин в сентябре 2013 г. выступил с речью о том, что Пекин никогда не будет вмешиваться во внутренние дела стран Центральной Азии, никогда не будет стремиться играть доминирующую роль в регионе, никогда не будет пытаться сохранить сферу влияния в центральноазиатском регионе [4]. «Этим сообщением он явно стремился развеять опасения России по поводу растущего проникновения Китая в бывшие советские республики», – отмечает Д.Чан [2].

Другой подход в оценке деятельности ШОС заключается в том, что зарубежные политологи выводят ШОС на уровень евразийского НАТО, проводя сравнительный анализ. Французские политологи Мишель Генес (Ун-т Париж VIII) и Жан-Сильвестр Монгрень, исследователь Французского института геополитики и ассоциированный исследователь Института Томаса Мора высказывают мнение, что ШОС в лице китайско-русской коалиции может трансформироваться в военный союз – евразийский второй НАТО [5]. Они считают, что ШОС была создана в чисто политических целях, влекущими за собой экономические интересы, под видом укрепления отношений между постсоветской Россией и коммунистическим Китаем, начатые Дэн Сяопином в виде «рыночного коммунизма». Их точка зрения сводится к тому, что ШОС призвана уравновешивать влияние США и Атлантического блока в Каспийском бассейне и Центральной Азии богатыми энергетическими ресурсами. По нашему мнению, это очень тонкие форматы, имеющие куда больше нюансов, чем мы можем предположить.

Как отмечено выше, в деятельности ШОС Китай нуждается в России для модернизации своей армии, Россия – в Китае, чтобы открыть возможности для своей экономики и технологий.

Перспективы возможного вступления Ирана в ШОС обсуждаются давно. Возможное всту-

пление Ирана в ШОС предполагает возможность формирования, таким образом, будущего евразийского альянса, соперника НАТО и военно-политического вектора будущего «алтайского века». На первый взгляд, кажется, что члены ШОС Россия и Китай не заинтересованы в создании военно-политического союза. Трудно представить, что российская армия может протянуть руку помощи китайской армии в борьбе против уйгурских сепаратистов в Восточном Туркестане. А китайские военные пришли бы поддержать своих российских коллег в борьбе против чеченских кланов на Северном Кавказе. Поэтому представляется, что Китай и Россия больше озабочены взаимным контролем над влиянием в Центральной Азии, чем борьбой с влиянием американцев в этом регионе. По мнению французских специалистов, ШОС является «евразийской структурой» [6].

Так, геополитические изменения в рамках ШОС можно констатировать, как изменение роли постсоветских государств в этой организации возможность открытия рынков в Китай, Индию, Иран и Пакистан.

По мнению специалистов, сегодня ШОС становится форумом, в рамках которого все страны региона, начиная с Ирана, Индии и Пакистана, пытаются координировать свои торговые и энергетические политики [7].

Следовательно, политика энергетического сотрудничества в ШОС доминирует. ШОС доказывает, что мотивация экономического порядка (читаем – энергетического) и безопасности приводит к функциональным соглашениям, не пренебрегая при этом политикой и безопасностью.

В этот вектор вписывается стремление ШОС закрепить за собой постоянную миссию наблюдения за выборами, что приведет к другому полюсу – наличию «Евразийского ОБСЕ». Однако в этом контексте интересы государств-членов сходятся лишь частично, о чем свидетельствуют отношения Москва – Пекин. В то время как китайские лидеры призывают к более тесному и качественному энергетическому сотрудничеству (на начало 2008 г.), российские лидеры исключают создание зоны свободной торговли и, кажется, боятся, что ШОС будет слу-

жить в качестве платформы для продвижения китайских интересов в Центральной Азии. Вместе с тем, центральноазиатские государства-члены ШОС знают, как играть на российско-китайском соперничестве и использовать ШОС для продвижения своих интересов.

В связи с этим специалисты по ШОС выражают общую точку зрения, что Шанхайская Организация Сотрудничества является форумом, под сенью которого главные страны региона стремятся обезопасить скрытые образующиеся конфликты, согласовывать свои интересы в области энергетики и развития экономики, в целом. Кажущаяся жизнеспособность ШОС не может скрыть геополитическое соперничество, характерное для этой «среды империй», то есть Центральной Азии. В ближайшее время Китай действительно может расценивать российские периферии и алтайский регион как свое «ближнее зарубежье».

Наиболее масштабным проектом является Энергетический клуб ШОС. Используя Энергетический клуб Шанхайской организации сотрудничества как площадку для диалога, в задачи которого вошла бы координация действий нефти и газодобывающих стран-участниц ШОС на региональном и мировом энергетическом рынке, а также развитие сотрудничества между производителями и потребителями сырья в рамках организации, страны-потребители и страны-производители смогут более продуктивно продвигать реализацию проектов в нефтегазодобывающей, электроэнергетической и транспортно-транзитной сфере, отслеживать динамику спроса на нефть, газ, электроэнергию и другие энергоресурсы стран-участниц ШОС.

В целях повышения эффективности сотрудничества в рамках топливно-энергетического комплекса стран-членов ШОС определено развитие таких направлений, как энергетическое машиностроение, создание совместных предприятий по глубокой переработке углеводородного сырья, атомная энергетика и гидроэнергетика. Это позволит центральноазиатским республикам снизить экспортно-сырьевую ориентацию своих экономик, увеличить долю наукоемкой продукции и количество рабочих мест.

Литература

1 Быков А.И. Экономические проблемы развития сотрудничества в рамках ШОС // Российский внешнеэкономический вестник. – 2008. – С. 21-24; Он же. Экономическое взаимодействие стран-членов Шанхайской организации сотрудничества (ШОС): статья // Экономика, социология и право. – 2009. – №1. – С.34; Губайдуллина М.Ш. Центральная Азия в отношениях между ШОС и ЕС: диалог по вопросу безопасности // Казахстан в глобальных процессах. Спец. выпуск. 10 лет по пути безопасности и сотрудничества: успешный опыт противодействия современным вызовам и угрозам на пространстве ШОС.– 2011. – №1. – С. 107-118

2 Цит. по: У Хунвей. Чжунья дицой фачжань юй гоцзи хэцзо цзижи (Региональное развитие и механизмы международного сотрудничества в Центральной Азии).- Пекин, 2011. – С.345.

3 Саммит «Группы двадцати» (G20), 5-6 сентября 2013 г., Санкт-Петербург// Президент России/ Режим доступа: <<http://kremlin.ru/trips/19172>>

4 Председатель КНР Си Цзиньпин отправился в турне по Центральной Азии, а также примет участие в двух саммитах. Информация посольства КНР в РФ, 3 сентября 2013 г. [режим доступа] <<http://ru.china-embassy.org/rus/zegx/t1072388.htm>>; Посольство КНР в Туркменистане <http://tm.china-embassy.org/rus/zgyw/t1072390.htm>; Китай купил у Казахстана долю в Кашаганском нефтегазовом месторождении // Russian.RFI: <<http://www.russian.rfi.fr/tsentralnaya-aziya/20130907-kitai-kupil-u-kazakhstan-dolyu-v-kashaganskom-neftegazovom-mestorozhden>> (<http://www.russian.rfi.fr/print/102896?print=now>), 2013-09-07

5 Цит. по: Алдабек Н.А., Сериккалиева А.Е. Возрождение «Великого Шелкового пути» и интеграционные процессы Казахстана в Центральноазиатском регионе // Сб. материалов межд. конференции «Региональное исследование центральноазиатского, западноазиатского регионов и международное обучение китайскому языку», 11-15 июля 2012 г. – Урумчи, 2012. – С. 9.

6 Цит. по: Чуфрин Г.И. Шанхайская Организация Сотрудничества // Международная жизнь. – 2008. – № 8. – С.12-13.

7 Gubaidullina M., Yelibayeva A. The Shanghai Cooperation Organization: China's grand strategy in Central Asia // Proceedings of XXXIII International Conference on European and Eurasian Studies. WASET, Issue 71, November. – Paris 2012.– P. 2086 – 2089.

References

1 Bykov A.I. EkonomicheskiyeproblemyrazvitiyasotrudnichestvavramkakhSHOS: stat'ya // Rossiyskiyvnesheekonomicheskiyvestnik. – 2008. S. 21-24; Bykov A.I. Ekonomicheskoye vzaimodeystviye stran-chlenov Shankhayskoy organizatsii sotrudnichestva (SHOS): stat'ya // Ekonomika, sotsiologiya i pravo. – 2009. – №1. S.34; Gubaydullina M.SH. Tsentral'naya Aziya v otnosheniyakh mezhd SHOS i YES: dialog po voprosu bezopasnosti // Kazakhstan v global'nykh protsessakh. Spets. vypusk. 10 let po puti bezopasnosti i sotrudnichestva: uspeshnyy opyt protivodeystviya sovremennym vyzovam i ugrozam na prostranstve SHOS.– 2011. – №1. – S. 107-118

2 Cit. po: 3. U Khunvey. Chzhun'ya ditsyuy fachzhan' yuy gotszi khetszo tsizhi(Regional'noye razvitiye i mekhanizmy mezhdunarodnogo sotrudnichestva v Tsentral'noy Azii.- Pekin, 2011. S.345.

3 Sammit «Gruppy dvadtsati» (G20), 5-6 sentyabrya 2013 g., Sankt-Peterburg// Prezident Rossii/ Rezhim dostupa: <<http://kremlin.ru/trips/19172>>

4 Predsedatel' KNR Si TShin'pin otpravilsya v turne po Tsentral'noy Azii, a takzhe primet uchastiye v dvukh sammitakh. Informatsiya posol'stva KNR v RF, 3 sentyabrya 2013 g. [rezhim dostupa] <<http://ru.china-embassy.org/rus/zegx/t1072388.htm>>; Posol'stvo KNR v Turkmenistne <http://tm.china-embassy.org/rus/zgyw/t1072390.htm>; Kitay kupil u Kazakhstan dolyu v Kashaganskom neftegazovom mestorozhdenii // Russian.RFI: <<http://www.russian.rfi.fr/tsentralnaya-aziya/20130907-kitai-kupil-u-kazakhstan-dolyu-v-kashaganskom-neftegazovom-mestorozhden>> (<http://www.russian.rfi.fr/print/102896?print=now>), 2013-09-07

5 Cit. po: Aldabek N.A., Serikkaliyeva A.Ye. Vozrozhdeniye «Velikogo Shelkovogo puti» i integratsionnyye protsessy Kazakhstan v Tsentral'noaziatskom regione // Sbornik materialov mezhdunarodnoy konferentsii «Regional'noye issledovaniye tsentral'noaziatskogo, zapadnoaziatskogo regionov i mezhdunarodnoye obucheniye kitayskomu yazyku». – Urumchi, 2012, iyul' 11-15. – S. 9

6 Cit. po: Chufrin G.I. Shankhayskaya Organizatsiya Sotrudnichestva. – Moskva: Mezhdunarodnaya zhizn', 2008. №8. – S.12-13.

7 Gubaidullina M., Yelibayeva A. The Shanghai Cooperation Organization: China's grand strategy in Central Asia // Proceedings of XXXIII International Conference on European and Eurasian Studies. WASET, Issue 71, November. – Paris 2012.– P. 2086 – 2089.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
САЯСАТ**

**ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ
И ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ
ПОЛИТИКА В
МЕЖДУНАРОДНЫХ
ОТНОШЕНИЯХ**

**ENERGY AND
ENVIRONMENTAL
POLICY IN
INTERNATIONAL
RELATIONSS**

ӘОЖ 327(554+510)

Н. Мұқаметханұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: m_nabizhan@mail.ru

**Қытайдың энергетикалық стратегиясы және
Қазақстанмен ынтымақтастығы**

Мақалада Қытайдың энергетикалық стратегиясының эволюциясын, Қытай мұнай индустриясының қалыптасуы мен дамуы, қытайдың әлеуметтік экономикасының дамуы мен энергетикалық сұраныс жағдайына байланыстырып талдау жасалады. Қытай энергетикалық стратегиясының «өзін-өзі қамдау»-дан «Мұнай мен қамдауды қамтамасыз етуге» өзгеруін, Қытайдың теңіз жолы арқылы мұнай импорттаудың қауіпті екендігі пайымдалып, олардың Қазақстанмен энергетикалық қатынас орнатуға мүдделі екендігі, сондай-ақ Қазақстанның да Қытаймен энергетикалық ынтымақтастық орнатуға мұқтаж екендігі, екі жақты мүдделіктен орнаған ынтымақтастықтың дамитын заңдылығы дәлелденген.

Түйін сөздер: Қытай, энергетика, стратегия, «өзін-өзі қамдау», «Мұнай мен қамдауды қамтамасыз ету», Қазақстан, ынтымақтастық, даму.

Н. Мухаметханұлы

Энергетическая Стратегия Китая и Сотрудничество с Казахстаном

В статье обсуждается эволюция развития энергетической стратегии Китая, формирование и развитие Китайской нефтяной индустрии, а также устанавливается связь между социальным развитием экономики Китая и энергетическим спросом. Переход Китая от энергетической стратегии «забота о себе» до «обеспечения нефтью и заботой о себе», опасность импорта нефти через морской путь, заставили его заинтересоваться в энергетическом отношении с Казахстаном. Установленное энергетическое сотрудничество между Китаем и Казахстаном, а также двухсторонняя нужда сотрудничества и ее закономерность были доказаны в статье.

Ключевые слова: Китай, энергетика, стратегия, «забота о себе», «обеспечения нефтью и забота о себе», Казахстан, сотрудничество, развитие.

N. Mukhametkhanuly

China's Energy Strategy and Cooperation with Kazakhstan

The article discusses the evolution of China's energy strategy development, formation and development of China's oil industry, as well as a connection between the social development of China's economy and energy demand. China's transition from the energy strategy of "taking care of yourself" ("the Energy Self – sufficiency") to the "oil supply and care of yourself" ("the Energy Supply – oriented"), China discovered the danger of oil imports through sea route, they became interested in energy relations with Kazakhstan, established energy cooperation between China and Kazakhstan, as well as bilateral cooperation and the need of its regularity was proved.

Key words: China, energy, strategy, "taking care of yourself", oil supply and care of yourself», Kazakhstan, cooperation, development.

Қазақстан мен Қытай дипломатиялық қатынастарында энергетикалық ынтымақтастықтың сауда-экономикалық та, саяси стратегиялық та маңызы зор. Екі ел қатынастарының стратегиялық әріптестік деңгейге көтерілуіне арқау болған басты фактор – осы энергетикалық ынтымақтастық болып табылады. Өйткені энергетикалық ынтымақтастық екі елдің түбірлі мүддесін тығыз байланыстырып тұр. Осы бір маңызды факторды тереңірек түсіну үшін, Қытайдың энергетикалық стратегиясының тарихи эволюциясына көз жіберуге тура келеді.

Қытай өнеркәсібі кейіндеп дамыған ел, оның мұнай өнеркәсібі өткен ғасырдың отызыншы жылдардың соңында басталған. Нақтылап айтқанда, 1939 жылы Ганьсу провинциясының Юйминь аймағында алғашқы мұнай өнеркәсіп базасы салынған болатын. Бірақ оның жылдық өнімі тек 1,2 млн тонна болған еді.

1949 жылы Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылып, социалистік лагерьдің қатарын толықтырғандықтан, Кеңес Одағы ҚХР экономикасын дамытуға барынша көмек көрсетті. XX ғасырдың 50-жылдары Қытайдың мұнай өнімдерімен өзін-өзі қамдауы тек 40%-ды құрады, оның жартысын КСРО-дан импорт етіп отырған болатын. 1961 жылы ҚХР-КСРО достық қатынастары бұзылғаннан кейін, Қытай ауыр мұнай тапшылығына тап болды. Содан бастап Қытай «өз күшіне сүйеніп өмір сүру» бағытын белгілеп, мұнаймен «өзін-өзі қамдау» («the Entry Self-sufficiency») қауіпсіздік стратегиясын анықтады.

1960 жылдардың басында Қытай өз күшіне сүйене отырып Дацин, Чэньли, Хуабей, Даган, Лияохэ, Чанцин, Хэнань, Чжонюань, Чжиянхань қатарлы мұнай алқаптарын игеріп, мұнай өнімдерін молайтты, 1963 жылы мұнаймен негізінен өзін-өзі қамдайтын дәрежеге жетті [1]. 1973 жылдан бастап Қытай өздері өндірген мұнайын Тайланд, Жапония, Филлипин, Романия қатарлы мемлекеттерге экспорт ете бастады. 1985 жылы Қытайдың мұнай экспорты 33 млн тоннаға жетіп, сол кездегі тарихтың ең жоғары деңгейіне көтерілді [2].

1980 жылдан кейін Қытай реформа арқылы қарқынды дами бастады. Қытай әлеуметтік экономикасының дамуы мен халық тұрмысы деңгейінің жоғарылауына байланысты, олардың энергетика тұтыну сұранысы күрт жоғарылады. 1990 жылдары Қытайдың жылдық мұнай

тұтыну көлемі 6,7%-бен өсіп отырды, ал Қытайдың мұнай өндірісінің жылдық өсуі ортақ есеппен 1,8% ғана болды. Сонымен Қытайда мұнай өндіру мен тұтыну арасында үлкен алшақтық орын алды да, Қытай 1993 жылдан бастап мұнай экспорт етуші мемлекеттен таза мұнай импорт етуші мемлекетке айналды. Осы жағдайға байланысты Қытай өзінің бұрынғы мұнай қауіпсіздік стратегиясын өзгертіп, «Мұнай мен қамдауды қамтамасыз ету» («the Energy Supply-oriented») стратегиясын белгіледі. Қытай үкіметінің энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаты: «Ұзақ уақыт тұрақты түрде мұнаймен қамдауды қамтамасыз ету» болып белгіленді [3]. Ал осы мақсатты іске асыру үшін Қытайдың мұнай кәсіпорындары «Сыртқа шығу» стратегиясын қолданды. 1993 жылы наурыз айында Қытайдың Мұнай-газ бас компаниясы (CNPC) Тайландтың Баня аймағында мұнай игеруге рұқсат алды. Бұл Қытай Мұнай-газ компаниясының шет елде мұнай игеру құқығына бірінші рет ие болуы еді. Сол жылдың шілде айында Қытайдың Мұнай-газ бас компаниясы Канаданың Алберта өлкесінен мұнай игеру акциясының бір бөліміне қол жеткізді, сондай-ақ олар шет елдегі ең алғашқы мұнайын осы жерден өндірді. Бірақ 1993-1996 жылдары Қытайдың шет елдегі мұнайға салған инвестициясы тек шағын жобалармен шектелді.

1997 жылдан бастап Қытай шет елдерде энергетикалық қимылдарын белсенді жүргізе бастады. Қытайдың мұнай-газ компаниялары сол жылы Орталық Азияда Қазақстанмен, Африкада Суданмен, Оңтүстік Америкада Венесуэламен мұнай игеру шарттарына қол қойды. Содан кейін олар Орталық Азиядағы Түрікменстан, Әзірбайжан, Орта-Шығыстағы Оман, Ирак, Азия-Тынық мұхитындағы Тайланд, Бирма, Канада қатарлы мемлекеттермен келісімшарттар жасады. Ол келісімшарттардың мазмұны мұнайды барлау, ашу, мұнай өнімдерін бөлісу, бірлесіп қаржы салу, Концессия, құбыр тарту, тасымалдау, жер үсті құрылыстарын жүргізу, мұнай химия өнімдерін шығару, мұнай өңдеу және сату сияқты салаларды қамтыды [1,18 б.]. Бұл кездегі Қытайдың стратегиясы энергетика саласына инвестиция салу және мұнай игеруді басты мақсат етіп қойды. 1998 жылы маусым айында Қытай ел ішіндегі мұнай бағасын халықаралық мұнай бағасымен теңестіріп, қытайдың мұнай өндірісін интернационал-

дандырды. Содан кейін Қытайдың энергетика өнеркәсібі айтарлықтай дамып, энергетика өндірісі әлемнің алдыңғы қатарынан орын алды. Бірақ Қытайдың энергетика индустриясының экономикалық өнімділігі әлі де болса төмен болды [4], – деп санайды қытай сарапшылары.

Сондықтан болар, ХХІ ғасырда Қытайдың мұнай өндірісі мен тұтынуы арасындағы парық тіпті де алшақтай түсті. 2002 жылы Қытайдың тұтынған мұнай көлемі 240 млн 570 мың тонна болса, өндірген мұнайы 160 млн 890 мың тонна ғана болған. Сонымен олар мұнайдың кемшін бөлігін импорт арқылы толықтыруға мәжбүр болды. 2002 жылы бүкіл жер шарында энергетикалық қажеттілік 2,6%-дық қарқынмен өссе, Қытайдың қажеттілігі 20%-дық жылдамдықпен артып отырды. Халықаралық энергетикалық құрылымдарының статистикасына сүйенсек, 2003 жылғы Қытайдың мұнай тұтыну көлемі бірінші рет Жапониядан асып, АҚШ-тан кейінгі әлемде екінші орыны ұстаған, олар әр күні 5 млн 460 мың барелл (Жапония 5 млн 430 мың барелл) мұнай жұмсап, әлемдік мұнайдың 6,5%-ын (АҚШ 25,5 пайыз) тұтынды. Сонымен, Қытай өзіне қажетті мұнайдың 32%-ын импорт етуге тиісті болды.

Осындай жағдайға байланысты, Қытай үкіметі 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі энергетикалық стратегиясын «Мұнай бұлақтарын ашу, мұнайды үнемшілікпен пайдалануға» өзгертті. Өйткені «11 қыркүйек оқиғасы» Қытайдың энергетикалық қауіпсіздік жағдайын өзгертіп жіберді, оның үстіне Қытай мен Ресей арасындағы Қиыр-Шығыс мұнай құбыры келіссөздері де тығырыққа тірелген болатын. Сондықтан Қытай халықаралық жаңа жағдайға бағытталған стратегиялық таңдауын жасауға мәжбүр болған еді.

«Мұнай бұлақтарын ашу, мұнайды үнемдеп пайдалану» стратегиясы, Қытай Компартиясының XVI кезекті III пленумында нақтыланып, «Еліміздің энергетикалық қауіпсіздік стратегиясының белгіленуі және оны іске асырылуы міндетті түрде ғылыми даму көзқарасының жетекшілігінде болады», – деп көрсетті. Ал 2005 жылы қазан айында өткен Қытай Компартиясының XVI кезекті V пленумына қабылдаған «ҚКП ОК Халық шаруашылығы мен әлеуметтік дамудың Он бірінші бесжылдығының жоспар ұсынысында»: «... Энергетикалық тұтынуды «Оныншы бесжыл-

дықтың» соңынан бастап 20% шамасында үнемдеу керек», – деп көрсетілді. 2004 жылы маусымда ҚХР Министрлер кабинетінің тұрақты мүшелері жиналысында қабылданған «Еліміз энергетикасының орта және ұзақ мерзімдік даму жоспары (2004-2020)» деп аталатын құжатта, Қытайдың энергетикалық стратегиясы мен саясаттық мақсаттары айқындала түсті. Онда: «Энергетиканы үнемдеуді алдыңғы орынға қою, өнімділікті көздеу, көмірді негіз ету, көп салалы даму, ел ішіне табан тіреу, шет елдерде кеңейту; қала мен қыстақты біртұтас жоспарлау, үйлесімді орналастыру; ғылыми-техникаға сүйену, жүйеге жаңалық енгізу; қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету» [5] – деп, атап көрсетілді.

Қытай өзінің «Он бірінші Бесжылдық» мерзімінде (2003-2008) энергетика саласы бойынша 43 мемлекетпен 131 келісімшартқа қол қойды. Ол келісімшарттарда мұнай-газды барлау және оны ашу, игеру, энергетиканы тасымалдау, мұнай-газ құбырын тарту, мұнай-газ өңдеу және техникалық қызмет көрсету сияқты мазмұндар қамтылған. Сонымен, Қытай Орта-Шығыс, Африка, Орталық Азия және Ресей, Азия-Тынық мұхиты мен Оңтүстік Америка сияқты бес континетті қамтыған мұнай-газ ынтымақтастық аймағын қалыптастырды. Қытай мемлекеттік энергетика департаментінің толықсыз статистикасында: 2009 жылдың соңына дейін, Қытай мұнай компанияларының шет елдерде өндірген мұнай өнімі 50 млн тоннаға жетіп, Қытайдың шет елдегі мұнай көздерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етті, – деп жазылған [6].

Бірақ Қытайдың энергетикаға сұранысы сонда да қанағаттандырылмады. Өйткені Қытайдың қарқынды дамуына байланысты алдағы он жылда Қытайдың мұнай импорты 10%-бен өсіп отырады деген болжам бар. Ал 2020 жылға барғанда Қытайдың жылдық тұтынатын мұнай көлемі 450 млн тоннаға жететін көрінеді. Сол кезде Қытай өзіне қажетті мұнайдың 60%-ын импорт етсе, 2030 жылға барғанда 80% сырттан тасымалдау арқылы сұранысын қанағаттандыруға тиісті болады екен [7]. Міне, осындай жағдайда Қытайдың энергетикалық стратегиясында мұнай импорты олардың маңдай малды маңызды сыртқы саясаты болып қала береді. Сондықтан қазіргі кезде Қытайдың энергетикалық саясаты жалаң «Ел ішіне табан тіреу, өзін-өзі қамдау»-дан, «Энергетикалық дипломатия», «Мұнай ди-

пломатиясына» өзгерді. Іс жүзінде олар мұнай импортын әртараптандыру арқылы болуы мүмкін қауіп-қатерлерден сақтанудың жолдарын қарастыруда. Өйткені Қытайдың мұнай импорттау жағдайы мез емес.

Қытай көп жылдардан бері өзіне қажетті мұнай импортының 56 пайызын Орта-Шығыс аймағынан алып келген. Алайда соңғы жылдары Орта-Шығыс қоғамындағы тұрақсыздықтар мен өзгерістер, әсіресе АҚШ-тың Иракты оккупациялау арқылы мұнай секторына үстемдік орнатуы, Қытайдың бұл аймақтан тұрақты түрде мұнай алып тұруына қатер төндірді. Сондықтан Қытай басқа аймақтардан балама мұнай көздерін іздеуге мәжбүр болды.

Ал Қытайдың мұнай тасымалы жағдайынан қарайтын болсақ, ахуалдың біршама күрделі екендігін аңғарамыз. Қытайдың шет елден алатын мұнайының 90%-ы теңіз жолы арқылы тасымалданады. Олардың маршруттары Индонезияның Сументажа аралы мен Малайзия мен Сингапур арасындағы Малак бұғазынан өтеді. Бұл жолдың қауіпсіздігіне сенім байлауға келмейді. Оның үстіне Қытай импорт еткен мұнайдың 80%-дан артығын шет ел танкерлері жеткізеді. Егер халықаралық жағдайда аяқастынан үлкен оқиға туа қалса, Қытайға шет елден келетін мұнай тасымалы тоқтап қалуы әбден мүмкін. Міне, осындай көмескі факторларды көзде ұстай отырып, Қытай өзімен шекаралас жатқан Қазақстан және Қазақстан арқылы Орталық Азия мемлекеттерімен және Ресеймен мұнай-газ саласында ынтымақтастық орнатуға қатты белсенділік танытып отыр. Басқаша айтқанда, Қытайдың ұлттық түбірлі мүддесі оларды Қазақстанмен ынтымақтасуға мәжбүрлейді. Сонымен, Қытай мен Қазақстан арасында 1997 жылы алғашқы энергетикалық ынтымақтастық шартына қол қойылып, Қытайдың «Ақтөбемұнайгаз» кәсіп орнының 60 пайыз акциясын алуымен өзара ынтымақтастық қатынасы басталған болатын. Содан бері екі елдің энергетикалық саладағы ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді.

Әрине, Қазақстан да шет елдерге энергетика экспорттауға мүдделі. Өйткені еліміздің ұлттық кірісінің негізгі қайнар көзі осы сала болып табылады. Оның үстіне іргелес жатқан, қарқынды дамып отырған, қаржысы мол алып ел Қытаймен энергетикалық ынтымақтастық қатынасты дамыту Қазақстан үшін де аса

маңызды. Ақиқатын айтқанда, «энергетикалық дипломатия» Қазақстанның да басым бағыты.

Сондықтан Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мұнай өнеркәсіп саласына шет елден қаржы тарту саясатын белсенді жүргізді, шет ел инвестициясын қорғау және шет ел инвесторларына жеңілдіктер беру жөнінде бірқатар заңдар қабылдады. Соның нәтижесінде елге жүз миллиондаған қаржы тартып, оны мұнай-газ бұлақтарын барлауға, игеруге және оны экспорттау құрылыстарына жұмсап келеді.

Қазақстан үшін энергетика экспортын әртараптандыру және экспорт көлемін ұлғайтып отыру аса маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан Қытаймен ынтымақтасу Қазақстан үшін ең тиімді болары сөзсіз. Ал Қытайдың энергетикалық жағдайы да оларды осы салада Қазақстанмен, тіпті, Орталық Азия елдерімен барынша кең көлемде байланыс жасауға мәжбүрлейді.

Өмір заңдылығынан айтқанда, екі жақтың өзара мүдделігінен орнатылған ынтымақтастық қашанда баянды болары сөзсіз. Мұның мысалын Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықтың дамуынан айқын аңғаруға болады. Екі елдің энергетикалық қатынастарының бірінші кезеңін 1997 жылдан 2005 жылдар деп санаймын. Бұл мезгіл екі ел энергетикалық ынтымақтастықтың негізін қалыптастырумен ерекшеленеді. 2005 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан мен Қытай бірлесіп жасаған жалпы құнды 700 млн АШҚ доллар тұратын, ұзындығы 960 шақырым келетін «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры құрылысының аяқталуының тарихи дәуір айыратын мәні бар оқиға. Бұл құрылыстың геоэкономикалық маңызымен қатар, стратегиялық құндылығы да айрықша. Осы құбыр іске қосылған 2006 жылдың мамырдан екі ел энергетикалық қатынастарының екінші кезеңін бастады деп санауға болады. Содан бастап Қазақстанның мұнай экспорты жыл сайын еселеп артып келеді.

Дегенмен Қытайдың мұнай импорты көбінесе халықаралық жағдайға, мемлекеттер қатынастарының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, Қытай мен Ресей арасындағы Қиыр-Шығыс мұнай құбыры келіссөзі кезінде тығырыққа тірелген еді. Соңғы кезде Ресейдің Украинаның Қырым аралына қол сұғуына байланысты, АҚШ пен Батыс елдерінің Ресейге санкция қолдануы, Қытайға өз пайда-

сын тигізетін сияқты. Қытайлар Батыс елдерге Ресейге санкция салғанда (Қытай оған қарсы екендігін білдірсе де), Ресеймен Қиыр-Шығыс мұндай құбыры бойынша келіссөз жүргізу өздеріне тиімді болады деп, қолдарын ысқылап отыр. Жағдай Қытай ойлағандай

бола ма, жоқ, оны уақыт көрсетеді. Дегенмен Қытайдың энергетикалық стратегиясын қытай қоғамының дамуы мен халықаралық жағдайдың өзгерістеріне байланысты динамикалық талдаулар жасап, еліміздің мұнай-газ саясатын үнемі реттеп отыру қажет деп санаймын.

Әдебиеттер

1. 中国石油安全的国际政治经济学分析. – 北京: 当代世界出版社.
- 2 中国与中亚国家能源合作对策研究
- 3 Felix K. Chang, “Chinese Energy and Asian Security”. – Orbis, 2001. – Vol.145. – №. 2. – P. 233.
- 4 我国能源政策回顾与未来政策.经济研究参考
- 5 我国能源中长期发展规划纲要 (2004-2020)
- 6 Zongguo nengyuan bianjibu.Zhong guo nengyuan. 32. – № 2. – P. 3.
- 7 中国与哈萨克斯坦能源合作透视. 俄罗斯中亚东欧市场. 2004. – № 2.

References

- 1 Sha Daojiong – Zhong guo shi you an quan de guoji zhengzhi jingjixue fenxi . – Beijing: Dangdai shijie xubanshe. – 2005, 6 б.
- 2 Shai Li. – Study on Countermeasures of Entry Cooperation Between China and Central Asian Countries. – Beijing: social sciences Academic press(china). – 2013, p159.
- 3 Felix K. Chang, “Chinese Energy and Asian Security”. – Orbis, 2001. – Vol.145. – №. 2. – P. 233.
- 4 Shi Dan. – W guo nengyuan zhengce hui gu yu weilai zhengce. Jingji sankao. – 2000. – № 20. –p 20-27.
- 5 W guo nengyuan zhong chang qi fazhan gangyao (2002-2020).
- 6 Zongguo nengyuan bianjibu.Zhong guo nengyuan. 32. – № 2. – P. 3.
- 7 Гүлзат Тұрсын.- Zhong guo yu Hasakesetan neng yuan he zuo tushi. Eluose Zhongya Donguo shichang. 2004. – № 2.

ӘОЖ 327: 338.45 (574)

М.С. Мұқанұлы*, А.Е. Тойганбаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail:mykan.s@ablaikhan.kz

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығы

«Ғасыр жобасы» атымен белгілі болған 2005 жылы Атасу-Алашанькоу магистральды құбыр салына бастады. Құбырды тапсырыс беруші және иегері болып Қазақстан-Қытай құбыры компаниясы – «ҚазТрансОйл» және CNPC тіркелді. Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының ұзындығы 962,2 км болып қалыптасты. Оның ішінде 960 км Қазақстан территориясында, ал 2,2 км ҚХР-ның территориясында болып тіркелді.

Бүгінде Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын салу тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан және Қытай жана жобаларды жүзеге асыру жұмыстарын қолға алу ниеттерін білдірді. Ниеттерін жүзеге асыру және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты көрсетудің дәлелі ретінде «ҚазМұнайГаз және Қытайдың Ұлттық Мұнай компаниясы арасында келісілген Қазақстан-Қытай арасында мұнай құбырының екінші кезеңін салу жөніндегі негізгі принциптері туралы келісім-шартқа» қол қойылды.

Бұл құжат Астана және Пекиннің екі жақты энергетикалық ынтымақтастықтың қызығушылығын білдірді. Қазақстандық тарап Кенкияк-Құмкөл мұнай құбырын салуды жоспарлауда. Аталмыш құбыр Кенкияк-Атырау, Құмкөл-Атасу, Атасу-Алашанькоу мұнай құбырларының аяқталушы және біріктіруші құбыр болып және сондай-ақ Қазақстанның батыс және орталық бөлігіндегі мұнайды Қытайға тасымалдауын қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: құбыр, екі жақты қатынастар, ҚазМұнайГаз, CNPC, инвестициялар, ұлттық мүдделер.

С.М. Муканулы, А.Е. Тойганбаева

Сотрудничество в нефтегазовой сфере между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой

«Проектом века» было названо строительство в 2005 году магистрального трубопровода Атасу-Алашанькоу. Заказчиком и владельцем трубопровода стала компания Казахстано-Китайский трубопровод, учрежденная АО «КазТрансОйл» и CNPC. Протяженность нефтепровода Атасу-Алашанькоу составила порядка 962,2 км. Из них 960 км на территории РК и 2,2 км на территории КНР.

На сегодня, учитывая успешный опыт строительства нефтепровода Атасу-Алашанькоу, Казахстан и Китай намерены проработать и реализовать новые прорывные проекты. Демонстрацией намерений долгосрочного сотрудничества обеих стран является подписание «Соглашения об основных принципах строительства второго этапа нефтепровода Казахстан-Китай между АО НК «КазМунайГаз» и Китайской Национальной Нефтяной Компанией».

Данный документ продемонстрировал острую заинтересованность Астаны и Пекина в активизации двустороннего энергетического сотрудничества.

Казахстанская сторона планирует строительство Кенкияк-Кумколь, который станет завершающим штрихом в соединении уже существующих нефтепроводов Кенкияк-Атырау, Кумколь-Атасу, Атасу-Алашанькоу, и созданию единого энерготранспортного коридора, который позволит транспортировать нефть с месторождений западного и центрального Казахстана по направлению в КНР.

Ключевые слова: трубопровод, двусторонние отношения, КазМунайГаз, CNPC, инвестиции, национальные интересы.

S.M. Mukan, A.Y. Toiganvayeva

Cooperation in Oil and Gas Fields between Republic of Kazakhstan and People's Republic of China

“The project of a century” was called a construction in 2005 of the main pipeline of Atasu-Alashankou. The Kazakhstan-Chinese pipeline was founded by JSC KazTransOil and CNPC became the customer and the owner of the pipeline. Extent of the oil pipeline of Atasu-Alashankou made about 962,2 km. From them 960 km in the territory of the Republic of Kazakhstan and 2,2 km in the territory of the People's Republic of China.

For today, considering successful experience of construction of the oil pipeline of Atasu-Alashankou, Kazakhstan and China intend to work and realize new breakthrough projects. Demonstration of intentions of long-term cooperation of both countries is signing "Agreements on the basic principles of construction of the second stage of the oil pipeline Kazakhstan-China between JSC Oil Company KazMunaiGas and the Chinese National Oil Company".

This document showed sharp interest of Astana and Beijing in activization of bilateral energy cooperation. Kazakhstan party plans construction Kenkiyak-Kumkol that becomes touch-up in connection of already existing oil pipelines of Kenkiyak-Atyrau, Kumkol-Atasu, Atasu-Alashankou, and creation of an uniform power transport corridor which will allow to transport oil from fields of the western and central Kazakhstan in the direction in the People's Republic of China.

Key words: Pipeline, bilateral relations, KazMunaiGas, CNPC, investments, national interests.

«Каспий барлық әлемдік өркениеттер мен діндердің қиылысқан жері болып есептеледі», – мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің монографиясында атап өтеді [1]. Оның бұл мәртебесі артынан әлі де сақталып келеді. Бүгінгі күнде Каспий теңізінде түрлі елдердің компаниялары жұмыс істейді. Бұл жайдан-жай емес. Сарапшылардың есептеуінше, дәлелденген мұнай қоры 4-6 млрд тоннаны немесе әлемдік мұнай қорының 3%-ын құрайды. Қазіргі кезде Каспий теңізі мұнайының өндіру көлемі бүкіл әлемдік мұнай қорының 1,5% немесе Таяу Шығыс елдерінің мұнай қорының 4%-ын құрайды. Жалпы, Каспий теңізінің өндірістік потенциалы 150-200 млн тоннаға немесе көрсетілген уақытқа қарай Таяу Шығыс елдерінің өндірістік қуаттылығының 12%-ға бағаланады [1, 156].

2001-2009 жылдары өз өкілеттілігін атқарған АҚШ вице-президенті Ричард Чейнидің сөзін айтып кеткен жөн, ол «қандай да бір аймақ кенеттен Каспий теңізі сияқты стратегиялық маңызды болып кеткен жағдайдың болғаны есінде жоқ» деп айтқан болатын [2]. Каспий аймағы теңдессіз. Бірінші кезекте көптеген ірі мемлекеттер аймаққа мүдделі және «үлкен ойынға» еліктеуде. Екіншіден, олардың көбі халықаралық қатынастардың қайтадан құрылған акторы болып келеді. Үшіншіден, аймақтың тағдырына қатысты мәселелердің барлығы дерлік анық емес. Дербес каспийлік аймақтың пайда болуымен Батыс және батыстық іскер топтар таңдаулы бір аспектке – мұнай-газ ресурстарында тоғыстырылды. Каспий теңізі бассейнінің мұнай және газ ресурстары әлемдік энергоресурстар саудасында күштер орналасуына әсер етеді. Каспий теңізі бассейнінің кен орындары белгілі бір деңгейде әлемдік экономиканың таяу шығыстық мұнайдан тәуелділігін әлсіретуі мүмкін. Ал қалғаны АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының бұрынғы

қызметкері, қазіргі Рэнд корпорациясының беделді ғылыми қызметкері Грэм Фуллердің сөзінше, ешкімді қызықтырмайды. Бұған дәлел ретінде Каспий теңізі құрама бөлігі болатын үлкен энергетикалық потенциалы жоқ Орталық Азия және Кавказ аймақтары бола алады [2, 3].

Каспий теңізінің көмірсутек ресурстарымен байланысты мәселелер негізінде мұнай қоры мен мұнай өндірудің өнімдері үстінен физикалық бақылау жатыр, дегенменде маңызды мәселе табыстың бөлінуі болып есептеледі. Мысалы, Америка Құрама Штаттары тек америкалық компаниялары Каспий мұнайын сатудан келетін табыстың негізгі бөлігін алуға тырысады. Бұл жағдайда мұнайдың Қытайға ма, Чилиге ме, Үндістанға ма жеткізілетіні маңызды емес. Тек кімнің табысты бақылайтыны ғана маңызға ие. Сәйкесінше, Каспий теңізі аймағының мұнай секторына инвестиция салуға және құбыр желісіне қатысты кез келген мәселеде шешуші орынды геосаяси аспект алады. Көптеген қазақстандық сарапшылар, Вашингтонның әлемдік жаңа энергоресурстардың ағымын және олардың бағаларын бақылау мүмкіндігін жоғалтып алу себебінен, АҚШ Батыс Қазақстаннан ҚХР-ға мұнай құбырының төселуіне мүдделі емес деген көзқарас ұстанып отыр [3]. 1998 жылдың қаңтарынан бастап, бұған дейін потенциалды тұтынушыға шығатын жол таппаған «америкалық» БК «Тенгизшевройл» мұнайы темір жол арқылы СҰАР (Батыс Қытайға) жіберілді, бұл факт, яғни сол пікірге қарсы келеді.

Сонымен қатар сыртқы саясат мәселелері бойынша америкалық кеңестің бұрынғы қызметкері Уэйн Мерридің «құбырдың қытайлық бағытымен проблемасы оның Вашингтонның геосаяси таңдауларына сәйкес келмейтінінде» деген көзқарасымен келіспеу мүмкін емес [4].

Сонымен қоса «жеңіл және ауыр мұнай өндірудің және оның Каспий теңізі бассейнінен

экспорттаудың өсу көлемі маңызды фактор болып келеді, ол америкалық және әлемдік экономикаға мұнай жеткізу іркілістерінің кері әсер етуін төмендетуі мүмкін» [2, 5]. 1999 жылдың мәліметтері бойынша, Каспий теңізі бассейнінің резервтері 200 млрд баррель мұнайды (27,4 млрд. тонна) және табиғи газдың 279 триллион куб метрін құрайды. 30 млрд баррель көлеміндегі дәлелденген мұнай қоры аймақтың мұнай өндіруші елдеріне 70 млрд АҚШ доллар сомасындағы шетел инвестициясының келуін қамтамасыз етті, оның 4 млрд-ы салынып қойған [2, 6]. Аймақта жаңа іздестірулер жалғасуда және дәлелденген қорлардың көлемі одан көп болады деп күтіледі. Осылайша, қазақстандық Қашаған кен орнында бұрғылаудың алғашқы нәтижелері Аляскадағы (АҚШ) Прудо шығанағындағы кен орнының көлемімен салыстыруға келетін соңғы 30 жыл ішінде жаңа ашулардың бірі жасалынғанын көрсетті. Қазақстандық сарапшылардың бағалауынша, Қашаған кен орнының болжаланатын мұнай қоры 7 млрд тоннаны құрайды, 13 млрд-қа бағаланатын жалпы мұнай қоры Қазақстанды ірі мұнай державаларының алғашқы ондығына шығара алады [5]. Н. Назарбаевтың өз монографиясына сәйкес: «Қазақстандық сектор қайрандағы ең келешегі бар мұнай аймағы деп есептеледі... Салдар ретінде, бұның бәрі Каспий теңізі аймағының айналасында геосаяси күресті күшейтеді, бұл үрдіске объективті жағдайлар негізінде, мемлекеттердің бірқатары тартылған болып шығады. Каспий теңізінде бірнеше «күш орталықтарының» – АҚШ, Ресей, Қытай, Иран және Парсы шығанағы елдерінің өмірлік маңызды мүдделері қатаң түрде қақтығысады [1, 160].

Каспийлік бағыт ҚХР сыртқы саяси стратегиясының басым бағыттарының бірі болып есептеледі. Каспий теңізінің энергоресурстары энергошикізаттағы экономикалық өсудің жоғары динамикасымен Қытайдың және де өзге азиялық мемлекеттердің тез өсуші қажеттіліктерін қамтамасыз ете алады.

1990-жылдардың соңында қытай үкіметі елдің батыс ауданын «ашу» стратегиясын әзірледі. Бағдарламаның міндеттерінің бірі ҚХР-ның батысындағы ресурстарды өндіру және сол бөлігінің нарығын жандандыру болып табылады. Осылайша, Орталық азиялық аймақ Қытай мен Еуропаны қосатын орталық болып

келеді. Қытайлық ғалымдар Орталық Азия – мұнай мен газдың әлеуеттік қайнар көзі болады, себебі аймақтың құбыр желісі қысқа және қауіпсіз, жолдары баламалы деп санайды.

Қазіргі кездегі Орталық Азиялық көршілерге қатысты қытайлық ресми саясат АҚШ-тың саясатына ұқсас келеді, тек аса ұстамды нұсқасында. Пекиндік көшбасшылар, бәрінен бұрын, экономикалық мүдделермен басқарады, мұнда олар үшін маңыздысы – Каспий теңізі аймағындағы шикізат ресурстарына қол жеткізу, сонымен қоса өзінің өнімдерінің өткізу нарықтарын кеңейту болып келеді. Бұл үшін қазірдің өзінде Қытайдың батыс межелеріне әртүрлі көліктік инфрақұрылым тартылуда, кейін ол Каспий, Қара, Жерорта теңіздері бассейндеріне апаратын Ұлы Жібек жолының әртүрлі бағыттарында жалғасуы керек. Экономикалық мүдделер – Каспий теңізі маңындағы мемлекеттері мен өзара қатынастарда Қытайдың басты, бірақ жалғыз қозғау салушы түрткісі емес. Өзінің территориясында Синьцзян – Ұйғыр автономды ауданының (этникалық жағынан Орталық Азияның түркі тілдес тұрғындарына жақын) бұрынғы халықтарымен реттелмеген мәселелері бола тұра, Пекин батыстық көршілермен шекарада тұрақтылықты қолдауда мүдделі болып тұр, сол үшін де екі жақты қатынастар тәртібінде және «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы» шеңберінде тең құқылы жағдайға сәйкес уағдаластықты құра отырып, ортақ халықаралық терроризммен күрес мәселесін шешуге барлығымен тең дәрежеде қатысуға дайын. Алайда аймақтағы Қытайдың нақты мүдделеріне қатысты өзге көзқарас бар. Мысалы, америкалық университеттің зерттеушісі В.Хлюпин «Қытай қазақстандық кеңістіктерін баяу, бірақ дұрыс, барлық қол жетушілік жолдармен, тәсілдермен «игереді». Батысқа жылжу, сөзсіз қытайлық басшылықтың жоспарына кіреді, саналы және мақсатты түрде жүзеге асуда. Қазақстан басшылық мәселелерді ескермей, Ұлы шығыстық көршісіне қауіпті геосаяси ойын жүргізуде. Бұрынғы империя – Ресейдің құшағынан қашамын деп, одан да қауіптірек «одақтастың» қолына түседі [6]. Уэйн Мерри «Қытай бұған дейін Ресей империясы (немесе АҚШ) пайда болғанға дейін Орталық Азиядағы басым держава болған. Қытайлық стратегтерде ұзақ есте сақтау қабілеті, оған қоса өздерінің

келешек энергетикалық тұтынуларын және де өздерінің ұлттық мүдделеріне потенциалды қауіпті өткір түсіну қабілеті бар» деп есептейді [4, 33]. Каспий теңізі маңы мемлекеттердің ішінде потенциалды түрде шикізат қатынаста өте бай мемлекет – Қазақстанға басым көңіл бөледі. Бұл фактор елдер арасындағы шекаралық даудың тез шешілуіне жасырын себеп болды. Қытай тез және қырсықсыз мемлекеттік шекара туралы келісімге қол қойды (кеңестік дипломатияға қол жеткізе алмаған еді) және де өзінің әскерлерін 100 км тереңдікке тартуға келісімін берді [3, 51]. Сонымен бірге мұнай факторы оның Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беруіне жәрдемдесті және түрлі деңгейдегі саяси байланыстардың дамуына жақсы әсер етті.

Сонымен қоса бұл тұрғыда Ахмед Рашидтің көзқарасын келтіріп кеткен жөн, «Қытайдың Қазақстанға деген шынайы қызығушылығын тек бұл орта азиялық мемлекеттің қытайлық Синьцзян ауданымен, сол жерден тікелей Қытайға мұнай құбырын жүргізуге мүмкіндік беретін, шекаралас болуында ғана емес, сонымен қоса Қазақстан Иран мен Иракқа, яғни қытайлықтар жақын арада өздерінің экспансиясын одан әрі күшейтуге бағытталған аймаққа, табиғи континенталды көпір қызметін атқаруында да қызығушылығын білдіріп отыр» [7].

Қытай мен Қазақстан арасындағы мұнай саласындағы ынтымақтастық 1997 жылы басталды. 1997 жылдың ақпанында Н.Назарбаев Пекинге бейресми сапармен барады. Онда «қазақ этникалық қоғам жағдайы мен этникалық сепаратизм мәселесі», сонымен қоса «мұнай мен газ саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың келешегі мен жаңа көлік коридорларын ашуға қатысты үш мәселе» талқыланады. Н.Назарбаевтың Пекинге келуін түсіндіре отырып, ҚР сол кездегі сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев ұйғыр сепаратизмі мәселесімен қатар, мүмкін болса «егер Қытай тарапынан бұл мәселе қозғалса» мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық жобасы да талқыланатын болады деп көрсетті. Сонымен қатар министр қытайлық инвестициясының нақты саны шамамен 10 млрд АҚШ доллар болатындығын атап өтті [6, 117]. Сапар барысында біздің Президент Өзен кен орны (өндірілетін қор – 140 млн тонна мұнай) және «Ақтөбемұнайгаз» АҚ (алынатын қор – шамамен 100 млн тонна мұнай) бойынша жарияланған «еркін» тендерді дәл Қытай

ұлттық мұнай компаниясы жеңіп алатындығына қытайлық серіктестерге анық сендірді [6, 118].

Қытайлық компания Ақтөбелік кен орнын өндеуде тендерді, америкалық «ЕХХОН», «Амосо» және «Техасо» сияқты компанияларының 180 млн АҚШ доллар ұсынуларымен салыстырғанда, 320 млн АҚШ долларын ұсыну арқылы жеңіп алды.

1997 жылдың 4 маусымында CNPC (Қытайдың ұлттық мұнай компаниясы)-ның вице-президенті У Яовэнь мен ҚР Жекешелендіру бойынша мемлекеттік комитеттің төрағасы Эдуард Өтепов келісімге келді, ол бойынша біріккен «Ақтөбемұнайгаз» кәсіпорнының 60% акциясы қытай инвесторларына тиесілі болды.

Кәсіпкерлікті басқаруға құқық алумен қоса, CNPC 5 жыл ішінде кен орнының өндірісі мен өңделуіне 580 млн АҚШ долларын инвестициялауды, ал кейінгі 20 жылда 4 млрд. АҚШ доллар салуды және мұнай өндіру көлемін жылына 2,8-ден 5,8 миллион тоннаға көтеруді міндетке алды.

1997 жылы 24 қыркүйекте ҚХР-ның Мемлекеттік кеңесінің премьер-министрі Ли Пэн Алматыға ресми сапарымен келді. Келіссөздер нәтижесінде келесі келісімшарттарға қол қойылды:

1. «Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге» – Вице-премьер Ө.Шүкеев және Мемлекеттік кеңестің бірінші премьері Ли қол қойды.

2. «Мұнай құбырларының құрылысы және кен орындарды өңдеу жобалары жөніндегі бас келісімге» – Энергетика және табиғи ресурстар министрі Д. Дүйсенов және CNPC-тің бас директоры Чжоу Юнкан қол қойды.

Өзен (Батыс Қазақстан) кен орнындағы мұнайды өңдеу жөніндегі келісімге сай, мұнай табысының жылдық көлемі бұл жерде 6-7 млн. тоннаны құрау керек. Сол кезде Өзен кен орнынан ҚХР шекарасына дейін және одан әрі Батыс Қытай территориясы бойымен мұнай құбыры құрылысының мерзімі орнатылған еді. Бұл мерзім 5-7 жылға есептелінді. 1997 жылы қарашада «Өзенмұнайгаз» деп аталған жоба бойынша бірлескен жұмыс тобы құрылды. Жобаның құны 4 млрд. АҚШ долларды, ал мұнай құбырының құны 3,5 млрд. АҚШ долларды құрауы тиіс болды. Мамандардың бағалауы бойынша, мұнай құбыры онымен жы-

лына 20 млн тонна мұнайды тасымалдай алатын жағдайда ғана пайдалы болар еді.

Премьер Ли Пэн «келісімшарттың жүзеге асырылуының басталуы жедел түрде, басты мұнай құбырының құрылыс мерзімі – 60 ай, құбырды пайдалануға енгізу – 2005 жылдың 30-шы маусымына дейін болады» деп сенімді және директивті түрде мәлімдеді [6, 120].

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар Министрлігі және Қытай Ұлттық мұнай корпорациясы арасындағы басты келісіміне сай, Қазақстан-Қытай мұнай құбырының құрылысын техникалық-экономикалық негіздеуді (ТЭН) дайындау басталған болатын. Батыс Қазақстан – Қытай бағыты Атырау – Кенкияк – Құмкөл – Атасу – Дружба бағыты бойынша мұнай құбырын құруды болжайды. СҰАР мұнай кен орындарынан қытайлық құбыр жүйесі Шаншань қаласына дейін жалғасады. Егер мұнай құбырының жүктелуі жылына 20 млн. тонна мұнайдан кем болмаса, мұнай құбыры Ланьчжоуға дейін созылуы мүмкін, ал бұл жерден Шығыс Қытайға магистралды мұнай құбыры бар. Осылайша, мұнай құбырының жалпы ұзындығы 3000 км-ден асады, соның ішінде 2400 км Қытай шекарасына дейінгі аралықты алады. Жобаның құны кепілденген өткізу мүмкіндігі жылына 20 млн тонна (максималдысы – жылына 40 млн. тонна) болған негізде 2,7-3 млрд. АҚШ доллар болады. Арақашықтығы және қажетті салымдар бойынша құрылыс үш сатыға бөлінеді:

1. Кенкияк – Құмкөл – 785 км, 785 млн. АҚШ доллар.

2. Атасу-Алашанькоу (ҚХР) – 1100 км, 1,3 млн. АҚШ доллар. 1 млрд. АҚШ доллар көлемінде пайда беретін, кепілденген өткізу мүмкіндігі жылына 20 млн. тонна (максималдысы – жылына 40 млн. тонна) негізінде оның құны 2,4-2,7 млрд. АҚШ долларды құрайды.

3. Атырау-Кенкияк (410 км, 359 млн. АҚШ доллар) және Құмкөл-Каракоин (199 км, 131 млн АҚШ доллар).

Транзиттік елдерден қауіптің болмауын жобаның анық артықшылығына жатқызуға болады. Сонымен қоса мамандар жобаның анық кемшіліктерін де атап көрсетеді: үлкен ұзақтық, СҰАР мен Қытайдың шығыс аудандарын қосатын дамыған ішкі желінің болмауын, жылына 20 млн. тоннадан кем болмайтын мұнай айдау негізінде құбыр пайдалы бола ала-

тынын көрсетеді. Сонымен қоса, СҰАР-ның өзінде әзірше Тарим ойпаты кен орындарында мұнайдың есептелген қорлары расталмаған. Қазақстан мұнайы ешқашан таяу шығыстық мұнайдан арзан болмайды және де тек көмірсутек шикізаты қайнар көздерін әртараптандырудың саяси қажеттілігі тұрғысынан ғана қарастырыла алады. Бақылаушылар қытайлық тарап жобаны толығымен тиімсіз деп есептейді және Қазақстан бұнымен санасуға мәжбүр [7, 3]. 2000 жылы Қытай ұлттық мұнай корпорациясының президенті осындай құбыр желісінің «жақын арадағы келешексіз құрылысы жөнінде» айтты. Осындай ұзындықтағы мұнай құбыры өтелуі үшін жылына 20 млн. тонна тәртібінде мұнайдың айтарлықтай көлемі қажет. CNPC «Ақтөбемұнайгаз» компаниясының негізгі акционері, сонымен қоса Қазақстандағы Кенкияк және Жаңажол кен орындарының иесі болып келеді. Бірақ бұл кен орындардан алынатын қалдық қор – 42-91 млн. тонна, ол жобаның өтелуі үшін сәйкесінше жеткіліксіз.

Дегенмен құбыр желісі тек экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси мазмұнға ие. Бұл кез келген осы сияқты жобаның өтелу мерзімі ондаған жылдарға созылады. Сол себепті экономикалық тиімділікті таңдау саяси одақтастың шешімін білдіреді немесе сонымен бірігеді. Сондықтан Қытай мен Қазақстан сөз жүзінде құбыр желісі идеясынан қайдан бас тартсын.

Қытайда мұнай құбыры әлі болмаса да, Қазақстан – Синьцзян мұнай бағыты шын мәнінде қызмет ететіндігін айта кеткен жөн. 1997 жылы Қазақстан Қытайға мұнайды теміржол цистерналарда жеткізуді бастады. 1997 жылдың соңы мен 1998 жылдың басында Қытай 100 мың тонна мұнай алса, 2001 жылы ол 5 есе көбейді.

1999 жылы Қазақстан үкіметі «консорциумға» үшінші мүдделі тарапты – Ресей жағынан «Транснефть» компаниясын қосуды ұсынды. Қазақстан Ресейге, дәлірек айтқанда Орынбордағы Орск Мұнай өңдеу зауытына өзінің «батыстық» мұнайын, орнына теміржол арқылы Қытайға артынша сату – тасымалдау үшін Шығыс Сібірдің ресейлік бөлігінен (Қарағанды облысының орталық бөлігіндегі мұнай құюшы Атасу станциясы арқылы) сондай көлемдегі «қара алтынды» ала отырып, жеткізу керек.

Көптеген мамандар бұл жобаны өте ұзақ және қымбат болғандықтан виртуалды деп

атады. 2002 жылға дейін құбыр желісі жобасы үкіметтердің назарынан тыс қалды және мүмкін емес деп артқа қалдырылды, ал ең батылдары геолог Марат Майлыбаевтың үлгісі бойынша оппозициялық баспада СҰАР-ға құбыр желісі жобасын «ертегі» және «қиял» деп жазған еді [6, 211]. Тәуелсіз америка сарапшылары бұл негізде шыншыл, олар Майкл Леливельдтің айтуынша, «1997 жылғы жарияланған ұлы құбырдың жүзеге асуына көп сене бермейді» және «Қытай өзінің ықпалын күшейту мақсатында Қазақстанға орындалмас уәделер бергенін» ашып көрсетеді [7]. Келісімшарттың мерзімі өткен соң Қазақстанға бағалы нәрсе тимейтіні ықтимал. Ол кезге қарай әлемдегі саяси және экономикалық жағдай танымастай болып өзгеріп кетеді, жүзеге аспаған жобаны «есептен шығаруға» түрлі себептер табылады.

Келісімшарт мерзімі аяқталысымен Қазақстанға бағалы бір нәрсе тиесілі болатыны екі талай. Сол уақытта әлемде экономикалық та, саяси жағдай да мүлдем өзгереді, дайындалмаған жобаларды «шығынға жазу» деген көптеген сылтаулар табылады. Инвестиция жоқ болған соң болмайды, керісінше қытай шаруалары соңғы шегеге дейін барлығын және қарамаймен бірге соңғы бөшкені ұрлайтын болады. Алдағы «ынтымақтастықтың» тәжірибесі пессимистік мысалдарға толы [6, 211]. Ресей зерттеушілері әлі күнге дейін Батыс Қазақстан – Қытай құбыр желісі жобасын миф ретінде санайды. Қалай және неге пайда болады, кім және не үшін осындай құбыр-мифті қолдайды? Бұл үлкен жұмбақ болып қалады. Бұл сұраққа жауапты саяси жазықтықтан іздеген жөн.

Қазақстан стратегиялық зерттеу институты сарапшыларының пікірінше, қазіргі кезде қытай басшылығы СҰАР кен орнын өңдеуді және Синьцзяннан Шанхайға газ құбырын құруды басты басымдығының бірі ретінде қойған Батыс Қазақстан – Қытай мұнай құбырының құрылысы қазір жүргізілмейді. Көп миллиардты шығынды талап ететін мұнай газ инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қажеттілік негізінде Қытайдың «Батыс Қазақстан – Қытай» жобасын қаржыландыруды жақын арадағы болашақта жүзеге асыра алмайтындығы жатыр. Бұдан басқа Пекин Сібірден Қытайға мұнай және газ құбырының құрылысы жөнінде Мәскеумен белсенді келіссөздер жүргізуде [5, 108].

2000 жылы Астанада, CNPC вице-президенті У Яовэнь ҚХР үкіметі де, CNPC де мұнай құбыры жобасынан бас тартпайтынын мәлімдеді. Қазіргі уақытта Қазақстан мұнай құбырының экономикалық әсерін қамтамасыз ету үшін қажетті 20 млн. тоннадан кем емес жыл сайынғы мұнай жеткізулеріне кепілдік бере алмайтын болған соң, жоба уақытша тоқтатылған [9].

Алайда, 2002 жылдың соңында қытайлық және қазақстандық тарап та Қытайға мұнай құбыры құрылысының және «Батыс Қазақстан – Қытай» жобасын қайта келтіру мүмкіндігі туралы қайта сөз қозғады.

2002 жылы желтоқсанда Н.Назарбаевтың Қытайға сапары барысында, біздің мемлекет басшысы ҚХР-ға қазақстандық мұнай экспортталатын мұнай құбыры құрылысына Пекиннің келісіміне қол жеткізді. Қытайлық басшылық мұнай құбыры құрылысы жобасын жалғастыру ниетін растады. Сонымен бірге сапар барысында қазақстандық және қытайлық компаниялар жүзеге асырушылары болатын 223,5 млн. АҚШ доллар сомасында шарттар жасалды және 443,15 млн. АҚШ долларға инвестициялық жобаларға қол қойылды. Бәрін қосқанда, Қазақстан экономикасына инвестициялық салу бойынша, Қытай АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шығады.

2003 жылы қаңтарда қазақстандық және қытайлық компаниялар мұнай құбырының құрылысын аяқтады. Бұл арқылы қытайлық кен орындардың және өзге кен орындардан мұнай Ақтау портына жеткізілетін болды. Келесі мұнай құбырының Қазақстанның орталық бөлігінен Құмкөл қаласына дейін салынуы жоспарланады. 2003 жылы ақпанда ұлттық «Қазмұнайгаз» компаниясының президенті Қытайдың жылына 50 млн. тонна қазақстандық мұнайды импорттауға дайындығын білдіретінін мәлімдеді. Және де 2002 жылы Қазақстандағы жалпы мұнай өндіру 47 млн. тоннадан асқан болатын, сол себепті Қытай бағытындағы мұнай құбыры құрылысы жобасының келешегі бар деп атап көрсетті [10].

Батыс сарапшылары, соның ішінде, ең ірі энергетикалық кеңес фирмасының, IHS Energy Group Женева кеңсесінің Каспий мұнайы саласындағы expertі Винсента Новал (Vincent Noual), Шотландиядағы Данди университетінің жанындағы энергия, мұнай және саясат Орталығының директоры Филипп Андро-Спид (Philip Andrews-Speed) қайткенмен де, Қытайға

құбыр салынады және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қытай өз бетімен Каспийден Қытайдың жағалаудағы аймақтарына дейінгі барлық құбырдың ұзындығын қаржыландырады деп мәлімдеді. «Шығыс-Батыс» деген атпен белгілі болған, Синьцзянның оңтүстігінен бастау алатын газ құбырымен мұнай құбырын байланыстырса, жоба бағасы жоғары болмайды.

Қорытынды

Барлық жоғарыда көрсетілген сараптау келесілерді қорытындылауға мүмкіндік береді. «Жобаның қайта өрлеуі» бәрінен бұрын бүгінгі таңда Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясының жобасы әлі күнге дейін «ауада ілініп тұр». РФ үкіметі әлі күнге дейін Сібір мұнайының қандай бағытпен кететінін шешкен жоқ. Келесі себеп авторлардың пікірінше, Қытай Қашаған жобасынан (Қазақстан Республикасы) белгілі бір үлес сатып алуды жоспарлаған.

2003 жылы наурызда Қытай ұлттық теңіз корпорациясы (CNOOC) және Қытай мұнай химиялық корпорациясы (Sinopet) әрқайсысы 8,33% болатын 615 млн. АҚШ долларға ауқымды Каспий теңізі кен орнындағы британ мұнай BG group (British Petroleum) компаниясының үлесін сатып алуға ниеттенгенін мәлімдеді. Осылайша, қытай компаниялары басқа ірі компаниялармен бірге Каспий қайраңын әзірлеуде бірлескен үлестің 16,66%-ын иемденді. Қайраң жобасын әзірлеудегі мұнай шоғырына оператор ретінде (16,67%) италиялық Eni (Agip), Exxon Mobil (16,67%), TotalFinaElf (16,67%), Royal Dutch/Shell (16,67%), ConocoPhillips (8,33%), Inpex (8,33%) деген алпауыттар қатысатын Қашаған кен орны кіреді. Қытай қайткенмен де британдықтардың үлесін сатып алатынына көптеген сарапшылардың күдігі болмады. Американ сарапшысы Брадшер өз монографиясында «жалпы жоба қатысушылары қытай компаниясы уәде еткен BG-ға сол соманы төлеп, CNOOC-дан ерте 60 күн ішінде BG group-тан сатып алуға құқығы болды. Бірақ аталған компаниялар CNOOC-пен жұмыс бастап кеткен еді, ал бұл компаниялардың кейбіреулері әлі күнге дейін қытай нарығында жұмыс істейді. Егер олар CNOOC-ны Солтүстік-Каспий жобасына қатысуына жол бермесе, олардың қытай үкіметімен қатынасы нашарлайды» [11, 1].

Қазақстандық зерттеушілердің бағалауынша, Қашаған кен орнының болжанған мұнай

қоры шамамен 7 млрд. тоннаны құрайды. 13 млрд.-қа бағаланатын мұнайдың жалпы қорлары Қазақстанды ірі мұнай державалары ондығына қоса алады [5, 108].

Бүгінгі таңда CNPC-тің Каспий теңізінен солтүстік-шығысқа қарай 250 миль қашықтықта орналасқан 2 кен орны бар. Бірақ та бұл кен орындарындағы мұнайдың қоры әлемдегі ең ұзын және ұзақ тұратын мұнай құбырларының бірін салу үшін жеткіліксіз болды.

Солтүстік-Каспийлік жобаның жалпы 16 пайызынан көбін иемденуі Қытайға аймақта ұзаққа орнығуға жол ашады. Орнығып қана қоймай, Каспий теңізінде кейінгі жағдайларға белгілі бір ықпалын орнатуға мүмкіндік береді. Қазақстанның мұнай саласындағы қытайлық қатысудың кеңеюі күштер орналасуын түпкілікті өзгертуі және көліктік саясаттың жүйелеуіне ықпал етуі мүмкін.

Қазірде Қытайда жылына тек шамамен бір жарым миллион тонна мұнай экспортталса, бұл сан болашақта еселеніп өсуі мүмкін. Бұған мүдделілігін қытайлық тарап жасырмайды. Қазірдің өзінде олар 20 млн. тонна мұнай сатып алуға дайындығын айтады, ал бірнеше жылдан кейін 40-50 млн. тонна жөнінде айтылуы мүмкін. Яғни, бұл көлем – Батыс Қазақстаннан Қытайға мұнай құбыры өтелуі үшін қажетті. Каспийлік қайраң қоры жөніндегі болжамға сенетін болсақ, қытайлық екі компанияның осынша ірі үлесті сатып алуы Қытайға мұнай құбыры құрылысының мүмкіндігін көрсетеді. Қазақстанның, негізі, мұнай шикізатын экспорттауға бағдарлануын ескерсек, онымен мұнай өндірудегі ынтымақтастық қытайлар үшін ерекше нұсқа болып отыр. Бірін-бірі теңдестіріп отыратын Каспий теңізінде әлемдік ұлы державалардың геосаяси мүдделерінің тепе-теңдігі қамтамасыз етіледі. 2003 жылы сәуірде мемлекеттік «Казтрансойл» компаниясының өкілі 2003 жылдың соңына қарай қытай шекарасына дейінгі мұнай құбырының ТЭН-ді әзірлеу аяқталатынын мәлімдеді.

Алайда сол жылдың мамырында батыс компаниялары британдық компанияның үлесін өзара бөлісіп алғандығы мәлім болды. Қытайлық компаниялар неліктен Қазақстанның ең болашағы зор жобаға қосылуына жол бермеді, тек жорамал ғана жасауға болады. Біздің пікірімізше, америкалықтар жай ғана қытайлықтарды Қазақстанның ең болашағы зор кен орнына жолатпай қойды.

CNPC-ге келетін болсақ, бұл қытайлық компанияның қаржылық жағдайы жақсарды. Егер 1997 жылы «Ақтөбемұнайгаздың» залалы 2,7 млн. АҚШ долларын құраған болса, 1999 жылы болса, компания табысқа кенеле бастады (жалпы табыс 2,8 млн. АҚШ долларды құрады). 2000 жылы компания 100 млн. АҚШ доллар табыс тапты, 2001 жылы – 153 млн., 2002 жылдың соңына қарай 220 млн. табысқа жетті. Бұл сандарды компанияның вице-президенті У Яовэнь газеттерге берген сұхбатында атаған еді [11].

1997 жылы кәсіпорынның жалпы қарызы 70 млн. АҚШ долларды құрады, ал оның 50 миллионы біздің мемлекетке қарызы еді. Сол кезде әлемдік нарықта мұнай бағасы өте төмен болды. Ескірген жабдықтар қолданғандағы табыстың өзіндік құны өте жоғары болды. Мұнайдың өзіндік құны бір тоннаға 87 АҚШ доллар болған тұста, 1998 жылы Ресейде мұнай тоннасына 32 АҚШ доллар бағасымен сатылды, бұл артынша шығындар әкелді. Сонымен қоса, көбіне қажетті жабдықтар мен құралдар көтеріңкі бағамен алынған болатын. Оған қоса Кенкияқтағы 42 ұңғыманың тек екеуі ғана көзделген қабатқа жетті. Қалған 40 ұңғыманың 20-сы жабылған. Осындай жағдайларда менеджерлер компания қызметін реформалау бойынша кейбір шараларды жүзеге асыруға кірісті, оның бірі бұрынғы болған 70 пайыз мұнай өнімінің құнын алдын ала төлеу жүйесімен салыстырғанда, мұнай тасымалдауға 100 пайыз алдын ала төлеу жүйесін енгізу болды. Кейін тендерлік комиссия құрылды, оның міндетіне жабдықтарды арзан бағамен сатып алу кірді. Одан кейін алдыңғы технологияларды және бұрғылаудың жылдамдығын көбейтуді енгізу болды. Нәтижесінде бір ұңғыманы 70 күнде бұрғылау мүмкін болды. Орташа негізде бұған 3 ай кететін. Жаңа технологияларды енгізудің өзге нәтижесі – жаңа ұңғымаларда мұнай өндірудің көлемін көтеру болды. Әрбір ұңғыма күніне 20 тонна мұнай берсе, қазіргі кезде 60 тоннаға жетті. Жабылған ұңғымаларды қайта қалпына келтіру және өңдеуден кейін 2002 жыл мұнай өндіру көлемі 2,5-тен 4,3 млн. тоннаға өсті. 2003 жылдың соңына қарай 5,3 млн. тонна өндіру жоспарлануда. Ал бір жылдан кейін бұл көрсеткіш 7 млн-ға дейін барды [12].

Сөйтіп, Қытай үшін Қазақстанмен ынтымақтастық үлкен маңызға ие. Бұл тек геосая-

си мүдделер есебінен ғана емес. Қазақстан Республикасының энергетикалық потенциалы шектеусіз және Қашаған кен орнының ашылуы өзге ұңғымаларда да болашағы зор мұнай кен орындарын табу мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Қазақстан үшін Қытай Ұлттық компаниясының қызметі анықталған жағымды жағдай жасауда: «Ақтөбемұнайгаз» АҚ біздің мемлекет алдындағы қарызын толықтай өтеді.

Біздің ойымызша, Қытайдың энергетикалық саясатындағы кемшілік – ол Қытайдың мұнай қайнар көздерін іздеуге әлемдік аренаға өте кеш шыққандығы. Бүгінгі таңда барлық болашағы үлкен және шамалы мұнайлы аудандар америкалық және батыстық концерндер арасында өзара бөлініп қойылған.

Қытайдың әлі күнге дейін Парсы Шығанағы мұнай импортына тәуелді екендігін мойындаған жөн. Елдің бүкіл мұнай импортының шамамен 50%-ы Парсы Шығанағы зонасынан бастау алады. Соңғы оқиғалар тек бір ғана энергоресурстар жеткізушіге тәуелді болуы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіндігін көрсетеді. Егер аймақтағы америкалық және батыстық мұнай концерндерінің басым мүдделерін ескерсек, олармен бәсекелес болу өте қиын.

Нәтижесінде Қытай Халық Республикасының мұнай стратегиясында энергия қайнар көздерін әртараптандыру бағыты қарастырылуда. Бұл саладағы Қытайдың маңыздырақ серіктестері ретінде Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы шығады. Бұл мемлекеттердің басшылықтарымен құбыр желісі құрылысы жобалары дайындалуда, бірақ бұлардың ешбіреуі шынайы күшке ие емес. Авторлардың ойынша, Қытайдың құбыр желісі құрылысын баяулатуының бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Қытайда оны басқа бір елдермен қосатын бірде-бір мұнай құбыры жоқтығын мойындаған жөн. Қытай әлі ортақ құбыр желісінің болуына жауапкершілік алуға дайын емес. Өйткені ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнудің зардаптарын санап шығу мүмкін емес.

Екіншіден, шарттардың жобаларын орындауға бірден кірісуге жобалар өте қымбат тұрады.

Үшіншіден, құбыр желісі қажетті мұнай көлемімен толтырылатынына ешқандай кепілдік жоқ.

Біздің ойымызша, Қытай үшін болашағы зор бағыт ресейлік бағыт болатынын айтуға болады. Бұл бірінші кезекте бағыттың елдің солтүстік-шығысына дейін салынатына байланысты, өйткені бұл аймақта мұнай шикізатын қатты қажет ететін күшті өндірістік объектілер шоғырланған. Екіншіден, ресейлік мұнай нарығы, Қазақстан нарығындағы жағдай сияқты, америкалық компаниялар тарапынан қысым көруде емес. Яғни, Қытай өзінің компанияларының қыз-

меті, сол сияқты батыстық компаниялардың қызметімен шектелмейтініне сенімді бола алады.

Алайда жоспарлы экономикалы мемлекетте – Қытайда 10-шы бесжылдыққа арналған дерективалар бойынша (2001-2006 жж.) ресейлік не қазақстандық бағытқа болмасын, мұнай құбыры құрылысы қарастырылмаған. Осылайша, бұл жобалар алдағы онжылдықта жүзеге асатын жобалар қатарына кірмейді деген шешімге келуге болады...

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – С. 145.
- 2 Абишев А. Некоторые аспекты каспийской геополитики. Выступление на международной казахстанско-индийской конференции. «Проблемы безопасности в Центральной Азии». Алматы, Казахстан, 29-30 октября 2001 г. //http://www.cvi.kz/text/Caspian_oil/Geopolytic.html (23.11.2012).
- 3 Карин Е.Т., Тулегулов А.К. Обострение борьбы за каспийскую нефть и «китайский прорыв» в регион //Саясат. – 1999. – №2. – С.48-51.
- 4 Уэйн Мерри Э. В Центральной Азии идет не такая уж большая игра //Analytic-Аналитическое обозрение. – 2001. – №3. – С.31-33.
- 5 Ашимбаев М.С., Курганбаева Г.А. Нефтегазовые ресурсы Казахстана в системе мировых и региональных отношений. – Алматы: КИСИ, 2002. – С.108.
- 6 Хлюпин В. Геополитический треугольник. Казахстан – Китай – Россия. Прошлое и настоящее. Пограничные проблемы. – М., Международный евразийский институт экономических и политических исследований (Вашингтон), 1999. – С.203.
- 7 Рашид А. Новый глобальный нефтяной концерн. Стратегическая роль Китая в Центральной Азии. //Internationale Politik. (на рус. яз.). 1998. – №3. – С.24-36.
- 8 Lelyveld M. Kazakhstan: Officials Issue Contradictory Declarations//http://www.rferl.org/nca/features/2001/02/19022001113852.asp (28.01.2013)
- 9 Сыроежкин К.Л. Великий проект //Континент, – 2000. – №12. – С.25-28.
- 10 Панченко У. Добыча и расходование нефтяных доходов // http://www.oilpress.ru (13.11.2011)
- 11 У Яовэнь. За последние три года разработки актюбинских месторождений КННК получила прибыль более \$300 млн. //http://news2.webdigest.ru/archive/1037019421.html (05.10.2011)
- 12 Мао Цзэдун. Борьба за улучшение финансово-экономического положения страны. – М.: Международные отношения, 1955. – С. 124.

References

- 1 Nazarbayev N.A. Kriticheskoye desyateletiyе. – Almaty: Atamura, 2003. – S. 145.
- 2 Abishev A. Nekotoriye aspekti kaspийiskoi geopolitiki. Vystupleniye na mezhdunarodnoi kazahstansko-indiyiskoy konferenciyi. “Problemy bezopasnosti v Tsentralnoy Aziyi”. Almaty, Kazahstan, 29-30 octyabrya 2001. //http://www.cvi.kz/text/Caspian_oil/Geopolytic.html (23.11.2012)
- 3 Karin E.T., Tulegulov A.K. Obostreniye borby za kaspийiskuyu нефть i “kitayskiy proryv” v regione //Sayasat. – 1999. – №2. – S.48-51.
- 4 Weign Merry E. V Tsentralnoi Aziyi idiyot ne takaya uzh bolschaya igra //Analytic-Analiticheskoye obozreniye. – 2001. – №3. – S.31-33.
- 5 Ashimbayev M.S.,Kurganbayeva G.A. “Neftegazoviye resursiy Kazahstana v sisteme miroviyh i regionalniyh otnosheniyyi”. – Almaty: KISI, 2002. – S.108.
- 6 Hlyupin V. Geopoliticheskiiy treugolnik. Kazahstan – Kitay – Rossiya. Proshloye i nastoyashee. Pogranichniye problemy. M., Mezhdunarodniy evraziyskiyi institut ekonomicheskikh i politicheskikh issledovaniyi (Vashington), 1999. – S. 203.
- 7 Rashid A. Noviy globalniy neftyanoi kontsern. Strategicheskaya rol Kitaya v Tsentralnoy Aziyi //http://www.deutschebotschaft-oskauru.ru/bibliothek/internationale-politik/1998-03/article04.html (12.12.2011)
- 8 Lelyveld M. Kazakhstan: Officials Issue Contradictory Declarations//http://www.rferl.org/nca/features/2001/02/19022001113852.asp (28.01.2013)
- 9 Syroyezhkin K.L. Velikiyi projekt //Kontinent. – 2000. – №12. – С.25-28.
- 10 Panchenko U. «Dobychayairashodovaniyeneftnyanyh dohodov» http://www.oilpress.ru (13.11.2011)
- 11 U Yaoven. Za posledniye tri goda razabotkiyi aktyubinskih mestorozhdeniyi KNNK poluchila pribyl boleye \$300 mln. //http://news2.webdigest.ru/archive/1037019421.html (05.10.2011)
- 12 Mao Tsedun. Borba za uluchsheniye finansovo-ekonomicheskogo polozheniya strany. – M.: Mezhdunarodniye otnosheniya, 1955. – S. 124.

ӘОЖ 338.45:620.9 (560+5-191.2)

Ж.Б. Момынқұлов, Д.У. Байтоқаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: janatmom@bk.ru

Түркияның Каспий теңізі мен Орталық Азия аймағындағы энергетикалық саясаты

Каспий аймағы – энергетикалық және геосаяси жағынан алғанда өте маңызды стратегиялық кеңістік. Мақалада Түркияның Каспий мен Орталық Азия аймағына қатысты жүргізіп отырған саяси-энергетикалық стратегияларын қарастырамыз. Түркия Ресейдің Каспий мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясатын теңгеріп, Иранның аймақтық саясатымен бәсекелесе алатындай салмақты ойыншыға айналуда. Түркия – ықпалы артып, экономикалық әлеуеті өсіп келе жатқан күштердің бірі. Түркияның саясаты тек энергетикалық жолдар мен құбырларды бір-біріне жалғайтын көпір рөлін атқаруға ғана бағытталмайды. Түркияның саясаты Еуропа, Кавказ, Каспий, Орталық Азия, Иран, Араб аймақтарының экономикалық энергетикалық мүмкіндіктерін барынша кең көлемде пайдаланып қалуға бағытталған.

Түйін сөздер: Түркия, Каспий, Орталық Азия, энергетика, мұнай, газ.

Ж. Момынқұлов, Д.У. Байтоқаева

Энергетическая политика Турции в Каспийском регионе и Центральной Азии

Каспийский регион – стратегически важное пространство в энергетическом и геополитическом планах. В данной статье рассматривается энергетическая политика Турции в Центральной Азии и Каспийском регионе. Турция – достаточно серьезный региональный игрок, который может сбалансировать энергетическую монополию России в Каспийском регионе и составить конкуренцию Ирану в региональной геополитике. Турция как быстро развивающаяся экономическая сила имеет довольно сложную стратегию по диверсификации энергопоставок из разных энергетических бассейнов: Каспийского региона, ЦА и Ближнего Востока. Политика Турции мотивирована удачным географическим расположением страны, позволяющим ей играть роль коридора, транзитера и моста между поставщиками и покупателями энергоисточников. С этой точки зрения, Каспийский бассейн и Центральная Азия представляются для Анкары геостратегически важным регионом.

Ключевые слова: Турция, Каспий, Центральная Азия, энергетика, нефть, газ.

Zh. Momyunkulov, D. Baitukayeva

Energy Policies of Turkey in the Caspian Region and Central Asia

Caspian region is a strategically very important space in term of energy geopolitics. In this paper we tried to study Energy Policies of Turkey in the Caspian Region and Central Asia. Turkey is a rather serious regional player which could balance the energy policies of Russia in Central Asia and compete with Iran in regional geopolitics. Turkey as a quickly growing economic power has complex strategy in diversification of energy deliveries from the different basins: Caspian region, Central Asia and Middle East. The policy of Turkey is explained by its comfortable geographic location which gives it an opportunity of being a corridor, transit-country and bridge between energy suppliers and customers. In this sense, Caspian Region and Central Asia becomes geo-strategically important region for Turkey.

Key words: Turkey, Caspian, Central Asia, energy, petroleum, natural gas.

Каспий аймағы Ресей, Иран, Түркия, Орталық Азия, Кавказ, Таяу Шығыс, Еуропа сияқты аймақтардың ортасында орналасуы оның геосаяси маңызын көрсетеді. Каспий аймағында дүние жүзіндегі энергетикалық

байлықтың кемінде 4-5 пайызы шоғырланған. Қазақстанның табиғи байлығының басым көпшілігі Каспий маңайындағы мұнай мен табиғи газ қорларынан құралады. Аймақта мұнай мен газға бірдей бай Ресей мен Иранның

орналасуы Каспий аймағының геостратегиялық маңыздылығын арттыра түседі. Түркия мен Орталық Азияны Каспий теңізі бөліп тұр. Сонымен қатар Каспий теңізі Еуропа мен Азияны бөліп тұрған геостратегиялық маңызды шекара рөлін де атқарып тұр.

Түркия Ресей мен Иранның табиғи байлығына тәуелді болудың орнына өзіне жақын Кавказ және Орталық Азияның энергетикалық қорларына қол жеткізуді жоспарлайды. Түркия Орталық Азияның мұнайы мен газының Ресейді немесе Иранды айналып өтіп, өз аумағы арқылы Еуропаға жеткізілгенін қалайды. Бұл стратегиялар тек Түркияның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар Орталық Азияның да энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің әлі шешілмеуі, Әзірбайжан-Армения текетіресі және Ресей-Грузия соғысының орын алуы осы өңірдегі аймақтық шиеленісті арттыра түсті. Оның үстіне қазір Ресей де Иран да Каспий өңірінде әскери кеме санын көбейтіп, әскери жаттығуларды жиі өткізуде. Түркия осы қақтығыстардың шешіліп, шиеленістердің саябырсып, олардың орнына прагматикалық ықпалдастықтың, бейбіт ынтымақтастық пен табиғи бәсекелестіктің дамығанын қалайды. Түркия жай энергетикалық дәліз болғысы келмейді, Түркия ықпалды орталық болғысы келеді.

Алдағы 10-15 жылда Каспий теңізі Орталық Азияны Кавказ бен Еуропа мен байланыстыратын көпірге айналуы мүмкін. Каспийдің құқықтық мәртебесінің анықталмауынан аймақтағы күштердің тепе-теңдігі өзгеріп, Батыстың ықпалының күшеюі ықтимал. Түркия осы ықпалды күштердің біріне айналу жолында әртүрлі энергетикалық стратегияларды жетілдіруде. Түркияда Каспий мәселелерін зерттейтін арнайы стратегиялық зерттеу орталығы жұмыс істеуде. Каспий теңізі Түркияның Шығыс-Батыс энергетика тасымалдау жобаларының негізін құрайтын маңызды фактор. Ресей мен Иранның энергетикасына деген тәуелділігін азайту үшін Түркия Каспий теңізі мен Орталық Азияның энергетикалық қорларын Еуропаға жеткізуді жоспарлап, тиісті саяси шешімдерді ойластыруда.

Каспий аймағы Кавказ бен Орталық Азияны біріктіреді. Каспий аймағы Түркия үшін Батыс (Еуропа) мен Шығысты (Орталық Азия

мен Қытай) жалғайтын географиялық кеңістік. Яғни, Каспий бұрынғы «Жібек жолы» сияқты маңызды өткел рөлін атқара алады. Түркия өзінің экономикалық саясатын жандандандыруға жаңа нарықтар мен жолдарға мұқтаж. Әсіресе Түркия экономикасының күшейіп, Әзірбайжанның жетекші рөлінің артуымен Каспий теңізі ерекше маңызға ие болуда. Каспий теңізі Түркияның Шығысқа шығуы және Орталық Азияның Батысқа шығуы тұрғысынан да маңызды. Каспий теңізі Түркия үшін Орталық Азияға ашылатын есік болса, Орталық Азия үшін де Түркия мен Еуропаға қараған терезе іспеттес. Түркияның соңғы жылдары жүргізіп отырған белсенді сыртқы саяси саясаты Каспий аймағын да қамтиды.

Түрік экономикасы соңғы он жылда 7-8% жылдамдықпен өсіп, халықаралық және аймақтық ықпалының артуы Түркияны есептеспеуге болмайтын салмақты ойыншыға айналдырды. Каспийдің маңайында аймақтану (regionalization) үрдісі дамуы мүмкін. Митат Челикпаланың пікірінше, алдағы жылдарда Каспий аймағы елдері өз энергетикалық қорларын Түркия арқылы Еуропаға жеткізіп қана қоймай, түрік тауарлары үшін жаңа тұтынушы нарықтарға айналып, Түркияны экономикалық даму үлгісі ретінде қабылдап, халықаралық сауда-экономикалық жүйеге еркін енуі мүмкін [1, 4 б.].

Анкараның көшбасшылығымен Грузия-Әзірбайжан-Түркия үштігінің энергетикалық-экономикалық ынтымақтастығы Еуропа және Кавказбен қатар Каспий аймағына да әсер етті. Баку-Тбилиси-Жейхан жобасымен қатар бірнеше маңызды байланыс, тасымал және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асты. Бұған Әзірбайжаннан басталып, Түркия арқылы Еуропаға газ жеткізетін ТАНАП құбырлар жүйесін қосуға болады. «Набукко» жобасы бойынша Түрікменстанның газы Каспийдің астымен Транс-Каспий құбырымен Әзірбайжанға, одан әрі құбырмен Түркия мен Еуропаға жеткізілуі ықтимал.

Түркия Каспий аймағына әсер етіп қана қоймай, оның тағдырын өзгертуге қабілетті ойыншы болғысы келеді. Түркия Каспий аймағында экономикалық интеграция мен ынтымақтастықтың дамуына түрткі болып, тартымды орталық құруға атсалыспақшы. Түркия Ресей және Иранмен салыстырғанда аймақтың

сапалы түрде өзгеріп, жетілуі турасында нақты көзқарасқа ие мемлекет. Мұндай саясатын жүзеге асыра алса, Түркия Каспий аймағының маңызды күші болар еді. Түркияның Каспий елдерімен қарым-қатынастарында Кавказға, әсіресе Әзірбайжанға ерекше мән беріледі.

ТАНАП жобасының басталуымен Каспий теңізінің маңызы арта түсті. Бұл жобаға алдағы жылдарда түрікмен, қазақ, тіпті, иран газының қосылуы мүмкін. Бұл жобаға әзірше түрікмендер ғана қосылғысы келеді. Түркия «Шах Дениз» газ кен орны үшін жылдар бойы ренжісіп келген әзірбайжан мен түрікменнің басын қосып, келістіріп, тіпті, Еуропалық Одақтың да қолдауын алып, Ресейді де бұған көндіруге тырысып жүр. Анкараның мақсаты энергетикалық жеткізілімдерін эртараптандырумен қатар өзінің стратегиялық ықпалын арттыру болып табылады.

Түркияның Орталық Азиядағы саясаты Кавказға бағытталған саясатына да байланысты. Түркия Кавказ және Орталық Азия саясатында энергетикалық жобалармен ғана шектелмей, сауда мен бизнестің де қамтылуын қалайды. Аймақтардың сауда жасауы үшін саяси тұрақтылық қажет. Бұл Каспий мен Орталық Азия мемлекеттерінің ынтымақтасуына, кәсіпкерлерінің азаматтық белсенділігі мен жаңаша ойлауына байланысты болмақ.

90-жылдары Түркия Орталық Азия елдерімен қатынас орнатуға теориялық, психологиялық, институттық жағынан дайын болмады. Түркия Орталық Азиямен қандай қатынас құру керек дегенде, сол қатынастар фәлсафасын анықтап алуы және ұзақ мерзімді, негізделген жоспар құруы қажет. Астана мен Ташкенттің ойынша, Түркия әр салада санасатындай күшті орталық емес. Түркия Орталық Азиядағы шыннайы жағдайды түсінуден әлі де болса алыстау. Бірақ Түркияның Орталық Азиядағы саясаты шыншыл жаққа қарай өзгерді. Түріктің стратегтері аймақта бәсекенің емес, керісінше, ынтымақтастықтың гүлденгенін қалайды, бірақ аймақта көшбасшылыққа ұмтылуды қаламайды [2, 5 б.].

Орталық Азияның қуат көздері Түркия үшін энергетиканы қамтамасыз ету жолдарын түрлендірудің бірегей мүмкіндігі. Орталық Азия мұнайы мен газы Түркияның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі ықтимал. Түркияның Каспий мен Орталық

Азияға қатысты энергетикалық ұстанымы мен мақсаты Түркия-Еуропа Одағы шеңберінде де қарастырылуы тиіс. Түркияның Орталық Азия елдері үшін экономикалық жаңару мен демократиялық дамудың үлгісіне айналуы Еуропаның да мүддесіне сай. Энергетиканың мәні артып, Түркияның сыртқы саясатының негізіне, мазмұны мен анықтаушына айналды. Еуропалық одақ Орталық Азияның энергетикалық нарықтары мен қорларына қол жеткізу үшін Түркияның дәнекерлігіне арқа сүйейді. Еуропа өз экономикасын дамыту үшін Каспий теңізінің мұнайы мен газына мұқтаж. Еуропаның энергетикалық саясатындағы Түркияның рөлі Кавказ бен Орталық Азияның энергетикалық ресурстарын Батысқа жеткізумен анықталады. Ю. Кудрявцеваның ойынша, Еуропа Түркияның көмегімен Каспий аймағына әсер етпекші ниетте [3, 1-2 бб.].

Анкара мен Брюссель Каспий арқылы Набукко газ құбыры жобасын жүзеге асыруды жоспарлап келеді. Бұл құбыр арқылы әзірбайжан, түрікмен және қазақ газы Ресейді айналып өтіп, Грузия мен Түркия арқылы өтетін болады. Сатып алушыларға Бұлғария, Румыния, Мажарстан мен Австрияны жатқызады. Грекия мен Италия Әзірбайжанның табиғи газын импорттауға ниет танытып отыр. Түркия Қазақстан мен Түрікменстанның да Каспий теңізінен Еуропаға бағытталған энергетикалық құбырлар жобасына қатысқанын қалайды. Қазақстан Түркия мен Еуропалық одақпен бірге энергетика тасымалдаудың ортақ жолдарын қарастырғысы келеді.

Түркия ТМД аймағында Ресейдің энергетикалық монополиясын бұзу мақсатында әртүрлі балама қуат тасымалдау жобаларын жетілдіріп жатыр. Ресей Каспийдің қуат көздерін балама жолдармен Еуропаға тасымалдауға бағытталған жобаларға қарсы тұра алмауда. Бұл тұста Түркияның мүдделері Ресейдің есептеріне қарама-қайшы келуде. Өйткені Ресей Орталық Азия мемлекеттерінің өздігімен Еуропаның энергетикалық нарықтарына шыққанын қаламайды. Ресей Түркия арқылы «Оңтүстік ағым» құбырын құрып Бұлғарияға газ жеткізуде. Бұл құбырға қарсы «Набукко» жобасы жетілдірілуде. Түркия осы екі жобаға да қатыспақшы. Өйткені Түркия «энергетикалық көпір» ретінде Ресейдің де, Орталық Азияның да табиғи ресурстарын Еуропаға жеткізуге

құлықты. Сонымен қатар Түркия Ресеймен бәсеке алмайтын салаларда белсене ынтымақтаса алатын икемді күшке айналуды да меңзейді [4, 3-5 бб.].

Анкара Каспий энергетикасының Кавказ арқылы Түркиядағы құбырлардың көмегімен Батысқа жеткізілуін қалайды. Түркия Каспий мұнайы мен газын сатып алып, Еуропаға қайта сататын ықпалды энергетикалық ойыншы болғысы келеді. Мәскеу мен Анкара Каспий маңындағы бір-бірінің энергетикалық стратегиялары мен саясатын жіті бақылауда. Түрік-орыс энергетикалық қатынастары стратегиялық тұрғыдан Орталық Азияның қуат көздерін сатып алып тасымалдауға қатысты саяси шешімдерге де әсер етеді. Түркия Ресейдің қуат көздеріне тәуелді болса да, Мәскеуге ықпал ете алатын бірегей күшке айналуға. Каспий аймағы туралы сөз болғанда қазақ мұнайы мен газы туралы көп айтылады. Әзірше, Ресей КСРО дәуірінен қалған өктемдік саясатын жүргізе бергісі келеді. Алайда Каспий маңында Әзірбайжан, Түрікменстан, Грузия, Қазақстан, Өзбекстан сияқты дербес энергетикалық саясат жүргізетін елдер пайда болды, Ресейдің аймақтағы саяси-энергетикалық саясатын Түркия едәуір тежей алады. Каспий аймағында Ресейді шектей алатын күштің болуы Орталық Азия мен Қазақстан үшін өз энергетикалық байлықтарын ескі жолмен емес, өз мүдделеріне сай тиімді жолдармен тасымалдауға жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Түркияның энергетикалық жоспарлары Еуропаның энергетикалық қажеттіліктерінің артуы мен саясатымен байланысты. Түркияның энергетикалық маңызы Еуропаның Орталық Азияның табиғи қуат көздеріне деген қызығушылығына байланысты. Түркияның Каспий мен Орталық Азиядағы энергетикалық-саяси ықпалының артуы Еуропаның да аймақтағы ықпалын арттырады. Егер Анкара Каспий арқылы өтетін құбырлар арқылы қазақ және түрікмен көмірсутек қорларын Еуропаға жеткізе алса, Еуропаның негізгі энергетикалық дәлізіне айналуы мүмкін. Қаржы дағдарысындағы Еуропа Орталық Азияның энергетикалық нарығын ойластырып жатқанда Қытай шешімді саясаты арқылы Еуропаны басып озуы, тіпті, біраз ығыстыруы мүмкін.

Түркияның аталмыш аймаққа қатысты саясаты Еуропа нарықтарына Орталық Азияның табиғи байлығын шығаруға; Ресей-

ге бағынбайтын ортақ энергетикалық кеңістік құруға; Орталық Азиямен іскерлік қатынастарын нығайтып, арадағы барыс-келіс пен алыс-берісті арттыруға; түркі-мұсылман әлемінің интеграциясын жүзеге асыру үшін ортақ мәдени, интеллектуалды, идеологиялық, ақпараттық негіздерді қалыптастыруға; Еуропа одағына ұқсас түркі елдерінің интеграциясын күшейтуге келіп саяды. Түркия Орталық Азияның табиғи қорларын импорттап тасымалдауды ойластырып, Орталық Азияға тиімді стратегияларды әзірлеуге мәжбүр. Сонда Анкара Орталық Азиямен шынайы жақындасады [5, 1-3 бб.].

Астана да, Ашхабад та өз қуат көздерінің қосымша, балама жолдармен жаңа нарықтарға шығарылуына қарсы емес. Еуропа мен Түркия Ресейдің мұнай-газына тәуелді болудан құтылса, Мәскеумен баға жөнінде саудаласа алар еді. Түркия барлық жеткізілім жолдарын өз аумағы арқылы өткізіп, тауардың түпкілікті бағасына әсер етпекші ниетте деген пікір де айтылуда. Ресей Түркияның транзиттік және экспорттық рөлін төмендетудің амалдарын қарастыруда.

Өртүрлі энергетикалық хауыздардың қас ортасында орналасқан Түркия өз рөлін тым әсірелеп отыруы да мүмкін. Түріктер алдымен жан-жақты дамыған елге айналып, кейін, өз сөзін тыңдататын мемлекет ретінде нақты жобаларды жүзеге асырмақшы. Түркия мен Орталық Азия елдері жақын бойлықта орналасқандықтан Орталық Азия-Каспий-Түркия-Еуропа географиялық тасымал жүйесін түзеді. Орталық Азия мұнай-газымен әлемнің маңызды орталығына айналуы ықтимал.

Каспийдегі мұнай қоры 50 млрд барель көлемінде белгіленген. Қазақстан – Орталық Азияның ең басты энергетикалық ойыншысы [6, 56 б.]. Қазақстанда дүние жүзіндегі көмірсутек көздердің 3.3% (39.8 млрд баррель, әлемде 9-шы орында) шоғырланған. Қашаған мұнай кен орны жұмыс істей бастаса, Қазақстан мұнай экспорттауда әлемнің бестігіне кіруі ықтимал. Қазақстан өз қуат көздерін ең тиімді бағаға, ең тиімді жолдармен жаңа нарықтарға жеткізуде талапшыл ойыншы бола алады. ҚР 2020 жылы 130 миллион тонна мұнай өндіруді жоспарлап отыр. «Каспий құбырлар консорциумы» арқылы жылына 28.2 миллион тонна мұнай, 2015 жылға қарай 67 миллион тонна мұнай өтетін болады. «Транскаспий жүйесі» арқылы Қазақстанның терминалдарындағы мұнай танкерлерге құйы-

лып, Баку-Тбилиси-Жейхан құбырына жалғанады. Қазақстан мұнайы мен газын тасымалдау бағыттарына қатысты белсенділік танытуда. Қазақстан өз табиғи байлығына деген қажеттілікті арттыру мақсатында жұмыс істеуде. Қазақстан сан-алуан, күрделі құбырлар жүйесін салуда. Қазақстан Каспий тасымалдау жүйесін қолға алып, Бакуға танкерлермен мұнай жеткізуде. Қазақстан Ресей мен Иранға қарамастан Каспий суы астымен Баку-Тбилиси-Жейхан құбырына қосылудың амалдарын қарастыруда. Орталық Азияның табиғи байлықтары халықаралық экономиканың тақырыбына айналып, Еуразиядағы сауда мен энергетикаға ықпал ету мүмкіндігі де арта түсуде. Бұл жағдайда Қазақстан өзіне лайықты орынды алуы тиіс.

Қазақстан Түркия мен Еуропаның энергетикалық саясатын зерттеп, пайдалы

мүмкіндіктерді жіберіп алмауға тиіс. Түркияның Каспий аймағындағы кейбір стратегиялары теориялық түрде Қазақстан мен Орталық Азия елдерін қызықтыратындай тартымды жобаларды қамтиды. Түркия Каспий мен Орталық Азияға қатысты батыл жоспарларының іске асуы әзірше мүмкін болмаса да, Түркия Орталық Азиямен тиімді энергетикалық жобаларды іске асыра алатындай күрделі де салмақты аймақтық күшке айналуға дайын. Түркия Орталық Азияға қатысты энергетикалық стратегияларын Ресеймен келісе отырып дамытуға мәжбүр. Орталық Азия өз энергетикалық қорларын сататын жаңа нарықтарға мұқтаж болса, Түркия жаңа энергетикалық күштермен ықпалдасқысы келеді. Түркия энергетикалық импорттарын түрлендіргісі келсе, Орталық Азия энергия экспорты әртараптандырғысы келеді. Яғни, бұл тұста Түркия мен Орталық Азия мүдделес.

Әдебиеттер

- 1 Mitat Çelikpala. Hazar Bölgesi Dünyanın Ticaret Koridoru Olmaya Yeniden Aday: Yeni İpek Yolu Bir Hayal Mi? Hazar Stratejik Araştırma Merkezi. Hazar Raporu Bahar 2013. Sayfa 9.
- 2 Eren Okur. Enerji Kaynakları ve Orta Asya'nın Geleceği. 20 Ağustos 2009. Bilgesam Bilge Kişiler Stratejik Araştırma Merkezi.
- 3 YuliaKudryasheva. Energy Policy of Turkeyin post-sovietspace. Information-Analitical Centre, Mgimo and MGU 13 February 2009. <http://www.ia-centr.eng/expert/3839/>
http://www.bilgesam.org/tr/index.php?option=com_content&view=article&id=1566:enerji-kaynaklar-ve-orta-asyann-gelececi&catid=170:analizler-ortaasya
- 4 Sina Kısacık. Rusya'nın Enerji Politikaları Bağlamında Orta Asya Ülkeleriyle İlişkileri. 23 ARALIK 2012. ULUSLARARASI POLİTİKA AKADEMİSİ. <http://politikaakademisi.org/?p=3659>
- 5 Bülent Araş. Türkiye'nin Orta Asya Politikası. Köprüden cazibe merkezine. Zaman Gazetesi. 7 Aralık 2007. http://www.zaman.com.tr/yorum_turkiyenin-orta-asya-politikasi-kopruden-cazibe-merkezine_621962.html
- 6 Yusuf Yazar. Türk Cumhuriyetleri'nin Bağımsızlığının 20. Yılı Vesilesiyle. Enerji Bağlamında Türkiye ve Orta Asya Ülkeleri. Ahmet Yesevi Üniversitesi Raporu. Haziran 2011. No 01. 72 Sayfa.

ӘОЖ 325.1(4-13)

Ж.Қ. Идрышева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: idryshevaz@mail.ru

Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесі

Бұл мақалада энергетикалық қауіпсіздіктің анықтамасы мәселесі қарастырылған. Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесіне қатысты түрлі авторлардың еңбектері, бірқатар мемлекеттердің және түрлі халықаралық ұйымдардың құжаттарындағы анықтамалар келтірілді. Энергетикалық қауіпсіздік әлемдік саясаттағы маңызды мәселелердің біріне айналды, алайда ұғымының жалпы танылған тұрақты анықтамасы жоқ. Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасындағы айырмашылықтар, бірінші кезекте, тараптар мүдделеріндегі өзгешеліктерімен байланысты. Бір мемлекет экспорттаушы болса, екіншісі – импорттаушы, яғни олардың мүдделері де әртүрлі. Мұнайды жеткізуші өнім бағасының жоғары болуын қаласа, тұтынушы төмен болуын қалайды. Энергетикалық қауіпсіздіктің ортақ анықтамасына келу әлі де мүмкін болмаса да, тараптар арасында ортақ қағидалардың бар екендігін байқауға болады. Ең бастысы, энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бір бөлігі болып табылады. Ал энергетикалық қауіпсіздікті әлемдік деңгейде орнату үшін барлық тараптар ымыраға келуі тиіс.

Түйін сөздер: энергетика, энергетикалық қауіпсіздік, энергетикалық қауіпсіздіктің анықтамасы, импорттаушы-мемлекеттер, экспорттаушы-мемлекеттер, ұлттық қауіпсіздік

Ж.К.Идрышева

Проблема определения энергетической безопасности

В данной статье рассмотрена проблема определения энергетической безопасности. Энергетическая безопасность стала одной из важнейших проблем мировой политики, однако, у понятия «энергетическая безопасность» отсутствует общепринятое универсальное определение. В связи с этим рассмотрены работы различных авторов, законодательные акты ряда государств и международных организаций в данной области. Расхождения в определении энергетической безопасности, в первую очередь, связаны с расхождениями в интересах сторон. Одно государство является экспортером, а другое – импортером, следовательно, и интересы у них разные. Поставщик нефти заинтересован в высоких ценах на свою продукцию, тогда как потребитель желает низкую стоимость. Хотя на сегодняшний день не представляется возможности прийти к общему определению, можно заметить некоторые схожие интересы сторон в этом вопросе. Главное, что энергетическая безопасность является незаменимой составляющей национальной безопасности. Чтобы установить энергетическую безопасность на мировом уровне, стороны должны идти на компромисс.

Ключевые слова: энергетика, энергетическая безопасность, определение энергетической безопасности, страны-импортеры, страны-экспортеры, национальная безопасность.

Zh.K. Idrysheva

The problem of definition of energy security

This article is about the problem of definition of energy security. Energy security has become one of the leading issues in the world today, however the concept of "energy security" has no standard definition. In this regard, the article considers opinions of various authors in this field, definitions of energy security given in the documents of some states and international organizations. Divergences in definition of energy security are connected with differences in the interests of the parties. One state is the exporter, and another – the importer, therefore, their interests are different. The supplier of oil is interested in the high prices of the production while the consumer wishes low prices. Even though it's impossible now to find out the general definition, there are some similarities in the interests of the parties in this question. One thing is clear, energy security is one of the most important components of national security. And the parties have to reach a compromise to establish energy security in the world.

Key words: energetics, energy security, definition of energy security, the importers, the exporters, national security.

Энергетика геосаясаттың бір санаты болып табылады және бүгінгі таңда энергетикалық ресурстар мемлекет экономикасының алдыңғы қатарын иеленеді. Әрбір мемлекеттің өндірістік күштерінің даму деңгейі белгілі бір дәрежеде энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемімен анықталады. Әлемдегі маңызды кендердің 70%-дан астамы энергия көздеріне жататындығы энергетикалық ресурстардың маңызды рөлге ие екендігін көрсетеді.

XXI ғасырдың басында әлемдік энергетика құрылымында оң өзгерістер белең алды. Энергетикалық ынтымақтастықты екіжақты және көпжақты бағытта дамыту әлемдік экономикалық державалардың саясатының бөлінбес бөлігіне айналды. Қазіргі таңда көптеген жобалар құрылып, келіссөздер қабылдануда, сонымен қатар әлем елдері арасында қуат көздерінің кең көлемдегі сауда айналымы жүзеге асырылып жатыр.

Ғаламдық дәрежедегі мәселелерді зерттеу жұмыстарында «энергетикалық қауіпсіздік», «энергетикалық тұрақтылық» және «энергетикалық әлем үлгісі» сынды терминдер көптеп кездеседі. Бұл терминдер елдегі энергетикалық ресурстардың жетіспеушілігін жою, сонымен қатар энергетикалық қуат көздеріне қол жетпеушілік немесе сапасыз шикізат көздерін тұтыну қаупін білдіреді.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің (бұдан әрі – ХЭА) пайымдауы бойынша, 2020 жылға дейін органикалық отын энергия өндірісінің негізгі көзі болады және мұнайдың үлесі азайғанмен, ол әлемдік энергетикалық тепе-теңдікте өзінің көшбасшылық бағытын сақтап қалады [1].

Өзаратәуелділік күшейіп жатқан әлемде энергетикалық қауіпсіздік, көбінесе мемлекеттердің екіжақты болсын, көпжақты болсын негізде бір-бірімен қатынастарын қалайша орнататынына байланысты. Осылайша, энергетикалық қауіпсіздік алдағы жылдары әлемдік саясаттағы маңызды мәселелердің біріне айналды.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігі оның жан-жақты зерттелуін қажет етеді. Бұл тұрғыдан, бірінші кезекте, оның теориялық аспектілеріне ерекше назар аудару қажет. Алайда энергетикалық қауіпсіздікті тұжырымдық тұрғыдан зерттеу бірқатар қиыншылықтарды тудыруда: біріншіден, «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымының жалпытанылған тұрақты

анықтамасы жоқ; ал екіншіден, оған қоса уақыт өте келе оның мағынасы да өзгереді екен. Ұғымның өткен ғасырда қалыптасқан мағынасы бүгінгі таңдағы мағынасымен сай келмейді. Ал түрлі құжаттар мен зерттеу жұмыстарындағы ұғымның жүздеген анықтамалары заманға сай толықтыруларды қажет етеді.

«Энергетикалық қауіпсіздік» ұғымының белгілі бір ортақ анықтамасының болмауы мемлекеттердің тарапынан бассыздық әрекеттердің орын алуына соғады. Яғни ресурстар үшін күрес саяси-дипломатиялық және бірлескен әдістермен ғана емес, күш қолдану арқылы да жүзеге асуда. Мәселен, АҚШ-тың 2003 ж. наурызда басталған Ирактағы соғыс науқаны Вашингтонның мұнай кен орындарына бекіну себебімен де ұйымдастырылғаны белгілі. Әлемдегі мұнай қорының көлемі бойынша үшінші орынды иеленетін Иракқа өз бақылауын орнату вице-президент Р. Чейни құрған америкалық энергетикалық стратегияның орталық элементі еді. Яғни Вашингтон қауіпсіздікті қамтамасыз ету сылтауымен өзінің менмен саяси мақсаттарын жүзеге асыруды қолға алды. АҚШ-тың Ауғанстан мен Ирандағы да мақсаттары осындай сипатта деген ойлар бар. Мысалы, Вашингтонды Ауғанстанның Каспий маңындағы Орталық Азия мемлекеттеріне жақындығы қызықтырады, сондай-ақ Түрікменстаннан Ауғанстан және Пәкістан арқылы Үнді мұхитына шығатын газ құбырын салу идеясы да бар [2]. Сол себептен энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесі мұқият зерттеуді қажет етеді.

Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасындағы айырмашылықтар, бірінші кезекте, тараптар мүдделеріндегі өзгешеліктерімен байланысты. Бір мемлекет экспорттаушы болса, екіншісі импорттаушы, яғни олардың мүдделері де әртүрлі. Мұнайды жеткізуші өнім бағасының жоғары болуын қаласа, тұтынушы төмен болуын қалайды.

Мәселен, Қытай және Үндістан үшін энергетикалық қауіпсіздік әлемдік нарықтардан жаңа тәуелділікке бейімделу икемділігін білдіреді. Ал Жапония үшін бұл ішкі ресурстар жеткіліксіздігін диверсификация, сауда және инвестициямен орын толтырумен байланысты. Сондай-ақ Еуропада энергетикалық қауіпсіздік импортталушы табиғи газ бен мұнайды әртарапандыруды қалайша ұйымдас-

тыру мәселесімен байланысты болса, Ресейде ол стратегиялық ресурстар мен әлемдік нарыққа көмірсутегін жеткізетін құбырларға мемлекеттік бақылауды қалпына келтірумен дәлме-дәл келеді екен. Жалпы алғанда, импорттаушы-мемлекеттерде қауіпсіздік үздіксіз және тұрақты жеткізіп тұрумен байланысты болса, экспорттаушы-мемлекеттер үшін бұл сұраныс тұрақтылығы мен бағалардың ұзақ мерзімді орнықтылығын білдіреді [3].

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесіне қатысты мемлекеттердің ұстанымдары ұлттық заңнамаларда бекітілген. Осыған қатысты өз көзқарастарын анық түрде Ресей, АҚШ және Еуропалық Одақ баяндады. Бірінші кезекте, осындай ресми құжаттарда бекітілген энергетикалық қауіпсіздік түсініктемесін келтіріп, мемлекеттердің бұл мәселеге қатысты ұстанымдарын келтірген жөн.

Ресей Федерациясының Қауіпсіздік Кеңесінің Экономикалық қауіпсіздік жөніндегі мекемелік комиссиясы шешімімен 1998 ж. 27 ақпанда қабылданған «Энергетикалық қауіпсіздік доктринасында» тұжырымдалған «энергетикалық қауіпсіздік» анықтамасын келтірейік: «Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігі – қоғамның сыртқы не ішкі қауіптердің және экономикалық, әлеуметтік-саяси, табиғи, техногендік сипаттағы тұрақсыздандырушы факторлардың болуы жағдайында, сол факторлардың кері әсерлерін жою мен қалпына келтіру арқылы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің қажетті деңгейін келесі жолдармен ұстап тұруға қабілетті жағдайы:

- қоғамның экономикалық және әлеуметтік базасының дамуына қажетті шараларды жасау;
- отын-энергетикалық кешенінің берік қызмет етуін, сондай-ақ оның өнімін тұтынушыларының кепілді энергиямен қамтылуын қамтамасыз ету;
- отын-энергетикалық ресурстардың қолданылу тиімділігін арттыру және мемлекет экономикасын ресурстарды үнемдеуші даму жолына көшуіне қажетті шаралар жасау;
- отын-энергетикалық ресурстардың экономикалық тұрғыдан дәйектелген экспортын жүзеге асыру және өткізу нарықтарын кеңейту;
- энергетика объектілерінің технологиялық және экологиялық қауіпсіздігін тиісті деңгейде ұстап тұру;

- ішкі және сыртқы интеграциялық байланыстарды нығайтып, энергетикалық саладағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту».

Ал «2030 жылға дейінгі Ресейдің энергетикалық стратегиясы» құжатында келесі анықтама берілді: «энергетикалық қауіпсіздік – мемлекеттің, оның азаматтарының, қоғамының, экономикасының отын-энергетикалық қамтылуына төнетін қауіптерден қорғаныста болу жағдайы» [4]. Ресейлік заңнамалардағы энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің кең ауқымда қамтылуынан бұл мәселенің мемлекетке ерекше маңызды екенін байқауға болады. Ресей Федерациясының энергетикалық нарықта айтарлықтай рөл атқаратынын ескере отырып, бұл мәселенің мемлекетке тікелей әсерін тигізетінінде еш күмән жоқ.

2005 ж. кейін АҚШ-та да бірқатар заңнамалық актілер қабылданады: мысалы, 2007 ж. «Энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздік жөніндегі заң». Ал Еуропалық комиссия энергетикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі 2005-2006-жылдарға «Жасыл кітап» жариялайды. Сондай-ақ Еуропалық Энергетикалық хартияның да орны ерекше. Ол 1991 ж. желтоқсанда пайда болып, 1994 ж. желтоқсанда Энергетикалық хартияға Келісімнің қабылдануына түрткі болады. Оған сәйкес «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымына экологиялық және техногендік қауіптерден қорғаныста болу, ядролық қауіпсіздікті жүзеге асыру, экономикалық дамуға еш кедергілердің болмауы сияқты қағидаларды қамтыды [5].

Осындай америкалық және еуропалық құжаттарда көмірсутегінен тәуелділікті қысқартып, ұзақ мерзімді болашақта көмірсутексіз экономиканы құру идеялары бар [3]. Еуропалық Одақ тіпті энергетикалық қауіпсіздік анықтамасына өз ұстанымын білдіру мақсатымен осы ұғымға кіретін энергетикалық саясатының үш басты тірегі атап көрсетеді, олар – тиімділік, тұрақтылық және энергетикалық ресурстардың жеткізілуінің қауіпсіздігі. Ал Барак Обама АҚШ Президенті болып сайланғанға дейін бірнеше жыл бұрын «біз энергетикалық қауіпсіздікке қатысты ұлттық міндеткерлікті қажет етеміз және оны бекіту үшін Энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі директорды тағайындауға тиіспіз» деген еді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасынан энергетикалық қауіпсіздік ұғымы-

ның анықтамасын келтіретін болсақ, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 маусымдағы №1002 Қаулысымен қабылданған "Энергия үнемдеу туралы" ҚР Заңының жобасында келесі анықтама бар: «энергетикалық қауіпсіздік – шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың отын-энергетика ресурстарына қажеттіліктері қанағаттандырылатын сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тиісті ресурстармен, әлеуетпен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жағдайы». Алайда бұл заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінен ҚР Үкіметінің 2010 ж. 26 мамырдағы №473 Қаулысымен кері қайтарып алынды. Ал 2012 ж. 13 қаңтарда қабылданған ҚР "Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі" Заңында энергетикалық қауіпсіздік мәселесі мүлдем қозғалмаған.

Алайда оның орнына 2012 ж. 6 қаңтарда қабылданған ҚР «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бір бөлігі ретінде айтылып өтіледі. 22-бапта экономикалық қауіпсіздіктің энергетикалық қауіпсіздікті де қамтитындығына көңіл аударылған. Ал энергетикалық қауіпсіздіктің «мемлекет қоғам мен мемлекеттің энергия ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін энергетикалық тәуелсіздік пен экономиканың жылу-энергетикалық, мұнай-газ және атом-энергетикалық кешендерінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті олардың нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалу жай-күйін» білдіретіндігі жазылған [6].

Жалпы осы бірнеше мемлекеттердің заңнамасындағы энергетикалық қауіпсіздік түсініктемесін салыстырып, олардың ұқсас екендігіне көз жеткізуге болады. Яғни энергетикалық қауіпсіздік мемлекеттің, қоғамның энергетикалық секторына тиетін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғаныста болу жағдайын білдіреді, сондай-ақ экономикалық дамуына кедергі жасалынбау, ресурстардың лайықты сапада қолжетімді бағамен сатылу мәселелері қозғалған. Сондай-ақ барлығына да ортақ қағида – энергетикалық ресурстармен қамтылу кепілдігі. Мемлекет импорттаушы болсын, экспорттаушы болсын – барлығы да энергетикалық ресурстарды қажет етеді.

Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесі жаһандық деңгейде түрлі халықаралық ұйымдар шеңберінде де қарастырылады. Мысалы, ХЭА энергетикалық қауіпсіздікті көлемі жағынан жеткілікті, берік және бағасы жағынан қолжетімді энергияға ие болумен түсіндірді. Сонымен қатар бұл салада мемлекеттер мүдделеріндегі айырмашылықтар да айтып өтіледі, яғни импорттаушы-мемлекеттер мен экспорттаушы-мемлекеттер үшін бұл ұғымның мағынасы екі бөлек. Импорттаушы-мемлекеттер үшін ол энергиямен қамтамасыз етілудің беріктілігін, ресурстар көздерінің диверсификациясын, импорттан тәуелділікті төмендету үшін жаңа технологияларды енгізуді білдірсе, экспорттаушы-мемлекеттер үшін ол инвестициялардың болуы және тиімді бағалармен стратегиялық нарықтарда нық бекінумен тең келеді. Бұл саладағы ХЭА қызметі 1991 ж. құрылған Халықаралық энергетикалық форумның көмегімен де толықтырылады. Форум шеңберінде энергетика мәселесі жан-жақты талқыланып, бірыңғай анықтама беру мәселесі де қозғалған.

Сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне НАТО да қызығушылығын білдірді. Бұл, өз кезегінде, Ресей сияқты кейбір мемлекеттердің наразылығын тудыруда. 2008 ж. Бухарестегі кездесуде ұйым мүшелері «Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі НАТО рөлі» баяндамасын есепке алып, оның қағидалары 2010 ж. Лиссабондағы кездесуде де қайта бекітілді. «Қырғи-қабақ» соғыс кезінде энергетикалық қауіпсіздік ұғымы НАТО мүшелері үшін Солтүстікатлантикалық одақтың әскери күштерінің үздіксіз отынмен қамтамасыз етілуін білдірген, тіпті, сол мақсатпен НАТО құбырларының жүйесі де құрылады [7]. Бүгінгі таңдағы жағдайлар мен жаңа қауіптердің пайда болуы ұйымның бұл мәселеге қатысты ұстанымдарын қайта қарастыруды талап етеді. «Одақтың әскери күштерінің үздіксіз отынмен қамтамасыз етілуі» анықтамасы енді НАТО үшін бүкіл энергетикалық қауіпсіздік мәселесін қамти алмайды, оған қоса ұйым бүгінгі таңда әскери блок қана емес басқа да жан-жақты саяси мәселелермен айналысушы ұйымға айналып отыр.

Алайда еш халықаралық ұйымда, олардың құжаттарында нақты «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымының анықтамасы табылған жоқ.

Олардың шеңберінде ұғымның ортақ анықтамасының болмауы таңғаларлық емес, өйткені соншалықты мүшелерінің мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігі өте төмен. Сонда да энергетикалық қауіпсіздік мәселесін шешудің ең тиімді тәсілі де осы халықаралық ұйымдар болып табылады. Бірақ жақын болашақта оның жүзеге асуы күмән тудыруда.

Энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесіне қатысты түрлі авторлардың еңбектеріне сүйенетін болсақ, мұнда да ұғымның анықтамасындағы айырмашылықтарды көреміз. Мысалы, «Энергия және қауіпсіздік: жаңа сыртқысаяси стратегияға жол үстінде» атты еңбектің авторлары энергетикалық қауіпсіздікті былай түсіндіреді: «ол – ұлттық күш-қуаттың үдемелі дамуына қажетті энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілу. В. Вильсон атындағы Халықаралық ғылыми орталық президенті Ли Гамильтонның ойынша, энергетикалық қауіпсіздік – мемлекеттік қауіпсіздік саясатының маңыздылығы жағынан ұлттық қорғаныстан кейінгі екінші құрамдас бөлігі» [2].

Ал Кембридж энергетикалық зерттеулер ассоциациясының негізін салушы Дж. Станислоу энергетикалық қауіпсіздік ұғымының кеңейтілген мағынасы жөнінде келесідей пайымдайды: «ол ендігәрі тек мұнайдың жеткізілуінің кепілін ғана білдіріп қоймайды. Энергетикалық қауіпсіздік саяси, экологиялық және инфрақұрылымдық салалардағы қауіпсіздікті, сондай-ақ лаңкестік пен климаттық өзгерістер мәселелерін де қамтиды», ал ресейлік зерттеушілер В.И. Анненков пен Н.М. Лахтовскийдің мақаласында «энергетикалық қауіпсіздік» терминінің үш анықтамасы келтірілген:

«Энергетикалық қауіпсіздік – белгілі бір экономикалық жағдайларда қажетті энергия көлемі мен сапасының қолжетімді болуындағы сенімділік»;

«Энергетикалық қауіпсіздік – тұлға, қоғам және мемлекеттің өмірлік маңызы бар «энергетикалық мүдделерінің» ішкі және сыртқы қауіптерден қорғаныста болу жағдайы»;

«Энергетикалық қауіпсіздік – мемлекеттің, оның азаматтарының, қоғамының және экономикасының энергиядағы қажеттіліктеріндегі экономикалық тұрғыдан қолжетімді әрі лайықты сападағы отын-энергетикалық жанармаймен тапшылық қаупінен қалыпты

жағдай мен төтенше жағдайда қамтамасыз етудегі тапшылық пен тұтынушылардың отын-энергетикалық қамтамасыз етілуіндегі тұрақтылықтың бұзылуынан қорғаныста болу жағдайы» [8].

«Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы теориясы» атты ресейлік оқулықта «энергетикалық қауіпсіздік «мемлекеттің тұрақты ілгері дамуын қамтамасыз ететін түрлі тіршілік әрекеті ортасындағы тұлға, қоғам және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалу жағдайы», – деп көрсетіледі. [9]. Алайда бұл анықтама тым абстрактілі сипатқа ие.

Кей авторлар энергетикалық қауіпсіздік анықтамасы мәселесін зерттеуде ұғымға ортақ анықтама беру емес, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шараларын көрсетуді жөн көрген. Бұл тәсілдің де маңыздылығы зор, өйткені ол энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі анық түсініктің қалыптасуына жәрдемдеседі. Біріншіден, нақты шараларды тармақтарға бөліп, кейін соның нәтижесінде «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымының тиянақты анықтамасын шығару мүмкіндігі туады.

Мысалы, Кембридж энергетикалық зерттеулер ассоциациясының (CERA) төрағасы Д. Ергиннің пайымдауынша, энергетикалық қауіпсіздікті қолдау үшін мемлекеттер бірнеше қағиданы ұстануы қажет. Біріншіден, 90 жыл бұрын Черчилль айтқандай: шикізат жеткізуді әртараптандыру. Бір экспорттаушы мемлекет тұрақсыздықты көрсетсе, басқа жеткізіп тұрушыға тезарада жүгінуге болады. Екіншіден, тұрақтылық: стратегиялық қорлардың болуы, жаңылыстарға жедел жауап беру, резервті электр қуаты, т.б. Үшіншіден, интеграцияны мойындау. Күн сайын 86 млн. баррельды тасымалдап, пайдаланатын күрделі әлемдік жүйені құрайтын бір ғана мұнай нарығы бар. Осы нарықтың тұрақтылығы тұтынушылар үшін қауіпсіздіктің басты қайнар көзі болып табылады. Оқшаулануға мүлдем жол жоқ. Төртіншіден, ақпарат маңыздылығы. Нарықтардың ұтымды қызмет етуіне жоғары сапалы ақпараттардың тигізетін әсері зор [10].

Мәселен, осы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету саласында 2000 ж. алдыңғы қатарлы халықаралық ұйымдар – Азия-Тынықмұхиттық энергетикалық зерттеулер орталығы, ЕО

Статистикалық бюросы, Латынамерикалық энергетикалық ұйым, Халықаралық энергетикалық агенттік, ОПЕК және БҰҰ Статистикалық департаменті мұнайдың әлемдік қорлары жөніндегі ақпаратты жинаудың ортақ механизмін құруды ұсынады. Бұл бағдарлама 2003 ж. сәуірінен бастап ресми түрде Joint Oil Data Initiative атауына ие болып, ең сенімді ақпаратқа ие болуға жол береді [11].

Алайда Д. Ергиннің тұжырымдамасына қайтып келетін болсақ, оның қағидаларының тек импорттаушы-мемлекеттерге қатысты екендігі айқын байқалады. Шикізат көздерінің диверсификациясы, стратегиялық қорлар, жедел жауап беру – бұның барлығы тұтынушы-мемлекеттердің мүдделеріне жауап береді. Яғни бұл тұжырым да біржақты сипатқа ие және әмбебап анықтамаға жол бермейді.

Жалпы соңғы жылдары энергетикалық қауіпсіздікке қатысты тұтынушылардың өз түсінігі, қамсыздандырушылардың өз түсінігі қалыптасып, мүдделерінің нағыз қарама-қайшы келуінен олардың келісімге келуі мүмкін емес деген теория кең таралған. Яғни бұл екі тараптың осы ұғымға қатысты көзқарастары мүлдем басқа. Алайда тұтынушылардың энергоқауіпсіздігі мен оған қайшы келетін қамсыздандырушылардың бөлек энергоқауіпсіздігі жоқ – ол барлығына да ортақ болуы тиіс. Яғни энергетикалық қауіпсіздіктің ондаған түрлі анықтамасы болса да, олар бір мағынаны білдіруі керек және де сол мағынасында барлық тараптардың мүдделерінің қамтылуы басты міндет болып табылады. Егер мемлекеттер энергетикалық қауіпсіздікті жаһандық деңгейде орнатқысы келсе, олар ақырында бір ымыраға келуі тиіс.

Осыған қатысты Ресей Федерациясының бұрынғы сыртқы істер министрі Е.М. Примаковтың ойы келесідей: «Энергетикалық қауіпсіздік батыс өкілдері түсіндіретіндей

тек біржақты жеткізу кепілін ғана білдіріп қоймайды. Қауіпсіздік үш кепілмен қамтамасыз етілуі қажет: тұтынушы-мемлекеттер тарапынан сұраныстың болуы, өндіруші-мемлекеттердің тарапынан ресурстардың кепілді түрде жеткізілуі, территорияларынан осы ресурстар өтетін үшінші мемлекеттердің тарапынан сол ресурстардың тасымалдануының кепілі. Олардың барлығы жауапкершілікті бірдей көтереді және жаһандық энергетиканың үздіксіз қызмет етуіне теңдей жауап береді» [12].

Осылайша, энергетикалық қауіпсіздіктің ортақ анықтамасына келу әлі де мүмкін болмаса да, ортақ қағидалардың бар екендігін байқауға болады. Ең бастысы, энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бір бөлігі болып табылады. Энергетикалық қатынастарға іліккен тараптардың барлығының бір мақсаты бар – энергетиканың қауіпсіздігінің кепілі, кепілді түрде ресурстармен қамтамасыз етілу. Сондай-ақ қолжетімді баға тек импорттаушы ғана емес, экспорттаушы мемлекетке де қажет. Жоғарыда айтылғандай, бағаның өсуі екі жаққа да кері әсерін тигізуі мүмкін. Ал мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігі оның азаматтарының, қоғамының сыртқы және ішкі қауіптерден қорғаныс жағдайында болуын білдіреді деуге де болады.

Импорттаушы-мемлекеттер мен экспорттаушы-мемлекеттердің екі бөлек энергоқауіпсіздік түсінігі жоқ, ол барлық тараптарға ортақ болуы тиіс. Энергетикалық қауіпсіздікті әлемдік деңгейде орнату үшін барлық тараптар ымыраға келуі тиіс. Тараптардың мүдделері ақырында ұқсас келеді, екеуі де энергетикасының қауіпсіздігінің кепілін, энергия көздерімен қамтамасыз етілуді қажет етеді. Сол себептен келешекте энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің нақты бір мәмілеге келуі мүмкін жағдай болып табылады.

Литература

- 1 Перспективы развития мировой энергетики до 2020 г. / Доклад МЭА для заседания министров энергетики стран «восьмерки» в Москве 31 марта -1 апреля 1998.
- 2 Боровский Ю. Политизация мировой энергетики // Международные процессы, 2008. – Том 6. – №1(16). – <http://www.intertrends.ru/sixteenth/002.htm>
- 3 Денчев К. Мировая энергетическая безопасность: история и перспективы // Новая и новейшая история. – №2. – С. 39-58.
- 4 Проект Доктрины энергетической безопасности РФ // Энергетическая политика. – 1996. – №2. – С. 2-7.; Энергетическая стратегия России на период до 2030 г. Утверждена Распоряжением Правительства РФ от 13 ноября 2009 г. № 1715-р. – <http://minenergo.gov.ru/aboutminen/energostrategy/>

- 5 Европейская энергетическая хартия, принятая в Гааге в 1991 г. – http://bellona.ru/filearchive/fil_energy_charter_law.pdf; Договор к Энергетической хартии, Лиссабон, 1994. – http://bellona.ru/filearchive/fil_ECT.pdf
- 6 «Энергия үнемдеу туралы» ҚР Заңының жобасы. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090001002>; Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы. – <http://thenews.kz/2012/01/17/1014145.html>
- 7 Роль НАТО в обеспечении энергетической безопасности. – Официальный сайт НАТО. – http://www.nato.int/cps/ru/natolive/topics_49208.htm
- 8 Анненков В.И., Лахтовский Н.М. Энергетическая безопасность в условиях глобализации// Обозреватель. – 2010 – №1. – С.37.
- 9 Общая теория национальной безопасности: учебник/ под общ. ред. А.А. Прохожева. – 2 изд. – М., 2005. – 344 с. (Учебники Российской академии государственной службы при Президенте РФ).
- 10 Ергин Д. Гарантировать энергетическую безопасность // Россия в глобальной политике. 2006. – т. 4. – №1. – С. 59-60.
- 11 Мазур И.И. Глобальная энергетическая безопасность // Век глобализации. – 2008. – №1. – С. 57-69.
- 12 Примаков Е.М. Мир без России? К чему ведет политическая близорукость. – М., 2009. – С. 148.

References

- 1 Perspektivy razvitiya mirovoi ekonomiki do 2020 g./ Doklad MEA dlya zasedaniya ministrov energetiki stran «vosmerki» v Moskve 31 marta- 1 aprelya 1998 g/
- 2 Borovskiy Y. Politizaciya mirovoi energetiki// Mezhdunarodnye processy, 2008, Tom 6, №1(16). – <http://www.intertrends.ru/sixteenth/002.htm>
- 3 Denchev K. Mirovaya energeticheskaya bezopasnost: istoriya I perspektivy// Novaya I noveyshaya istoriya, №2. S. 39- 58.
- 4 Proekt Doktriny energeticheskoy bezopasnosti RF. – Energeticheskaya politika, 1996, №2, S. 2-7.; Energeticheskaya strategiya Rossii na period do 2030 g. Utverzhdena Rasporyazheniem Pravitelstva RF ot 13 noyabrya 2009 g. №1715-p. – <http://minenergo.gov.ru/aboutminen/energostrategy/>
- 5 Evropeiskaya energeticheskaya hartiya, prinyataya v Gaage v 1991 g. – http://bellona.ru/filearchive/fil_energy_charter_law.pdf; Dogovor k Energeticheskoi hartii, Lissabon, 1994. -http://bellona.ru/filearchive/fil_ECT.pdf
- 6 «Energiya unemdeu turaly» KR Zanyynyn zhobasy.- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090001002>;
- Kazakhstan Respublikasynyn «Ultyk kauipsizdigi turaly» zany. – <http://thenews.kz/2012/01/17/1014145.html>
- 7 Rol NATO v obespechenii energeticheskoy bezopasnosti. – Oficialnyi sait NATO. – http://www.nato.int/cps/ru/natolive/topics_49208.htm
- 8 AnnenkovV.I., Lahtovskiy N.M.Energeticheskaya bezopasnost v usloviyah globalizacii/ // Obozrevatel. – 2010. – №1. – S. 36-47.
- 9 Obshaya teoriya nacionalnoy bezopasnosti: uchebnik/ pod obsh. red. A.A. Prohozheva. – 2 izd. – Moskva, 2005. – 344 s. (Uchebniki Rossiyskoy akademii gos. sluzhby pri Prezidente RF).
- 10 Ergin D. Garantirovat energeticheskuyu bezopasnost// Rossiya v globalnoi politike. 2006,t.4, №1. S.59-60.
- 11 Mazur I.I. Globalnaya energeticheskaya bezopasnost// Vek globalizacii. 2008, №1. S. 57-69.
- 12 Primakov E.M. Mir bez Rossii? K chemu vedet politicheskaya blizorukost. M., 2009, S. 148.

ӨОЖ 327;3399

А.Б. Күзембаева

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: akuzembayeva@bk.ru

Қазақстан – АҚШ қарым-қатынасындағы энергетикалық фактордың маңыздылығы

Мақалада қазақстандық-америкалық ынтымақтастықтың стратегиялық серіктестік деңгейіне өтуімен екі жақты диалогтің жаңа мүмкіндіктері және ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан экономикалық қарым-қатынастар мазмұнының сипаты ашылып, даму үдерісі қарастырылған. Қазақстан Республикасы мен АҚШ-тың энергия қорлары саласындағы ықпалдастығының кейбір жетістіктері мен мәселелеріне талдау жасалған. Энергетика ресурстарын дамыту мен әртараптандыру бойынша Қазақстанның АҚШ жоспарында алатын орны ерекше және бұл келесідей факторлармен негізделген: республика дамуының тұрақтылығы мен болжамдылығы, ықтимал инвестициялық климат, экономикалық өсуі, көп жақты және прагматикалық көзқарасқа негізделген сыртқы саясат, демократиялық үдерістердің оңды серпінділікпен дамуы. Қазіргі таңда Қазақстан – АҚШ қарым-қатынастары әлемдік саясаттың түйінді мәселелері бойынша ұстанған бағыттарының, сондай-ақ ықпалдастықтың басым салаларындағы ұзақ мерзімдік ұлттық мүдделерінің жақындығымен ерекшеленетіндігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: қазақстандық-америкалық қарым-қатынастар, энергетикалық қауіпсіздік, ынтымақтастық.

А.Б. Кузембаева

Энергетический фактор в казахстанско-американских отношениях

В статье отмечается, что двустороннее казахстанско-американское сотрудничество получило активное развитие практически во всех сферах, и отношения между двумя странами твердо вышли на уровень стратегического партнерства. В статье рассматриваются проблемы и перспективы энергетического сотрудничества Казахстана и США. Автор отмечает, что на характер энергодиалога между странами оказывают влияние факторы геополитического, экономического и политического характера. Казахстан занимает особую роль во внешней политике США, благодаря экономической, политической, социальной стабильности. В статье проведен анализ современного состояния и тенденций развития казахстанско-американского энергетического сотрудничества. В целом, можно отметить, что отношения стратегического партнерства между Казахстаном и США переживают новый качественный подъем, что диктуется общностью стратегических целей и схожим видением путей их достижения.

Ключевые слова: казахстанско-американские отношения, энергетическая безопасность, сотрудничество.

A.B.Kuzembayeva

Kazakhstan–United States Relations: the Energy Factor

The strategic partnership between Kazakhstan and United States illustrates the multifaceted and mutually beneficial nature of relations between two countries. The article is devoted to the development of energy partnership between the Kazakhstan and the United States. The main aspects of bilateral relations in the new international environment were disclosed. Development of long term relations with the United States is a key priority of Kazakhstan's foreign policy. Taking into consideration the United States' leadership in the global economy and politics, their military power and active implication in Central Asian geopolitical processes, the interaction between Kazakhstan and the United States becomes the strategically important for our republic. It's noted that since the first days of its independent development, the Republic of Kazakhstan has proved itself a reliable partner for United States. The article reveals more significant events and measures held by the both states in the field of energy cooperation. In conclusion, it was noted that the two countries have high potential for further successful interaction.

Key words: Kazakh-American relations, energy security, cooperation.

Кіріспе

Соңғы жылдардағы энергетикалық фактор ықпалының халықаралық қатынастарға артуы геосаяси өзгерістер үдерісінің нығаюымен қатар жүруде және бұл қазіргі таңдағы айқын заңды үдеріс бола отырып, ұлттық қауіпсіздік және сыртқы саясат мәселелеріне жаңадан басқаша қарауға міндеттейді.

Әлемдегі өзара тәуелділіктің күшеюі, энергия қорлары төңірегіндегі қарама-қайшылықтардың шиеленісуі әлемдік сахнадағы ынтымақтастықты кеңейтудің және жеделдетудің объективті қажеттілігін арттырды. Бұл тұрғыда қазіргі кезде мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың дамуы тиімді тетіктердің бірі болып табылады және халықаралық қатынастарда іргелі рөл ойнауда.

Бүгінгі таңда Қазақстан дүниежүзінде болып жатқан үрдістерге белсенді түрде қатысуда, әлемнің көптеген елдерімен тұрақты саяси және экономикалық байланыс орнатып, халықаралық қоғамдық институттардың беделді мүшесіне айналды, күрделі экономикалық және саяси міндеттерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатын деңгейге көтерілді.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен ықпалдастықты дамыту көпвекторлы сыртқы саясат негізінде жүзеге асырылады және Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сай келеді.

Серіктес мемлекеттер қатарында Америка Құрама Штаттары негізгі орынды алып отыр. Қазақстан және АҚШ арасындағы қарым-қатынастар саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда өскелең дамып келеді және екі ел арасындағы ынтымақтастық өзара тиімді стратегиялық серіктестіктің мысалы болып табылады.

Екі мемлекеттің экономикалық байланыстарының дамуында мұнай өнеркәсібі маңызды рөл атқарады. Қазақстан экономикасының қарқынды даму үстіндегі өндіріп шығару саласы америкалық инвестициялар үшін едәуір тартымды нысан болып табылады. Америкалық капиталдың және әлемге танымал америкалық мұнай компанияларының белсенді қатысуымен Қазақстан өзінің мұнай өнеркәсібін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Қазақстан-АҚШ экономикалық ынтымақтастығы: негізгі қырлары

Экономикалық саладағы Қазақстан сыртқы саясатының басты мақсаты тауарлардың, қыз-

мет көрсетулердің күрделі қаржы жұмсалымдарының әлемдік нарығына шығуы үшін жағдай жасауға, экспорттық-импорттық әлеуетті дамытуға, инвестицияларды, жаңа технологияларды өндірістік салаға тартуға, баламалы тасымалдау жолдарының жобаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Қазақстан мен АҚШ-тың экономикалық ынтымақтастығының серпінділігін прагматизм мен өзара мүдделілік айқындайды. Әр түрлі пайдалы қазбалардың ауқымды қорының болуынан және ішкі саяси тұрақтылығынан Қазақстан шетел инвестициялары үшін Орталық Азия елдері арасында ең тартымды мемлекетке айналды.

АҚШ – Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторының бірі. Қазақстанға тартылған америкалық инвестициялардың және екі мемлекет арасындағы тауар айналымының өскендігін байқауымызға болады. Осылай, 1993 жылдан бері Қазақстан Республикасына тартылған америкалық тікелей инвестициялардың жалпы ағымы 25 млрд долларға жетті. Өз кезегінде екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 2013 жылы 508,1 млн. долларды, ал 2013 жылы 2,75 миллиард долларды құрады [1].

АҚШ-пен сауда байланысында Қазақстан экспортының ауқымды бөлігін түсті металдар, рудалар, жер қойнауында аз кездесетін элементтер сияқты шикізат құрайды. Қазақстанның Құрама Штаттармен экономикалық және инвестициялық ынтымақтастығын дамыту жолындағы маңызды міндеттерінің қатарына америкалық күрделі қаржы жұмсалымы салынған салаларын әртараптандыру жатқызылған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылы ұсынған «Хьюстон бастамасына» сәйкес екі мемлекеттің жеке секторларының жақындасуы, өнімді бірлесіп өндіру және оны әлемдік нарыққа шығару бойынша шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар 2002 жылы АҚШ-тың Қазақстанды нарықтық экономикасы бар ел ретінде тануы екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікке ықпал етіп, біздің мемлекетіміздің ДСҰ-ға мүше-мемлекеттер қатарына қосылуына маңызды алғы шарт болды.

Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық көп жақты негізде де дамуда. АҚШ және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда және инвестициялар саласындағы қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі атқарушы

келісімнің (ТИФА) жүзеге асырылуы кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету және инвестициялар ағымын ынталандыру арқылы әлемдік экономикалық қауымдастыққа біршама түрде интеграциялануға ықпал ететін жаңа бастама болды.

ТИФА аясындағы диалог үдерісі Қазақстан үшін АҚШ-пен ынтымақтастықты тереңдету, сауда мен инвестиция саласындағы нақты қазақстандық бастамаларды жүзеге асыру, аймақтық экономикалық интеграцияны ілгерілету тұрғысынан маңызды болып табылады деп есептейміз.

Қазақстанның АҚШ-пен экономикалық саладағы өзара ықпалдастығы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндетті шешу аясында бұрынғыдан да маңызды бола түспек.

Қазақстанның АҚШ-пен экономикалық байланыстарды нығайту үдерісі өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, сауда мен тасымалдау инфрақұрылымының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағдарланған ұлттық мақсаттар мен басымдықтарға негізделгендігін тұжырымдауға болады.

Алайда Қазақстан және АҚШ арасындағы сауда-экономикалық байланыстарының дамуындағы ассиметрия және америкалық инвестициялардың Қазақстан экономикасының жеке салаларына түсуі қазақстандық-америкалық сауда-экономикалық байланыстардың әркелкі дамуын айқындайды. Бұл, негізінен, АҚШ-тың Каспий аймағы мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның көмірсутек шикізаты есебінен энергия ресурстарының әлемдік жеткізілімдерін әртараптандыруға мүдделі болуымен байланысты.

Қазақстан-АҚШ энергетикалық диалогінің негізгі бағыттары.

Энергетикалық фактор Қазақстан – АҚШ экономикалық ынтымақтастығының маңызды элементі болып табылады. Қазіргі уақыттағы мұнай мен саясаттың тығыз байланыста болуы америкалық сыртқы саясатта мұнай мәселесінің, соның ішінде Қазақстанмен қарым-қатынастардың басымдылығын анықтап отыр. Атап айтқанда, Каспий бассейні қорларының 75 пайызын және дүниежүзілік мұнай қорларының 2 пайызға дейін мөлшерін иемденіп отырған Қазақстан, АҚШ үшін мүдделі елдердің қатарына жатады.

Әлемдегі жетекші мұнай тұтынушысы болғандықтан, АҚШ стратегиясындағы энергетикалық фактор дәстүрлі өзекті сыртқы саяси басымдылыққа ие. АҚШ-тың әлемдегі негізгі мұнай аймақтарында, сонымен бірге Каспий аймағында орнығуы ол елдің сыртқы саясатының ең маңызды мақсатын айқындайды. Атап айтқанда, АҚШ-тың стратегиялық құжаттарында энергетикалық тәуелділікті еңсеру жолында импортты Каспий аймағы мемлекеттері ресурстары арқылы әртараптандыру көзделген және Қазақстанға ірі ықтимал тасымалдаушы ретінде айрықша мән беріледі [2].

Отандық сарапшылардың пікірінше, АҚШ-тың Каспий және Орталық Азия аймағының энергетикалық ресурстарына нақты қызығушылығының болуымен қатар, Вашингтон бұл ресурстарды игерудегі өзінің рөлін Орталық Азия мемлекеттерінің саясатына, әсіресе әрдайым мойындалмайтын Ресейге байланысты саясатқа ықпал ету тетігі ретінде қарастырады. Құрама Штаттар үшін энергия ресурстары парықсыз емес, өйткені түпкілігінде олар он-он бес жылдан кейін АҚШ экономикасымен бәсекелесе алатын қарқынды дамып келе жатқан экономикаға ие Қытай және Үндістанға қарай кетуі мүмкін [3].

Америкалық капиталдың және әлемге танымал америкалық мұнай компанияларының белсенді қатысуымен Қазақстан өзінің мұнай өнеркәсібін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Бірлескен энергетикалық жобалар еліміздің дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялануына, америкалық инвестициялардың ел экономикасына тартылуына өз үлесін қосып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Америка Құрама Штаттары еліміздің егемендігін алғашқы мойындағандардың ішінде екендігін және америкалық компаниялар өздерімен бірге жаңа білім, инновациялар мен технологиялар әкелген Қазақстан экономикасының алғашқы инвесторлары екендігін атап өткен болатын [4].

1993 жылдан бері Қазақстанға тартылған америкалық инвестициялардың жалпы көлемінің 70%-дан астамы көмірсутек шикізатын игеру саласына салынған. «Шеврон», «ЭксонМобил» сияқты ірі америкалық компаниялардың күрделі қаржы жұмсалымы Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған ірі кен орындарында шоғырланған.

2002 жылы энергетикалық саладағы сындарды диалогтің дамуын қамтамасыз ететін арнайы тетіктің – Энергетикалық серіктестік жөніндегі бірлескен қазақстандық-америкалық комиссиясының құрылғандығын атап өтуімізге болады. Бұл комиссия аясында мұнай-газ секторымен, электр энергетикасымен, атом энергетикасымен, ядролық технологиялар және тартпау мәселелерімен, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын төрт жұмыс тобы қызмет етуде.

АҚШ-тың энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ғаламдық стратегиясы аясында АҚШ басшылығы біздің еліміз жүргізіп жатқан мұнай мен газдың экспорттық көп нұсқалы бағытын дамыту бойынша саясатын қолдайтындығын атап өтуге болады. Каспий мемлекеттерінің бірі болып табылатын Қазақстан үшін Каспий аймағындағы жағдай ерекше маңызға ие болуда. Біріншіден, Қазақстан көлік проблемаларын шешу үшін энергия қорларын пайдалануға мүдделі. Екіншіден, Қазақстанның ішкі құрлықтық орналасуы және теңіздерге тікелей шығу жолдарының болмауы әлемдік нарықтарға мұнайды тасымалдау жолында қиындықтар туғызады. Негізгі мұнай дәлізін монополияландырған Ресейден өз бағыныштылығын азайту мақсатымен энергия ресурстарын тасымалдаудың жолдарын әртараптандыру маңызды болды. Үшіншіден, қазіргі таңда Каспий мұнайының ағымдары үшін басты күрес Қазақстан мен оның Каспий теңізіндегі секторы айналасындағы, Каспий маңындағы, оған жақын және аймақтан тыс мемлекеттер арасындағы шиеленісіп бара жатқан геосаяси ойын жағдайында Қазақстан алдында өз ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін сақтап қалу міндеті тұр. Осыған байланысты Ресейлік Каспий қайраңы жерлері шетел капиталы үшін шек қойылған. Иран секторында айтарлықтай белгілі бір ірі кен орындары жоқ. Түрікменстанда салыстырмалы түрде кішігірім мұнай қорлары бар және әлемдік және сыртқы саяси бағытында аймақтық үрдістерден оқшаулану саясатын жүргізеді. Шетел компаниялары Каспийдің эзирбайжандық секторын игеруден күткен нәтижелерін алған жоқ. Қазақстанның АҚШ-тағы бұрынғы елшісі Б. Нұрғалиев АҚШ-пен энергетикалық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтеді: «Каспий энергия ресурстарын әлемдік нарыққа экспорттауға

америкалық компаниялардың қатысуы маңызды болып табылады, өйткені бұл бүкіл аймақтың тұрақтылығы мен гүлденуіне жағдай жасайды» [5].

«Шеврон» және «Мобил» компанияларының қатысуымен 2001 жылы Каспий құбыр желісі консорциумы іске қосылды. Жобаның жалпы соммасы 2,6 млрд. АҚШ долл. құраған еді. АҚШ тарапынан бұл құбыр желісінің іске қосылуына оң баға берілді. АҚШ-тың конгресмендерінің ҚР-ның Президенті мен халқына жіберген жолдауында, мұнай құбырының Қазақстанның «экономикалық тәуелсіздігінің нығаюына себептесетіндігі» және «америкалық инвестицияларды тартудың арқасында» аймақтың экономикалық өсуіне қуатты серпін беретіндігі, сондай-ақ «көптен күтілген көліктік инфрақұрылым Каспий бассейнінің энергетикалық қорларына жол ашатындығы» және энергия тасымалдаушылардың дүниежүзілік жеткізілімдерінің әртараптандырылуына мүмкіндік туғызатындығы аталып өтіледі.

Ал 2006 жылы Қазақстан АҚШ-тың саяси қолдауының арқасында жүзеге асырылған Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбырына қосылу туралы шешім қабылдады. Н.Ә. Назарбаев бұл жобаның Қазақстан үшін ресейлік және қытайлық бағыттардан басқа мұнайды тасымалдаудың үшінші жолы екендігін және қазақстандық мұнайды шығару қарқынының жеделдетілуіне байланысты оның маңызды болып табылатындығын атап өтеді. 2008 жылдан бастап бұл құбыр дәлізімен Қазақстанның ең ірі кен орны болып саналатын Қашағанның мұнайы жеткізілуде. Тәжірибе жүзінде БТЖ бойынша мұнай тасымалдау жобасының жүзеге асырылуынан болатын маңызды жақтарды атап өтуге болады:

1) жоба Қазақстан және Әзірбайжанның энергия ресурстарының экспортының әртараптандырылуына себептеседі;

2) ол Орталық Азия және Закавказье мемлекеттерінің энергетикалық қауіпсіздігін жақсартуға ықпал етеді;

3) БТЖ жобасына қатысушы мемлекеттерді саяси және экономикалық дәнекерлермен байланыстырады;

4) мұнай құбыры АҚШ және басқа да Батыс елдерін қосымша энергия ресурстары көзімен және әлемдік энергетикалық нарыққа ықпал ету тетігімен қамтамасыз етеді.

2006 жылдың қыркүйек айында өткен Н. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары барысында қабылданған Қазақстан және АҚШ Президенттерінің бірлескен мәлімдемесінде энергетикалық ынтымақтастықтағы БТЖ құбыр дәлізінің маңыздылығы атап өтілді: «Біз Қазақстанға көмірсутегі шикізатының әлемдік жетекші де сенімді жеткізуші мемлекеттер қатарына кіруге көмектескен өзіміздің энергетикалық әріптестігімізді жоғары бағалаймыз. Құрама Штаттар Қазақстанның Баку-Тбилиси-Жейхан құбырына қосылумен құттықтайды, мұның өзі маңызды көп қырлы жобаға құнды үлес қосты. Біздің энергетикалық әріптестік америкалық компанияларының Қазақстан ресурстарын, соның ішінде ядролық энергетиканы игеруге қатысуына жәрдемдеседі. Біздің елдеріміз энергияның жаһандық көздерін кеңейту жөніндегі ортақ күш-жігерді жетілдіруге және бұл ресурстарды халықаралық нарықтарға жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін іздестіруге міндеттенеді» [6].

Сондай-ақ қазіргі таңда АҚШ басшылығы ұсынған «Жаңа жібек жолы» стратегиясына аясында екі мемлекет аймақта энергетика, көлік инфрақұрылымын дамыту сияқты басым бағыттарға аса зор мән беруде. Атап айтқанда, Оңтүстік Азия мемлекеттеріне қарай мұнай мен газды тасымалдайтын Ауғанстан аумағы арқылы өтетін құбыр желісін салу қарастырылуда. Бұл тұрғыда Америка Құрама Штаттары Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуетін аймақтың сауда және транзиттік байланыстың жетілдірілген әрі кең ауқымды желісіне айналуы үшін пайдалануға мүдделі болуда.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, энергетикалық тиімділік және энергияны сақтау жөніндегі шараларды нығайту, тасымалдау инфрақұрылымын салу, көмірсутек

және урандық шикізатты игеру, өңдеу және пайдалану салаларына озық технологияларды ендіру сияқты ұзақ мерзімді міндеттерді шешу тұрғысынан АҚШ-пен бұл саладағы ынтымақтастықты әрі қарай дамыту қажет деп есептейміз.

Қорытынды

Энергетикалық фактор, инвестициялық және сауда ынтымақтастығының дамуы, бірлескен кәсіпорындардың қызметі экономика саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың маңызды элементтері болып табылады.

Халықаралық энергетикалық инфрақұрылымға республиканың интеграция үдерісінде Қазақстан-Америка ынтымақтастығы үлкен рөл атқарады. АҚШ-тан келген компаниялар – қазақстандық мұнай-газ кешенінің бірінші инвесторлары, олар бұл кешенге жаңа білімді, инновациялар мен технологияларды әкеліп енгізді. Қазақстан экономикасына, әсіресе мұнай-газ секторына тартылған инвестициялардың үшінші бөлігі америкалықтар үлесіне тиеді. Біздің энергия әріптестігімізді кеңейту аясында ядролық энергетиканы дамыту жөніндегі ынтымақтастықтың перспективалары айқындалады.

Сонымен, Қазақстан және АҚШ арасында экономикалық ынтымақтастықты жетілдіре отырып, республиканың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Аталған экономикалық саясат, біздің пікірімізше, жаңа технологияларды сатып алуға, капиталға қол жеткізуді жеңілдетуге және жаңа жұмыс орындарымен аадмдарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан экономикасын әрі қарай реформалауға едәуір ықпал ететін болады. Қазақстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастығының барлық бағыттары бойынша АҚШ-тың ресми және іскер топтары тиімді ықпалдастықты дамытуға орнықты қызығушылық байқатады деп айтуымызға болады.

Әдебиеттер

- 1 Комитет таможенного контроля МФ РК. Статистика: Показатели внешней торговли // <http://www.customs.kz>>Accessed: 4/04/2014
- 2 US Energy Information Administration: Overview of oil and natural gas in the Caspian Sea region // <http://www.eia.gov/countries/regions-topics.cfm?fips=CSR>> Accessed: 4/04/2014
- 3 Султанов Б.К., Музапарова Л.М. Становление внешней политики Казахстана. – Алматы, 2005. – С. 107.
- 4 Н.Назарбаев: "Прорыв" в истории отношений Казахстана и США... (интервью) // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1167566100>> Accessed: 4/04/2014

5 Нұрғалиев Б.К. Америка көзқарастан басталады: АҚШ-тың ХХІ ғасырдағы ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және Қазақстан-америкалық қатынастарының болашағы туралы // *Дипломатия жаршысы*. – 1 тоқсан 2000. – 52 б.

6 Казахстанско-американское совместное заявление. Вашингтон, 29 сентября 2006 г. // *Казахстанская правда*. – 2006. – 3 октября.

References

1 Republic of Kazakhstan's custom committee. Statistics: Foreign Trade Data. // <http://www.customs.kz>> Accessed: 4/04/2014

2 US Energy Information Administration: Overview of oil and natural gas in the Caspian Sea region // <http://www.eia.gov/countries/regions-topics.cfm?fips=CSR>> Accessed: 4/04/2014

3 Sultanov B.K., Muzaparova L.M. Stanovleniye vneshnei politiki Kazakhstana – Almaty. – 2005- P. 107

4 N.Nazarbayev: "Proryv" v istorii otnisheni Kazakhstana i SSHA. (interview) // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1167566100>> Accessed: 4/04/2014

5 Nurgaliyev B.K. Amerika kozkarastan bastalady: AKSh-tyн XXI gasyrdagy ulttyk kayipsizdik strategiyasyzhane Kazakhstan-amerikan katynastarynyn bolashagy turaly// *Diplomatiya Zharshysy*. – 1 toqsan 2000. -52 b.

UDC 327(5-191.2):502

F.T. Kukeeva, N.N. Sembekov*

Al-Farabi Kazakh National University, International Relations Department, Kazakhstan, Almaty
*e-mail:sembekov.n@gmail.com

Environmental risks in Central Asia and its impact on regional cooperation

In the XXI century, questions of environmental problems in Central Asia go beyond the region, defying the international community. It is known, environmental issues that were raised repeatedly on the agenda of international tribunals and scale concepts of environmental security requires clear actions and decisions in some areas of international politics. During the Soviet period lands of Central Asia used for production. These and other policies were hold incorrectly, aiming only to get economic benefits. The results were destructive for the development of CA. The region and its inhabitants had to pay for its costs: environmental degradation; water shortages and pollution, health problems. Nowadays these problems are still actual and need solutions. Therefore leaders of CA countries looking ways of cooperation in order to provide environmental security.

Key words: environment, ecology, security, cooperation.

Ф.Т. Кукеева, Н.Н. Сембеков

Орталық Азиядағы экологиялық қауіптер және оның аймақ мемлекеттерінің ынтымақтастығына әсері

XXI ғасырда Орталық Азияның экологиялық мәселелері аймақ шеңберінен шығып, әлемдік қауымдастыққа үнқату үстінде. Осы экологиялық мәселелер халықаралық деңгейде бірнеше рет көтерілді және әлі де көтеріліп жатыр, сондай-ақ осы мәселелер халықаралық ұйымдардың күн тәртібіне енгізілгені баршаға аян. Бүгінгі күні, экологиялық қауіпсіздіктің алып тұжырымдамалары халықаралық саясаттың кейбір салаларында нақты қадамдар жасауды және тиімді шешімдер табуы қажет етеді.

Кеңестік дәуірде Орталық Азия аймағының жерлері өндіріс үшін көптеп пайдаланылды. Дегенмен, кеңестік жетекшіліктің осы және өзге де саясаттары дұрыс бағытта іске асырылған жоқ. Себебі бұл саясат тек экономикалық пайда табуы ғана көздеген болатын. Осының салдарынан Орталық Азия аймағы үлкен зардап шекті. Аймақ және оның тұрғындары әлі күнге дейін осы саясаттардың келесідей залалдарын көруде: қоршаған орта жағдайының нашарлауы, ауыз суының жетіспеушілігі, ауа райының ластануы және денсаулықтың нашарлауы. Осыған орай, Орталық Азия мемлекеттерінің көшбасшылары аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аймақ халықтарының мүддесін қанағаттандыру мақсатында ынтымақтасу жолдарын іздеуде.

Түйін сөздер: экология, қоршаған орта, қауіпсіздік, ынтымақтастық.

Ф.Т. Кукеева, Н.Н. Сембеков

Экологические риски в Центральной Азии и их влияния на сотрудничество государств региона

В XXI веке концептуальные проблемы и угрозы безопасности экологических проблем в Центральной Азии вышли за рамки региона, бросая вызов международному сообществу. Известно, что эти экологические вопросы неоднократно поднимались в международных организациях. На сегодняшний день масштабные концепции экологической безопасности требуют четких действий и решений в некоторых аспектах международной политики.

В советское время земли Центрально-азиатского региона многократно эксплуатировались для производства, были площадками для тестирования атомных, химических и бактериологических оружий и т.д. Однако, подобного рода политические решения советского руководства были неадекватными, так как были направлены только на получение незамедлительных экономических и военных выгод, несмотря на явные признаки дальнейших серьезных экологических проблем для региона. Как показывает время, результаты были неутешительными для стран Центральной Азии. Регион и его жители до сих пор испытывают тяжесть той политики: ухудшение состояния окружающей среды, нехватка воды и загрязнение, а также проблемы со здоровьем. В

настоящее время эти проблемы по-прежнему актуальны и требуют незамедлительных решений. Поэтому на сегодняшний день руководство стран Центральной Азии ищет пути сотрудничества в целях обеспечения экологической безопасности во благо народов региона.

Ключевые слова: экология, окружающая среда, безопасность, сотрудничество.

Introduction

Environmental risks and mismanagement of the environment can develop to serious sources of conflict within and between states. These conflicts are generally not the result of environmental problems as such but of the incapability or unwillingness of governments to find solutions to these problems or efficiently implement inter-state agreements on management of the environment. Environmental risks are primarily the result of resource-intensive, sometimes resource-wasting patterns of production and consumption, and of inadequate agricultural practices. Often they are the product of but also enforce larger socio-economic problems such as population growth, poverty, forced migration, refugee movements, political instability, ethnic tensions, and border disputes.

Environmental and socio-economic problems combined can put national and international security at substantial risk. The Central Asia (CA) is subject to a number of serious environmental problems among which the desiccation of the Aral Sea, as result of the cotton monoculture, the pollution of the Caspian Sea, the pollution of drinking water, salination of the soil, soil erosion etc. and the consequences of nuclear weapons testing at Azgyr, Lira, Aral, Say-Utes, and Semipalatinsk-Kurchatov in Kazakhstan.

These environmental problems were already serious political issues during the Soviet Union period and are now crucial for political and economic development and stability. For example, safeguarding the access to water already has led to some border disputes between the five countries. The CA economy to a great extent depends on agricultural production. The salination of the soil undermines this important source of income.

Landlocked Central Asia is home to two major rivers, the Amu Darya and Syr Darya, as well as two inland seas, the Caspian and Aral. But water resources in the region are disputed. The Caspian Sea is heavily polluted and the Aral Sea is on the verge of extinction. Massive irrigation systems were developed in the past to sustain water-intensive crops such as cotton, wheat and rice in the steppes and deserts of Kazakhstan, Uzbekistan

and Turkmenistan. These systems have caused Central Asia's largest environmental disaster – the drying up of Aral Sea – and they have the potential to further threaten the livelihoods of Central Asia's population.

Water has been a matter of contention between upstream and downstream countries, in particular between downstream Uzbekistan and the two upstream countries, Kyrgyzstan and Tajikistan. Water management problems are at the heart of regional political and economic tensions. But any successful effort to deal with environmental issues also faces multiple challenges at the national level, from technical deficiencies to lack of capacity and resources to lack of political will and economic incentives. The infrastructure inherited from the Soviet era is, in some cases, no longer viable, and in others, it requires heavy maintenance, which the weak and impoverished states are not able to afford. As pressing a problem it is, water management is just one part of the wider environment-security nexus in Central Asia. The region is prone to earthquakes, mudflows and landslides. It has been severely affected by climate change and it still has hazardous Soviet nuclear waste that must be cleaned up. Considering Central Asia's lack of disaster preparedness, weak governance, insufficient resources and growing populations, the region seems especially vulnerable to extreme weather events.

Main part

The harsh climate conditions in CA in the past impacted specific patterns of human settlement and activities. A great part of the land – home to fragile and unique ecosystems (e.g. taiga, tundra, steppes) – could not sustain considerable human population and remained in their natural state well into the 20th century and some parts even until now. In other areas, such as dry grasslands or tundra, only nomadic pastoral agriculture was possible and no stable human settlement took place. Until the early 20th century most of the agricultural land was either in large estates or in village communal property [1]. Despite its aridity CA has a long history of agriculture and settlements and some of the oldest

known sites of irrigation in the world [2]. Water was seen as a 'Gift from God' that could not be owned or controlled by an individual [3].

After the Bolshevik Revolution in 1917 and the subsequent emergence of the Soviet Union water and land was taken "out of the hands of traditional elders and councils with whom it resided" [4]. What was established instead were a number of government bodies who were responsible for water management. Like Tsarist Russia the Soviets were convinced that CA could develop to a major cotton producer if the irrigation system was developed. In 1918, the Council of People's Commissars allocated 50 million roubles for the development of an additional 550,000 hectares (ha) of irrigated land. By the 1920s when all CA had come under Soviet rule it had developed into a major exporter of cotton crops and foodstuff for the Soviet Union. Cotton supply had risen to 50 percent. More than a half of total income from agricultural production in CA (not counting the khanates [5] Bukhara, Khiva, Kokand) came from cotton.

During the Soviet period an additional 4.9 million hectares of new land were opened for production. The total area of land under irrigation then amounted to 7.5 million ha. New canals and irrigation projects were constructed as well, the most notable being the great Ferghana Canal, completed in 1939.

In contrast, industrialization in CA was not very extensive. Poor quality coal was mined as well as some copper and iron. Until the beginning of the 20th century main economic activities in CA remained the processing of cotton, leather tanning, wool washing, and silk spinning [6].

While Moscow benefited economically from the distorted and destructive development of CA, the region and its inhabitants had to pay for its costs: environmental degradation; water shortages and pollution; unskilled menial labour; health problems including high rates of infant mortality, respiratory illnesses, typhoid etc. without receiving any significant material benefits [7].

The post-Soviet CA states have now to face the legacy of the policies. Environmental problems in post-Soviet CA pose a serious risk to human and regional security.

The most urgent environmental risks to human security in Kazakhstan are issues related to water, radiation and waste. Kazakhstan borders the Aral Sea (together with Uzbekistan) – once the world's fourth largest brackish inland water reservoir and

now one of its most devastating environmental problems with an almost collapsed ecosystem. During the period of Soviet rule great amounts of water were diverted from the rivers Amu Darya and Syr Darya [8] for the expansion of cotton production in CA. This system of irrigation had a great impact on the water balance of the Aral Sea.

In only 30 years (1960-1990) the surface of the Aral Sea shrank to a half of its original size from 66,900 km² to 36,500 km². Its volume shrank by two thirds from 1,090 to 310 km³. By 2010 it is expected that the Aral Sea's size will have declined to 21,058 km² and its volume to 124 km³ [9].

The deterioration of the Caspian Sea to which Kazakhstan is adjacent beside Azerbaijan, Iran, Russia and Turkmenistan is another environmental risk to human security in Kazakhstan and the other littoral states.

The Caspian Sea is the largest inland sea in the world and produces almost all black caviar in the world. About 10 million people inhabit the area around the Caspian Sea most of whom living from the Sea especially fishing. Additionally the Caspian Sea owns a great amount of the world's oil and gas resources. The Energy Information Administration estimates the Caspian Sea's proven oil reserves to be between 17 and 33 billion barrels (3 percent of the world's total). Proven natural gas reserves are estimated at 232 trillion cubic feet (tcf) (4 percent of the world's total) [10].

The existing and planned exploitation of the Caspian hydrocarbon resources – heavily promoted by Transnational Oil Corporations – is a direct as well as indirect source of environmental problems in CA and the Caspian region. Environmental risks include: fluctuations in the sea level, surge effects, the increasing salinity of groundwater, industrial pollution, loss of biodiversity and other factors.

Trans-border environmental problems could develop to trans-border conflicts. The unresolved question around the legal status of the Caspian Sea, how to regulate the exploitation of the Sea's resources and the geopolitical interests of the five littoral states could even worsen conflicts [11]. At the same time the littoral states' interests to profit the most from their hydrocarbon resources have led to a neglect of environmental issues making it difficult to formulate a co-ordinated regional policy on environmental security and management of the Sea's resources. Such a policy would be necessary

to improve the environmental situation in the Caspian region.

Other environmental risks of concern in Kazakhstan are water supply for agriculture and industry and drinking water quality standards. Because of the deterioration of the Aral Sea and the Caspian Sea Kazakhstan and also Uzbekistan have a great dependence on river-systems for its water supply particularly from the Syr Darya. The relations between Kazakhstan and Uzbekistan are tense both because of land and water disputes [12].

Another major environmental risk in Kazakhstan are the consequences of its high levels of radioactivity in the Semipalatinsk and other regions as result of nuclear testing during the Soviet period where natural radioactivity is two to three times higher than the global average posing long-term health risks.

An additional environmental risk to human security are large amounts of industrial waste and inappropriate waste management in Kazakhstan. Major industries are located in the eastern part of Kazakhstan. Improper waste disposal and the great amount of hazardous wastes pose a risk to the contamination of surface and groundwater by heavy metals [13].

The most significant environmental problems in Kyrgyzstan are related to irrigation for agriculture, and large-scale gold and uranium mining.

В данной статье автор попытался дать определение терминам «унификация» и «гармонизация», рассмотрел их формы и методы. Кроме того, проведен анализ мнений по соотношению терминов «унификация» и «гармонизация». Несмотря на то, что институты унификации и гармонизации исследуются и применяются на практике уже долгое время, на сегодняшний день нет их точного определения. Мнения исследователей в этой области разные, но концепции и выводы, предлагаемые ими, являются схожими.

Ключевые слова: унификация, гармонизация, правовая норма, национальное законодательство, правовая система.

Қазіргі жаһандану, интеграциялану кезеңінде мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастыру, олардың өзара әрекеттесуі мен ықпалдасуы – қазіргі құқықтық жүйелердің интернационализациялануының мазмұнын құрайды. Оған мысал ретінде Еуропалық одақтың құрылуын, посткеңестік мемлекеттердің интеграциялануы, ортақ нарықты қалыптастыруға ұмтылыс жасап жатқан ДСҰ мен ЕурАзЭҚ секілді халықаралық ұйымдарды, сонымен қатар олардың ұлттық құқық жүйені жақындастырудағы қадамдарын атап өткеніміз жөн.

Ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастыру, олардың арасындағы айырмашылықтарды қысқарту және жою бір-бірімен тығыз байланысты «гармонизациялау», «унификациялау» үрдістері арқылы көрініс табады.

Унификацияны сипаттай отырып, көптеген зерттеушілер оның жолдары, нысандары, тәсілдері туралы көп мәселе қозғаған.

Г.К. Дмитриеваның пікірінше, құқықтың унификациясы бұл белгілі бір мемлекеттердің ішкі құқығында бірдей құқықтық нормаларды құру, өзгерту немесе жоюға бағытталған

мемлекеттердің ынтымақтастығы болып табылады және осындай түсініктегі унификация құқық шығару үдерістерінің бір түрі, ал оның негізгі ерекшелігі – құқық унификациясының екі құқықтық жүйеде, яғни халықаралық құқық пен мемлекеттің ішкі құқығында, халықаралық-құқықтық және ұлттық-құқықтық нысандар мен механиздер арқылы бірден жүргізілетіні [1, с. 112].

Ал Ю.А. Тихомировтың пікірі бойынша, әдебиеттерде «унификация» ұғымы жалпыға міндетті бірыңғай құқықтық нормаларды даярлау және күшіне енгізу түрінде қарастырылса, «гармонизация» ұғымы ортақ көзқарастарды, ұлттық заңнамалар дамуының тұжырымдарын үйлесімге келтіру, сондай-ақ ортақ құқықтық қағидалар мен жекелеген шешімдерді дайындау үдерісі ретінде көрініс табады [2, с. 75].

Еуропалық ғалымдар Р. Давид пен К. Жоффре-Спинозидің көзқарастары қызығушылық туғызады. Олардың айтуы бойынша, «құқықты халықаралық унификациялау кезінде ұлттық құқықтық жүйелерді әлемдік деңгейде қабылданған біркелкі ұлттық құқықпен алмастыру жөнінде айтудың қажеті жоқ. Соншалықты алысқа барудың керегі жоқ. Халықаралық құқықтың белгілі бір унификациясы мен гармонизациясы бүгінгі күннің өзінде орын алып отыр, ал ертеңгі күні олардың қажеттілігі арта түседі. Бұл жерде унификацияның әртүрлі елдерде қолданылатын ерекшеліктерін ескере отырып оның біркелкі техникасын даярлау қажет және унификацияға жұмсалған күштің барлығы неғұрлым табысты болуы үшін жағдай жасау маңызды» [3, с. 13].

С.Ж. Айдарбаевтың пікірінше, Ю.А. Тихомировтың қолданатын тәсілі «мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуының» әртүрлі нысандары арасында нақты айырмашылық белгілеуге мүмкіндік бермейді. Мысалы, «үлгілі заң актілерін» жеке құқықтық нысан ретінде қарастыру қиын, өйткені ол гармонизацияны жүзеге асыратын тәсіл болып табылады. Сонымен қатар С.Ж. Айдарбаевтың пікірінше, гармонизация да, унификация да мемлекеттердің заңнамасын жақындастырады, сондықтан да мұндай «жақындастыруды» мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуының жеке нысаны ретінде қарастыру күдік туғызады. Осындай қорытынды жасай отырып, қазақстандық ғалым

құқықты интернационализациялаудың екі түрін белгілейтін Г.К. Дмитриеваның көзқарасын дұрысырақ деп есептейді [4, с. 292].

Азаматтық құқық саласына қатысты О.Н. Садиқовтың пікірінше, «унификация жолдары бойынша «Ақталмаған дифференциацияны» жою үшін азаматтық-құқықтық реттеуге келесідей шаралар ұсынылуы мүмкін:

- а) Азаматтық заңнама негізінің жалпы бөлімінде көрсетілген нормалар санын арттыру;
- б) көптеген ведомстволық актілердің орнына кең ауқымды қолданыстағы құқықтарды енгізу;
- в) жекелеген азаматтық-құқықтық институттарға жататын мазмұны бойынша жақын нормаларды келістіру» [5, с. 38].

Сонымен қатар О.Н. Садиқов унификацияның келесі жолдарын көрсетеді:

- 1) заңнамалық құзырет;
- 2) ортақ нормативтік актілерді дайындау;
- 3) ұқсас қатынастарды реттейтін нормаларды пайдалану;
- 4) жалпы нормалардың шеңберін кеңейту;
- 5) үлгілік актілерді шығару;
- 6) заң шығарушылық жұмысты үйлестіру [5, с. 44].

С.В. Поленина интеграция және унификацияның келесідей нысандарда болатынын атап өткен:

- 1) бір құқықтық институт шегінде бірегей реттеуді орнату;
- 2) нақты қатынастарды реттеуге арналған әрекет етуші нормаларды ұқсас қатынастарға тарату;
- 3) заң салаларының Жалпы бөлімдеріндегі біртектес қатынастардың ерекшеліктерін ескеретін біртұтас нормаларды қалыптастыру [6, с. 5].

М.К. Юков унификация мен интеграцияны бірдей түсінік ретінде қарастыра отырып, интеграцияның келесідей бағыттарын көрсетеді:

- 1) жалпыламалау (генерализация), яғни нормативтік жазбаларды түйіндеу немесе нормалардың бірінің әрекетін басқа (типтік, біртектес) қоғамдық қатынастарға тарату;
- 2) біріктіру, яғни бұрынырақ құқықтың әртүрлі нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастарды реттеу мүмкіндігі бар бірнеше нормалардан бір не ортақ нормативтік жазба туындату;
- 3) дефиниция, яғни нормалар біртұтастығы мен олармен реттелетін қоғамдық қатынастар

үшін ортақ өтпелі заң түсінікті анықтау және бекіту [7, с. 126].

Көріп отырғанымыздай, заң ғылымында анықталған «унификация» ұғымы жоқ. Көптеген зерттеушілер унификацияның түрлері мен әдістерін қарастырумен ғана шектеледі. Кез келген құбылыстың түсінігін, ұғымын оның мақсаттарын талдау арқылы анықтауға болатынын ескере кеткеніміз жөн. Унификацияның мақсаттары – туындайтын құқықтық реттеудің анықтылығы мен мінсіздігі, сонымен қатар құқықтық нормалардың икемділігі мен әртүрлі жағдайларға барынша бейімділігі екенін ескере отырып, унификацияны нәтижесінде мемлекетаралық деңгейде қолданылатын біртұтас құқық нормасын туындатуға әкеліп соғатын үрдіс ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар унификацияны айқындаушы белгілерге:

1) енгізілетін унификацияланған нормалардың біркелкілігін;

2) бұл нормаларды бірнеше мемлекеттерде әрекет ету үшін енгізу міндеттілігін жатқызуға болады.

Келесі кезекте «гармонизация» ұғымын анықтауға ұмтылыс жасап көрелік. Себебі унификациялау мен гармонизациялау қатар қолданылғанымен олардың қолданылу тәсілі мен мақсаты біршама ерекшеліктерге ие болады. А.В. Барковтың пікірінше, «гармонизация дегеніміз – халықаралық шарттар ережелерін ішкі заңнамаларға келісімді және нормативті түрде енгізу немесе біртұтас нормалар мен ережелерді қолдану мақсатында ұлттық заңнамалық актілерді өзгерту» [8].

Ал келесі зерттеушілер (Мамбеталиев Н.Т., Мамбеталиева Ж.Н.) «гармонизацияны – жалпы тәсілдеме мен тұжырымдардың келісілуі, құқықтық қағидалар мен жеке шешімдердің бірлесе дайындалуы» деп түсіндіреді [8].

Г.М. Вельяминов: «құқықтық гармонизация унификацияға карағанда әлдеқайда «жұмсақ» әдіс. Мемлекеттің әрекет етуші ұлттық құқықтық тәртібіне енгізілетін тең, бірдей құқықтық нормаларды қабылдаудың орнына мемлекеттердің өз құқықтық тәртіптеріне толық, жартылай енгізу немесе мүлдем енгізбеу еркін иелене алатындай нормалар мен ережелер туралы келісулері керек. Гармонизациялау әдісінің ерекшелігі – мемлекеттер тарапынан

тиісті акциялардың біржақтылығында» деген ойда [9, с. 235].

Құқық гармонизациясы кенеттен және нақты мақсат бойынша жүзеге асырылады. Кенеттен гармонизациялаудың мәні мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттесу процесі кезінде ұқсас немесе біртектес реттеулер туындауында. Бұндай өзара әрекеттесу түрлі нысанда болады, соның ішінде күштеу арқылы да жүзеге асатындары болады. Кенеттен гармонизациялау нәтижесінде құқықтарды жақындастыру жүзеге асқан басқа мемлекеттердің тәжірибелерін қолдануды да жатқызуға болады.

Құқықты гармонизациялаудың тағы бір тәсілі – рецепция – бір мемлекетпен басқалардың құқықтарының көптеген бөліктерін біржақты қабылдауы. Осы аталған тәсілдер мен жағдайлар кенеттен гармонизациялау болып табылады, өйткені бұл жағдайларда құқықты жақындастыру мақсаты қойылмаған болып табылады.

Құқықты гармонизациялау болса, унификацияға карағанда кеңірек ұғым, өйткені ол унификация шеңберінен тыс жерлерде де жүзеге асырылады. Гармонизация дегеніміз – әртүрлі мемлекеттер құқығын жақындастыруға, олардың айырмашылықтарын жоюға немесе азайтуға бағытталған үдеріс.

Унификация мен гармонизация арасындағы негізгі айырмашылықтарды, біздің ойымызша, Г.К. Дмитриева айқын көрсете білген. Ғалымның пікірінше, унификация мен гармонизация арасында келесі айырмашылықтар бар:

1) унификация мемлекеттер үшін міндетті болып табылатын нысанда, яғни келісімшарт нысанында жүзеге асыру, бірыңғай нормаларды белгілеу болса, гармонизация қатал халықаралық-құқықтық міндеттемелерді талап етпейді, ол көп жағдайларда біржақты үдеріс болып келеді (бірақ халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық механизмдерін қолдану арқылы жүзеге асырылатын өзара гармонизация да құқықтық міндеттемелерді талап етпейді);

2) унификация әртүрлі мемлекеттердің ішкі құқығында бірдей нормалардың пайда болуына алып келсе, гармонизация құқықты жақындастырады, қайшылықтарды жояды;

3) унификацияланған нормалар ұлттық құқықтың құрамында арнайы норма болып есептеледі, өйткені халықаралық шартпен байланысты болғандықтан оларды қолдану тәртібі

ерекше болып келеді, ал гармонизация үрдісі кезінде ішкі құқыққа ұлттық құқықтық жүйеге бейімделген және ұлттық құқықтың басқа нормаларынан ешбір айырмашылығы жоқ, сондай-ақ ұлттық заңи актілері нысанында қабылданып, жалпы тәртіп бойынша қолданылатын нормалар енгізіледі;

4) егер унификацияланған материалдық нормалар коллизия мәселесін шешетін болса және тікелей қолданылса, гармонизацияланған нормалар бұл мәселені шеше алмайды;

5) тәжірибе көрсететіндей мемлекеттер унификациялау үдерісі шеңберінде өздерін катал құқықтық міндеттемелермен шектеуге тырыспайды, ал гармонизация болса, мемлекеттерге мұндай міндеттемелерді жүктемейтін қарапайымдау үдеріс болғандықтан мемлекеттердің көңілінен шығып, құқықтық жақындастыруға нақты көмектеседі [1, с. 113-114].

Жоғарыда көрсеткеніміздей Ю.А.Тихомировтың ойы бойынша «мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуын оны жүзеге асыратын төрт негізгі бағыт пен нысанға қатысты қарастыруға болады:

а) заңнаманы жақындастыру – нақты саладағы жақындастырудың кезеңдері мен әдістері бойынша мемлекеттердің жалпы бағыты анықталған кезде;

б) заңнаманы гармонизациялау – жалпы тәсілдеме, ұлттық заңнамалардың дамуы тұжырымдамасы келісілгенде, жалпы құқықтық қағидалар мен жеке шешімдерді жасап шығарғанда;

в) үлгілі заң актілерін қабылдау барысында;

г) заңнаманы унификациялау – жалпыға міндетті біртұтас заңи нормалар (ережелер) дайындалғанда және әрекет етуге енгізілгенде жүзеге асырылады» [1, с. 75].

Ал С.Ж. Айдарбаевтың пікірінше, гармонизация мен унификация жекелеген дер-

бес үдерістер болғанымен екі түрлі объектіге қатысты жүзеге асырылады. Ол объектілер:

1) құқық (ұлттық құқықтық жүйе);

2) заңнама.

Осыған орай, С.Ж. Айдарбаев гармонизация мен унификацияның екі түрін бөліп көрсетеді:

1) құқықты гармонизациялау және унификациялау;

2) заңнаманы гармонизациялау және унификациялау [4, с. 291-292].

Сонымен, құқықты унификациялау не гармонизациялау кезінде ұлттық құқықтық жүйелер арақатынасқа түсетін болса, заңнаманы унификациялау не гармонизациялау кезінде – жекелеген құқықтық нормалар, институттар және салалар қарым-қатынасқа түседі.

Жоғарыда аталған көзқарастар мен пікірлерді қарастыра отырып, келесідей тұжырымдамалар жасауға болады.

Құқықты унификациялау – бұл әртүрлі мемлекеттердің ішкі құқықтарында біртектес, біртұтас нормаларды қалыптастыру, яғни құқықшығармашылық үдеріс тек мемлекеттің ішкі құзыреті және унификацияланған нормалардың бір ғана әдісі – мемлекеттердің ынтымақтастығы болып табылады.

Құқықты гармонизациялау – әртүрлі мемлекеттердің құқықтарын жақындастыру, олардың арасындағы айырмашылықтарды жою және азайту. Мемлекеттер тәжірибесіне қарайтын болсақ, мемлекеттердің ішкі құқықтарының дамуы гармонизация элементтері арқылы жүзеге асып отырған, мемлекеттердің құқықтық жүйелері бірінен-біріне ауысып отырған.

Сонымен қатар бір ескере кететін жағдай, «унификация» да, «гармонизация» да өте күрделі құқықтық түсінік екенін ескеру керек. Өйткені осы кезеңге дейін бұл ұғымдарға барлық ғалымдармен танылған анықтама берілген емес.

Әдебиеттер

- 1 Международное частное право: учебник /отв.ред. Г.К. Дмитриева. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2004.
- 2 Тихомиров Ю.А. Курс сравнительного правоведения. – М.: Издательство НОРМА, 1996.
- 3 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности // пер. с фр. В.А. Туманова. – М.: Международные отношения, 1999.
- 4 Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве в условиях глобализации мира: международно-правовые аспекты. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 416 с.
- 5 Садиков О.Н. Дифференциация и унификация гражданского законодательства // Советское государство и право. – 1969. – № 12. – С. 38.

- 6 Поленина С.В., Гаврилов О.А., Колдаева Н.П., Лукьянова Е.Г., Скурко Е.В. Воздействие глобализации на правовую систему России // Государство и право. – 2004. – № 3. – С. 5.
- 7 Юков М.К. Специализация норм гражданского процессуального права. – С. 126.
- 8 Ш.Р. Мустакимов. Некоторые аспекты унификации и гармонизации законодательства в сфере интеллектуальной собственности / Вестник ТИСБИ. – 2007. – № 2. / <http://old.tisbi.ru/science/vestnik/2007/issue2/Low6.html>
- 9 Вельяминов Г.М. Международное экономическое право и процесс. – М.: Волтерс Клувер, 2004.

References

- 1 Mezhdunarodnoeshastnoepravo: Ushebnik / Otvet. redaktorG.K. Dmitriev. – 2-eizd., pererabotkaidopolnenie – М.: ТКVelbi, IzdatelstvoProspekt, 2004.
- 2 Tikhomirov Yu.A. Kurs sravnitel'nogo pravovedeniya. М.: Izdatelstvo NORMA, 1996.
- 3 David R., Zhoffre-Spinozi K. Osnovnye pravovye sistemy sovremennosti: Perevod s fransuzskogo V.A. Tumanova. – М.: Mezhdunarodnye otnosheniya, 1999.
- 4 Aidarbaev S.Zh. Integratsionnye prossesy na postsovetskom prostranstve v uslovyah globalizatsiy mira: mezhdunarodno-pravovye aspekty. Monografya. – Almaty: Kazakh universyteti, 2010. – 416 s.
- 5 Sadikov O.N. Differentsiatsiya i unifikatsiya grazhdanskogo zakonodatelstva // Sovetskoe gosudarstvo i pravo. – 1969. – № 12. – S. 38.
- 6 Polenina S.V., Koldaeva O.A., Lukyanova E.G. Vozdeistviye globalizatsiy na pravovye systemy Rossyy // Gosudarstvo i pravo. – 2004. – № 3. – S. 5.
- 7 Yukov M.K. Spesyalizatsiya norm grazhdanskogo prosessualnogo prava. S. 126.
- 8 Sh.R. Mustakimov. Nekotorye aspekty unifikatsiy i garmonizatsiy zakonodatelstva v sfere intelektualnoy sobstvennosti / Vestnik TISBI. – 2007. – № 2. / <http://old.tisbi.ru/science/vestnik/2007/issue2/Low6.html>
- 9 Velyaminov G.M. Mezhdunarodnoe ekonomysheeskoe pravo i prosess / – М.: Volters Kluver, 2004.

ӘОЖ 347447 (574)

С.Ә. Түменбаев, Ғ.Ө. Серім

ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын
Республикалық Институты басқармасы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: sabytsoran@mail.ru

Азаматтық құқықты қолдану тәжірибесінде кінә және себепті байланысты ескеру

Бұл мақалада авторлар азаматтық жауаптылық негіздерінің бірі ретінде кінә және себепті байланысқа тоқталып, оларға анықтама беруге тырысқан. Ұзақ уақыт бойы кінә ұғымы туралы, кінә мен құқыққа қайшылық, себепті байланыс ұғымдарының арақатынасы туралы ғылыми даулар толастамай келеді, сонымен бірге кейбір авторлар кінәнің белгілері мен құқыққа қайшылық ұғымының белгілерін араластырып қарастырады. Мамандардың көпшілігі кінә ұғымына қатысты мынадай әділетті шешімге келді: кінә жалпықұқықтық категория болғаны үшін ол барлық құқық салаларында бірдей мәнге ие болуы керек. Бұл сұрақтағы принциптік айырмашылықтар ежелден бастап екі басты тұжырымдамада көрініс тапқан, олардың негізінде зиян келтіру қағидасы мен кінә қағидасы жатыр.

Түйін сөздер: азаматтық құқықтық жауаптылық, кінә, себепті байланыс.

С. Туменбаев, Г. Серім

Понятия «вина» и причинная связь в практике гражданского права

В данной статье авторы попытались дать определение вины и причинной связи как оснований гражданско-правовой ответственности. Долгое время научные споры велись о понятии вины, соотношении вины и противоправности, при этом отдельные авторы смешивали некоторые признаки вины с признаками противоправности. Большинство специалистов справедливо пришли к мнению, что вина – это категория общеправовая, и ее понятие должно быть единым для всех отраслей права. Принципиальные разногласия в этом вопросе издавна выражаются в двух основных концепциях, в основе которых лежат принцип причинения и принцип вины.

Ключевые слова: гражданско-правовая ответственность, вина, причинная связь.

S. Tumenbayev, G. Serim

The concepts of "guilt" and the causation in the practice of civil law

In this article, authors attempted to define the guilt and causation as the basis of civil responsibility. For a longtime scientific disputes were about the concept of guilt, guilt and illegality ratio and the some individual authors mixes signs of guilt with signs of illegality. Most experts have come to believe that guilt is a general legal category and its concept should be the uniform for all branches of law. Fundamental disagreements on this issue has long been expressed in two basic concepts, which are based on the principle of causation and the principle of guilt.

Key words: liability, the guilt, the causation.

Азаматтық құқықтық жауаптылық мәселелерін теориялық тұрғыдан зерттеу азаматтық құқық ғылымының міндеті болып табылады. Бұл мәселелерді оңтайлы шешу тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде өз рөлін атқаратыны сөзсіз. Азаматтық құқықта азаматтық құқықтық жауапкершілікке тарту негіздері ерекше орын алады. Осындай ерекше назар аударуды қажет

ететін ұғымдардың қатарына субъектінің кінәсі және себепті байланыс жатады.

Құқықтық ғылымның әртүрлі өкілдерімен мәні сан қырынан талқыланған басқа ұғымды юриспруденцияда табу оңайға соқпас. Кінә мәселесі жылдар бойы даулы болып келеді және бүгінде де ол толық шешуін таба қойған жоқ. Азаматтық заңдарда «кінә» категориясы көрініс тапқанмен, ол толық ашып көрсетілмейді,

міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылықтың негізі (ҚР АҚ-нің 159-бабы) аясында, зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері (ҚР АҚ-нің 917-бабы) шеңберінде де кінә түсінігі қалыптаспаған. Кінә мәселесін зерттеуші цивилист-ғалымдар талқыланып отырған ұғымға әртүрлі анықтамалар береді. Атап айтқанда: «Кінә – бұл әлеуметтік қоғамда қорғауға алынған мүдделерге тұлғаның теріс көзқарасымен анықталатын құқықбұзушылық, ал ол кезегінде саналы іс-әрекетіне ұштасатын құқықбұзушының өзінің құқыққа қайшы іс-әрекетіне және оның салдарына деген психикалық көзқарасы [1]. Бұл жерде кінә түсінігіне қоғам мүддесіне деген теріс көзқарасты енгізумен келісу қиынға соғады. Себебі құқықбұзушылық тұлғамен құқыққа сай әрекет етудемін деген сеніммен саналы түрде жүзеге асырылуы мүмкін екендігін ескеруіміз керек. Сонымен қатар мұндай теріс көзқарас құқықбұзушылықты абайсызда жасаған кезде болмауы мүмкін.

Кінәнің кері мағынада да түсінілуі сирек кездеспейді: өзінің құқыққа қайшы әрекетіне деген психикалық көзқарасы ретінде емес, керісінше, өзінің құқыққа сай әрекетіне деген теріс, жағымсыз көзқарасы ретінде [2]. Сондай-ақ кінә өз іс-әрекетінің қолайсыз зардаптарын болдырмауға қатысты құқықбұзушының өзіне жүктелген міндеттемелердің сипатына қарай таллап етілген барлық мүмкін болатын шараларды қолданбауы деген ұғым да кездеседі [3], яғни бұл жерде азаматтық құқықтық қатынастардың парасатты және адал қатысушысынан нақты жағдайда күтілген іс-әрекеттің абстрактілі үлгісі қолданылып отыр. Жалпы алғанда, авторлардың әртүрлі түсіндірмелеріне қарамастан, кінә құқықбұзушының өзінің құқыққа қайшы әрекетіне және оның нәтижесіне деген психикалық көзқарасы ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда кінә ұғымының негізіне алынып отырған адамның «психикалық көзқарасы» ұғымының өзін анықтап, ашып көрсетуді қажет етуі мүмкін. Әрине, «психикалық көзқарас» ұғымының «заңи» анықтамасы жоқ екендігі белгілі, себебі бұл құбылыс белгілі бір категорияларды, ұғымдарды, заңдылықтарды юриспруденция алып пайдаланатын психологиялық ғылыммен зерттеледі және анықталады. Әдебиеттерде кездесетін психикалық көзқарас ұғымына «сана мен еріктің арақатынасы» деп

берілетін анықтама дұрыс та, бірақ толық емес және жеткіліксіз болып келеді. Адамның психикалық өмірінің басты жақтары болып психикалық үрдістер (адамның сыртқы әлеммен әртүрлі байланысқа түсуі кезіндегі психикалық қызметінің өзгеру кезектілігі, ойлау қызметінен бастап қозғалыс реакциясына дейін), психикалық қатынастар (адамның болмыспен таңдамалы, белсенді, оң немесе теріс байланысы), психикалық жай-күйі, тұлғаның психикалық қасиеті (қарым-қатынас, жай-күй және қызметтің қасиеті) түседі. Осы тұрғыдан психолог ғалымдар кінә ұғымына былай деп анықтама береді: «Кінә – белгілі бір шекте ойды және сезімді, іс-әрекетті басқара алатын тиімді психикалық жүйе» [4]. Бірақ қоғамның қазіргі даму деңгейінде ғылым жауаптылық мәселесін шешу барысында құқықбұзушылық жасау кезіндегі адам санасындағы болып жатқан психикалық процестерді тікелей зерттей алмайды. Бұл ішкі процестерді тек ол сыртта көрініс табатын субъектінің іс-әрекетіне қарап бағалауға болады.

Кінәнің түсінігін, мәнін және мағынасын анықтау кезінде тарихқа экскурс жасау бұл ғылыми зерттеудің салтына деген құрмет емес, керісінше осы категорияның құқықтық табиғатын анықтау үшін қажетті құрал болып табылады. Ертеректе, мемлекеттің жазалау шарасы жәбірленуші немесе оның туғантуысқандары жағынан кек қайтару арқылы реттеумен шектелген, қанды кек билік құрған дәуірде кінәнің ішкі жағы ешқандай мәнге ие болмаған. Өкпелі тұлға өзіне келген зиян үшін, кінәлінің бұл зиянды келтіруін тілегені немесе тілемегеніне қарамастан кек қайтарып отырған [5]. Оның іс-әрекеті абайсызда болуы не зиян келтірген тұлғаның қазіргі тілмен айтқанда есі дұрыс емес болуы мүмкіндігіне қарамастан зиян келтіруші тұлға жазаланатын болған. Басқа сөзбен айтқанда, бұл кезеңде құқық бұзушының өз іс-әрекетіне деген субъективтік қатынасы ретінде кінә туралы ұғым қалыптаспаған болатын, сол себепті де жауаптылық кінә жоқ тұлғаларға да қолданылуы мүмкін болған.

Жауаптылыққа деген қазіргі көзқарастың дамуына адамның еркіне назар аударған рим құқықтанушылары өз үлесін қосты. Егер сақ адам болжап білуі мүмкін мән-жай болжалынбаса не қауіптілік туралы әсте одан құтылу мүмкін емес болған жағдайда хабар берілсе, олардың ойын-

ша адамның кінәсі жоқ деп есептелінеді [6]. Бұл тұрғыда заңгер Гай былай деп ой тастайды: «Ең сақ деген адам жасауға тиіс әрекет жасалынбаса онда кінәға орын жоқ», ал цивилистердің өзге өкілі: «Үлкен ұқыпсыздық – кінә, ал үлкен кінә – жауыз ниет», – дейді [6, 199 б.]. Осы кезеңнен бастап кінә азаматтық құқықтық жауаптылыққа тартудың міндетті шарты мәніне ие болды, «кінәсіз жауаптылық жоқ» екендігі мойындалды.

Кінә туралы мәселені қою мүмкіндігінің философиялық алғышарттары ретінде табиғаттың объективтік заңдылықтары мен адамның тануға деген мүмкіншіліктері, сондай-ақ шешім қабылдау мүмкіндігі мен саналы түрде мақсатты және оған жету үшін қажетті әрекеттерді таңдау түріндегі ерік бостандығы табылады. Субъективтік-идеалистік философияда жауаптылық индетерминистік негізге ие болды: «ерік кез келген іс-әрекетте өз-өзіне заң...» [7]. Г.Гегель құқықты ерік бостандығының идеясы ретінде объективтік идеализм тұрғысынан қарастыра отырып, былай деп ой тастайды: «Бар болмыс ерік бостандығының бар болмысы» [8], ал, ерік өзін бар болмысқа айналдыратын ойлау [8, 68 б.]. Ес пен еріктің болуы, философтың ойы бойынша, жауаптылыққа қабілеттіліктің жалпы шарты болып табылады. Кінә «субъекті ойлаушы ретінде білді және тіледі деп тұжырымдаудан» тұрады [8, 69 б.].

Қорытындылай келе, кінә анықтамасын келесідей нысанда нақтылауға болады: «Кінә бұл тұлғаның құқыққа қарсы өз әрекетіне және оның нәтижесіне деген қасақана және абайсыздық нысанындағы психикалық көзқарасы». Алғаш кеңес әдебиеттерінде 1925 жылы қалыптасқан бұл анықтама біршама редакциялық өзгерістермен әртүрлі авторлармен беріліп келеді.

Азаматтық құқықтық жауапкершіліктің маңызды талаптары қатарында, сонымен бірге субъектінің кінәсімен тығыз байланыста болатын құбылыстардың бірі себепті байланыс.

Азаматтық кодекстің 917-бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс. Азаматтық құқықта зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартудың негізі ретінде

азаматтық құқықбұзушылықтың құрамы түседі, яғни оның құрамын теорияда қалыптасқан құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік), зиян, құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен келген зиянның арасындағы себепті байланыс және құқық бұзушының кінәсі құрайды. Азаматтық құқық ғылымындағы беделді ғалымдармен қалыптастырылған және өз қолдауын тауып отырған бұл концепция толығымен қылмыстық құқықтан «қарызға алынғанымен» оған келіспеу қиынға соғар. Әрине, жауаптылыққа тарту кезінде оның төрт негізі де қажет болатын жағдайлар бар, бірақ тәжірибеде аталынған негіздердің бірдей қатар жүретін кездері көп кездеспейді. Соның ішінде зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тарту кезіндегі себепті байланыстың маңызына тоқталып өтейік.

Жалпы, зиян келтірушінің субъективтік жай-күйіне назар аудару қажеттігі немесе қажет емес екендігі азаматтық құқық теориясында әртүрлі шешімін табады. Бұл көзқарастар легі негізгі екі концепцияға арқа сүйейді: зиян келтіру қағидасы және кінә қағидасы. Бірінші көзқарасты жақтаушылар азаматтық құқықтық жауаптылықтың негізі ретінде тек бір ғана жағдайдың болуын – зиянның келуін мойындайды, олар бұл келген зиянның субъективтік себептеріне назар аудармайды. Зиян келтірушіге жауаптылықты жүктеу кезінде олар тек құқыққа қайшы әрекет пен зиянның арасында себепті байланысты анықтауды ғана қажет етеді. Екінші қағиданы ұстанушылар жауаптылыққа тартудың негізі ретінде кінәні қарастырады, яғни бұл кез келген зиян емес, тек зиян келтірушінің кінәсінің нәтижесінде келген зиянның өтелуі міндетті екендігін білдіреді. Қалай дегенмен де екі қағиданы ұстанушыларды біріктіретін жайт ол жауаптылыққа тарту кезінде негіз болатын құқыққа қайшы әрекет пен себепті байланыс.

Тәжірибеде жауапкердің кінәсін анықтау келесі мән-жайларды анықтауды қажет ететіні сөзсіз: 1) әрекеттің (әрекетсіздіктің) құқыққа қайшылық жағдайы; 2) зиянды нәтижелердің келу жағдайы; 3) осы әрекет пен оның салдары арасындағы себепті байланыс. Соңғысының болуы жауаптылық белгісінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Егер де әрекеттің құқыққа қайшылығы және оның салдары (зиян) нақты мән-жайларға жататын болса, себепті байланыс өз сипатына қарай объективті болғанымен, бірақ дауды шешуші әрбір соттың

ішкі наным-сеніміне қарай дәлелдемелерге баға беру арқылы анықталады. Сондықтан болар заң әдебиеттерінде себепті байланыстың ұғымын беру мәселесі өршіп отыр.

Азаматтық құқықтық жауапкершілікте зиянды өтеу кезінде себепті байланысты анықтау маңызды рөл атқарады. Зиянды өтеу негізі, тіпті тарихи тұрғыдан алып қарастырсақ та, келген зиянның оны келтірген субъектінің құқыққа қайшы әрекетіне оның нәтижесі ретінде тиесілі болатындығымен сипатталады. Зиянды өтеу, яғни әрекет пен оған сәйкес зиянды (нәтижені) бір-бірімен салыстыруға негізделген. Ал бұл өз кезегінде себепті байланысты анықтау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Себепті байланыс қана құқықбұзушылық пен келген зиянның объективті байланыстылығын, яғни зиянның оған сәйкес әрекетке тиістілігін анықтайды. О. Иоффенің сөзімен айтқанда «... себепті байланыстың ұғымының өзінен белгілі болғандай, оған туындаған салдар және де оны туғызуға себеп болған мән-жайлар, сонымен қатар олардың арасындағы себепті-салдарлық байланыс жатады» [9]. Екі құбылыстың арасындағы объективті байланысты анықтау арқылы себепті байланыс құқықбұзушылық жүзеге асырылған жағдайды таңдаудың дұрыстығын айқындайды. Ал бұл өз кезегінде зиянды өтеу осы жағдайдың шегінде ғана жүзеге асырылады дегенді білдіреді. Тиісінше, осы құқықбұзушылық жағдайы шеңберінде орын алған құқықбұзушылықпен байланысты зиян ғана өтелуге жатады. Бұл тұрғыда Т.В. Церетелидің себепті байланыстың ұғымын анықтаудағы ойын келтіруге болады: «Адамның іс-әрекеті мен туындаған қоғамға қауіпті нәтижесінің арасындағы себепті байланыс, егер де іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде тұлға өзінің араласуы арқылы осы оқиғаның легіне әсер етуіне нақты мүмкіндігі болса, тек қана бұл іс-әрекетсіз қылмыстық нәтиже орын алуы мүмкін емес болғанда ғана пайда болады [10]. Әрине, тарихи қалыптасқан және көптеген ғалымдардың қолдауын тауып отырған бұл анықтамаға сын айту қиынға соғар. Бірақ сонда да болса себепті байланысқа авторлармен анықтама берілген кезде «зиян келтіру дәрежесі» сынды ұғымды қолдану қажет сияқты. Себебі заңда және сот тәжірибесінде жауаптылыққа тарту, сондай-ақ оның көлемін анықтау туралы мәселені шешу кезінде зиян келтіру дәрежесі есепке алынатыны

сөзсіз. Басқаша айтқанда, себепті байланыстың дәрежесін анықтау арқылы сот жәбірленушінің де кінә дәрежесінің бар екенін, сондай-ақ тиісінше, жауапкердің жауаптылық деңгейін анықтай алады (мәселен, жоғарғы қауіптілік көзімен, лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың іс-әрекетінен келген зиянды өтеу туралы істер бойынша).

Тәжірибеде кейде қай тараптың әрекеті нәтижесінде зиянның келгенін және зиянның келуіне ықпал ету дәрежесін анықтау қиынға соғады. Басқаша айтқанда, себепті байланыс жауапкердің құқықбұзушылығы мен оның нәтижесіндегі зиянның арасындағы байланысты нақты анықтайтын «құрал» болғанымен, талапкердің іс-әрекеті мен зиянның арасындағы байланысты анықтауға нақты бағытталмаған. Нақты бағытталмауы талапкердің іс-әрекетінің құқықбұзушылық іс-әрекетпен бір қатарда тұрғандығымен түсіндіріледі, зиянның келуіне себепші болған құқықбұзушылық іс-әрекет талапкердің іс-әрекетін «жауып» қалады. Сәйкесінше, себепті байланыс арқылы талапкердің іс-әрекетінің келген зиянға әсер ету дәрежесін анықтау мүмкін болмай қалады. Бірақ та зиянның келуіне талапкердің де іс-әрекеті әсер еткендіктен оның маңыздылығы жоғары. Мұндай жағдайларда талапкердің іс-әрекетінің әсер ету дәрежесін анықтауда судьяның тәжірибесі, оның ішкі наным-сенімі де өз ықпалын тигізери сөзсіз.

Мәселен, Атырау қалалық сотында азамат Ж.-ның ЖШС «ЖЖ1»-ге қойған жол көлік апаты нәтижесінде жоғарғы қауіптілік көзімен келген зиянды өтеуге байланысты талабы бойынша азаматтық іс қаралған. Бұл оқиғада себепті байланысты анықтау кезінде жол көлік апаты жауапкер жақтан жүргізуші Б.-ның кінәсінен жол жүру Ережесінің 20.3 тармағын, яғни иілгіш тіркемемен сүйреткен кезде сүйретуші және сүйрелетін көлік құралдарының арасындағы рұқсат етілген қашықтықты (4-6 м) сақтамау (іс бойынша бұл қашықтық 15 метр болған) салдарынан орын алғаны сотпен қорытынды жасалған. Жүргізуші жауапкер Б.-ның талапкердің 80 км/с жылдамдықпен жүре отырып рұқсат етілген жылдамдықтан асырғаны туралы көрсетілімін сот жол жүру Ережесінің 10.3 тармағына сәйкес (елді мекендерден тыс жерлерде жеңіл автомобильдерге автоарналар-

да – 110 км/сағ. артық емес, қалған жолдарда – 90 км/сағ. артық емес жылдамдықпен) Атырау-Доссор жолында қозғалыс жылдамдығы 90 км/с екенін басшылыққа ала отырып негізсіз деп қарастырмаған. Жоғарыдағыларды ескере отырып, сот жауапкердің құқықбұзушылық іс-әрекеті мен жол көлік апаты арасындағы тікелей себепті байланысты анықтаған. Бірақ соттың мұндай қорытындысы меніңше даулы болып табылады, себебі жол жүру Ережесінің 10.1. тармағына сәйкес жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, мұндайда қозғалыс үдемелілігін, көлік құралы мен жүктің ерекшелігін және жайкүйін, қозғалыс бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере отырып жүргізуі керек. Бұл жағдайда сот барлық дәлелдемелерге баға бере отырып, жол көлік апатының тікелей себепшісі ретінде жауапкер-жүргізушінің сүйреу кезіндегі тиісті арақашықтықты сақтамауы деп қорытынды жасаған. Бірақ та жол көлік апатының болуына талапкердің жол жиегінде тұрған және сүйреуге алып жатқан жауапкердің көлігіне жақындауы кезінде өз жылдамдығын төмендетпеуі де себепкер болуы мүмкіндігін қарастыруы қажет.

Тәжірибеде құқықбұзушылықтың орын алуына тек құқық бұзушының ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің де тікелей кінәсі болған кезде жауаптылық мәселесі әртүрлі шешіледі. Мұндай жағдайларда себепті байланыстың өзін екі тұрғыдан қарастыруға болады: 1) жәбірленушінің кінәсі зиян келтірушіні жауаптылықтан босатуына әкеп соғатын себепті

байланыс; 2) жәбірленушінің кінәсі зиян келтірушіні жауаптылықтан босатпайтын себепті байланыс. Азаматтық құқықта жәбірленушінің қасақаналық кінәсінің болуы зиян келтірген тұлғаны әрдайым жауаптылықтан босатуына әкеп соғады. Мәселен, тұлғаның өз өмірімен қоштасуы мақсатында көліктің астына түсуі. Ал жәбірленушінің өрескел абайсыздықтағы кінәсі анықталған жағдайда зиян келтірген тұлғаны жауаптылықтан босатпайды, бірақ өтелетін зиянның мөлшеріне әсер етеді.

Сонымен, азаматтық құқықбұзушылық құрамында орын алған себепті байланыс құқықбұзушылық құрамының басқа түрлеріне қарағанда азаматтық құқықтық жауаптылық негіздерінің ерекше маңызы бар бір түрі болып табылады. Ескере кететін жағдай, жалпы ереже бойынша жауаптылыққа тарту кезінде негіз болатын мән-жайлар ретінде құқықбұзушылықтың толық құрамы қарастырылғанымен де, заңда көзделген кей жағдайларда толық болуы міндетті емес. Мәселен, жауаптылыққа тарту кезінде кінәнің азаматтық құқықтың мәнінің болмауы. Ал құқыққа қайшы әрекет пен зиянның арасындағы себепті байланыс жауаптылықтың туындауының міндетті шарты бола отырып, келесіден көрініс табады: 1) әрекет уақытқа сәйкес зиянның алдында болады; 2) әрекет зиянды туғызады.

Жоғарыдағылардың нәтижесінде шығатын қорытынды, себепті байланыс азаматтық құқықтық жауаптылықтың міндетті, маңызды негізі болып табылады және де бұл бір құбылыс (себеп) пен екінші құбылыстың (нәтиже) арасындағы объективті байланыс.

Әдебиеттер

- 1 Иоффе О.С. Ответственность по советскому гражданскому праву. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1955. – С.124.
- 2 Варул П. Методологические проблемы исследования гражданско-правовой ответственности. – Таллин: Ээсти раамат, 1986. – С. 47.
- 3 Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право: Общие положения. – М.: Издательство Статут, 1997. – С. 582-613.
- 4 Орлов Ю.М. Вина. – М.: Слайдинг, 1997. – С.36.
- 5 Сергеевич В. Лекции и исследование Древней истории русского права. – М.: Книга по требованию, 1899. – С. 18.
- 6 Пиляева В.В. Римское частное право. – СПб.: Питер, 2002. – С.208.
- 7 Кант И. Соч. Т.4. – М.: Мысль, 1965. – С.289.
- 8 Гегель Г. Философия права. – М.: Мысль, 1990. – С.89.
- 9 Иоффе О.С. Причинная связь как условие гражданско-правовой ответственности. Гражданское право. Сборник статей. Общая часть: учебное пособие. – Алматы: Нур-Пресс, 2003. – С.350.
- 10 Церетели Т.В. Причинная связь в уголовном праве: автореф. дисс... докт. юрид. наук. – М., 1949. – С.11.

References

- 1 Ioffe O.S. Otvetstvennost' po sovetskomu grajdanskomu pravu. – L.: Izdatel'stvo Leningradskogo Universiteta, 1955. – S. 124.
- 2 Varul P. Metodologicheskie problemy issledovaniya grajdansko-pravovoi otvetstvennosti. – Tallin, Eesti raamat, 1986. – S.47.
- 3 Braginskii M.I., Vitryanskii V.V. Dogovornoe pravo: Obshie polozeniya. – M.: Izdatel'stvo Statut, 1997. – S.582-613.
- 4 Orlov U.M. Vina. – M.: Slaiding, 1997. – S.36.
- 5 Sergeevich V. Lekcii i issledovanie Drevnei istorii russkogo prava. – M.: Kniga po trebovaniu, 1899. – S. 18.
- 6 Pilyaeva V.V. Rimskoe chastnoe pravo. – SPb. Piter, 2002. – S. 208.
- 7 Kant I. Soch. T.4. – M.: Mysl', 1965. – S.289.
- 8 Gegel' G. Filosofiya prava. – M.: Mysl', 1990. – S.89.
- 9 Ioffe O.S. Prichinnaya svyaz kak uslovie grajdansko-pravovoi otvetstvennosti. Grajdanskoe pravo. Sbornik statei. Obshaya chast'. Uchebnoe posobie. – Almaty, Nur-press, 2003. – S. 350.
- 10 Cereteli T.V. Prichinnaya svyaz v ugovnom prave: Avtoref. diss... dokt. yurid. nauk. – M., 1949. – S.11.

8-бөлім**Раздел 8****Section 8****БІЛІМ
БЕРУДІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ****ВОПРОСЫ
МЕТОДИКИ
ПРЕПОДАВАНИЯ****TEACHING
METHODOLOGY
ISSUES**

ӘОЖ 378.064.3

А.Қалиоллақызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: ardash63@mail.ru

Студенттік ұжымдағы жеке тұлғааралық қарым-қатынас пен олардың өзара коммуникативті іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы

Бұл мақалада студенттік ұжымдағы жеке тұлғааралық қатынастың өзара коммуникативті іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы толықтай қарастырылады. Демек, іс-әрекет адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының басты бағыты бола отырып, жеке адами қасиеттерінің жоғары оқу орнында оқу барысында анықталуы өзіндік өмірінің қалыптасуына студенттік ұжымның рөлі маңызды екендігі айқын белгіленген. Сонымен қатар психология саласының атақты ғалымдарының еңбектеріне көптеген талдаулар мен анықтамалар жасалған. Студенттік ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру деп оқытушының студенттік ұжымға оның мазмұны мен құрылымына әсер ету мақсатында арнайы педагогикалық жағдайларды жасауы және қарым-қатынасқа белсенді әсерін түсіру болып табылады. Ал «Тұлғааралық қарым-қатынас – бұл адамдар арасындағы басынан өткізгендердің субъективті өзара байланысы, мінез-құлқындағы объективті көрінетін және бірлескен іс-әрекет үдерісі барысында және қарым-қатынаста адамдардың бір-біріне өзара ықпал ету тәсілі». Яғни, студенттік ұжымдағы жеке тұлғааралық қарым-қатынас маңызды және мәнді.

Түйін сөздер: Студент, психология, қарым-қатынас, құзыреттілік, коммуникативті іс-әрекет, ұжым, мінез-құлық, тұлғааралық.

А. Халиоллақызы

Межличностное отношение в студенческом коллективе и содержание и структура их коммуникативных навыков

В статье рассматриваются индивидуальное межличностное отношение в студенческом коллективе, их содержание и структура коммуникативных навыков. А также важность и значимость студенческого коллектива в развитии личности во время обучения в ВУЗе. Приведены примеры с итогами выдающихся ученых психологов. Формирование личности в студенческом коллективе – это выполнение педагогического процесса преподавателя. Межличностное отношение – это субъективное влияние между людьми, объективный показатель характера и взаимовыгодный процесс попытки. Межличностное отношение выполняет важную роль в студенческом коллективе.

Ключевые слова: студент, психология, отношение, компетентность, коммуникативные навыки, коллектив, характер, межличностное.

А. Haliollakzy

Interpersonal relationship in the student team their content and structure of communication skills

The article considers with individual interpersonal relationship in the student team their content and structure of communication skills. And also, the importance and significance in the development of student's collective personality during the study at the university. Also there were given some examples of outstanding scientists. Formation of

personality in the student team is the fulfillment of the pedagogical process of the teacher which is based on the content and structure of the student team. Interpersonal relationship – a subjective influence between people, nature and objective indicator of a mutually beneficial process attempts. Interpersonal relationship is considered to be an important thing in the student team.

Key words: Student, psychology, relationship, competence, communicative skills, team, character, interpersonal.

Студенттік шақта адам өзінің өмірлік жолын іздестіруде болады. Студенттің жоғары оқу орнындағы білім алу барысында кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңі басталады, ол маман иесі болған кезде қандай әрекеттермен айналысатыны туралы ойланып, өзіндік жоспарларын құрып, оны іске асыру жолдарын қарастыра бастайды.

Дегенмен де жас адам үшін болашақ кәсіби мамандығы үшін ойланумен қатар өзінің жалпы жеке өмірі туралы да ойлана бастайды. Яғни, жоғары оқу орнында білім алу барысында оның тұлғалық қасиеттері тұрақтанып, өмірлік қағидалары нақтыланады, өзінің тәртібін қалыптастырады. Бұл жерде студенттік ұжым маңызды рөл атқарады.

Жоғары оқу орнында оқытушы әртүрлі студенттермен, әртүрлі студент топтарымен араласады, бірлесіп әрекет етеді. Сондықтан оқытушы үшін тұлғааралық қарым-қатынастың теориясын білу маңызды. Тұлғааралық қарым-қатынастың заңдылықтары мен феноменін терең меңгерсе тұлғаны жан-жақты дамытуды іске асыра алады [1, 22-23 б.].

Философиялық әдебиеттерде тұлғааралық қарым-қатынас мәселесі әрекет, қарым-қатынас категорияларымен тығыз байланыста және маңызды орынға ие. Бұл түсініктерді бірлікте қарастырғанмен де олардың сипаты, мағынасы әртүрлі түсіндіріледі.

«Қатынас» ұғымын философтар субъект – объект, субъект – субъект арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Бірақ та бұл қатынастарға жалпы байланыс модальдық қатынас (жағымды, жағымсыз, нейтральды) және тұрақтылық тән. Ал субъект – объект және субъект – субъект қатынасындағы негізгі айырмашылық бір бағыттылық. Субъект – субъект қатынасына екі жақтың белсенділігімен түсіндірілетін өзара тұрақтылық пен өзгермелілік тән. Тұлғааралық қарым-қатынастағы өзара түсіністік және өзгермелілік сияқты қасиеттер кездесетін болғандықтан оның негізгі қасиеттерін дамумен қатар қарастыру қажет. «Қарым-қатынас», «тұлғааралық қарым-қатынас» бүгінгі күннің

ғана мәселесі емес, ол сонау ерте заманнан бастау алған.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, М.С. Коган адамдардың тәжірибелік әрекеті ұжыммен бірігіп орындауды қажет етеді, әр уақытта «материалдық, заттық, энергетикалық өзара әрекеті» талап етеді деп көрсетті; сонымен қатар «тиімді әсер ету білігі ..., адамның алға қойылған міндетінің дұрыс тиімді шешімін таба білуді қажет етеді. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: «тек қана педагогика адамға ұжымда дұрыс және тиімді өзара әрекет етуді үйрете алады» [2, 26-276].

Ғалымдар субъектаралық қатынасты қарым-қатынастың бір түрі дей отырып, олардың арасында тікелей өзара байланыс барын айтады. Адам қарым-қатынасының әрекеттілігі субъектінің басқа субъектіге бағытталуынан көрінеді.

Л.П. Буюева қатынас, қарым-қатынас, іс-әрекет категорияларының арасындағы өзара байланысты басқа тұрғыда қарастырады. Ол қарым-қатынасты қатынас категориясынан басқаша қарастырады. Бұл категориялар өзара байланысты екенін айта келе, қарым-қатынас байланыстың ерекше формасы, бұл үдерісте қатынас көрінеді, нақтыланады деген анықтама береді. Сонымен қатар адамдар арасындағы объективті қатынас әрекет үдерісінде қарым-қатынастың субъективтік сипатымен анықталады.

«Қарым-қатынас» ұғымының көп анықтамаларының арасында біз оны – «коммуникативті іс-әрекет» ұғымымен синоним деп қарастыратын (А.Н.Леоньев, М.И.Лисина, Х.Т.Шерьязданова, Т.И.Суркова, Д.А.Исмайлова, Ж.А. Абишева және т.б.) позицияларына жүгініп, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау етеміз. Сонымен қарым-қатынас деп екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін атаймыз. А.Н.Леоньев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-

қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н.Леоньевтің қарым-қатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау концепциясы, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері зерттеулеріміздің әдіснамалық негізі болды [3, 343 б.].

Ал қазақстандық ғалым – психолог С.М. Жақыпов бүтіндей оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі және оқытушы мен оқушының арасындағы өзара әрекеттестік деп бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті тиімділік критерийі деп көрсетеді. Мұнда өзара әрекеттестік, қарым-қатынас мәселесі шешілгенде танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үрдісіне жетекшілік жасау мүмкіндігі пайда болатындығы дәлелденеді.

Қарым-қатынас адам өмірінде өзара қатынастың формасы ретінде маңызды рөл атқарады: «қарым-қатынаста индивидтің рационалды, эмоционалды және еріктік өзара әсерлері мен өзара әрекеттері іске асырылады, қауымның көңіл-күй, ойлары, көзқарастары қалыптасады, өзара түсіністік пайда болады, үлгі-өнегені меңгереді, өзін-өзі ұстау стилі қалыптасады, ауызбіршілік, ынтымақтастық болады». Сонымен қатар автор, әртүрлі әрекет үдерісіндегі қарым-қатынаста адамның дамитындығын, оның ішінде еңбек әрекетінде даму үздіксіз жүретінін айтып өтті. Дегенмен де, Л.П. Буева қарым-қатынастағы қарама-қайшылық кездесетінін атаған, себебі қарым-қатынас үдерісінде жағымды және жағымсыз өзара әсер болады, әр уақытта қажетті бағытта бола бермейтіндігін көрсеткен. Осыған байланысты жастар ұжымы арасындағы өзара қатынас педагогикалық көмекті қажет ететін, өте күрделі, қажетті мәселелердің бірі. Зерттеушінің ойынша, педагогтың мақсаты мынада: «адамдар арасында қатынастың эмоциональды-адамгершілік негізін түсінуге көмектесіп, адамгершілік қағидаларға сай өзіндік қарым-қатынас жасауға үйретуге негіз болады» [4, 178 б.].

Л.П. Буева тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі жолы ретінде оқу ұжымын көрсеткен, «оқу және тәрбие әрекетіне, олардың ұжымдық формасының дамуына мінез-құлық арқылы әсер етуге болады», – деп есептейді [5, 382 б.].

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру ұжым арқылы іске асырылады, яғни қоршаған шынайы өмір туралы берілетін ақпаратты мақсатты бағдарлау арқылы. Бұл жағдайда ғалым өнердің тәрбиелік рөлін қолдануды ұсынады: «шынайы өмірдегі адамдар туралы ақпаратты да, әдебиеттердегі кейіпкерлер секілді жеткізу».

Осылайша, ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасты жалпы қағидаларға сай қалыптастыру қарым-қатынастың мазмұнын байытады, сондай – ақ адамдар арасындағы рухани байланыстың пайда болуы ұжымның жан-жақтылығы және әртүрлілігі деуге болады.

Психология ғылымында тұлғааралық қарым-қатынас мәселесі ХХ ғасырдың басында пайда болады. Осы бағыттағы зертеу жұмыстарының ішінде 1920-1930 жылдар аралығындағы В.М. Бехтеревтің рефлексологиялық тұжырымдамасы тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне үлкен әсерін тигізді.

Өзара қарым-қатынас мәселесін басқа тұрғыдан қарауды ұсынғандардың алғашқысы С.Л. Рубинштейн болды. Ол былай деп жазды: «Басқа адамға деген қарым-қатынас адам өміріндегі негізгі ұлпалардан (ткань) тұрады, оның жүрегі. Адам жүрегі басқа адамдарға адамдық қасиеттерден құралған; яғни, қандай адамдармен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылатындығы, қандай қатынас жасағысы келетіндігіне байланысты өз қатынасын реттей алады. Адам өміріне жасалған психологиялық талдаудан басқа адамдарға қатынасын ашуға бағытталғандығын көруге болады». Осылайша, ғалым айналасындағылармен қатынас тұлға құрылымында маңызды орынға ие, ал ғылымда тұлға мәселесін қоғам тұрғысынан шешу қалыптасқан деп тұжырымдайды [6, 56 б.].

Тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне Л.С. Выготскийдің қосқан үлесін атап өтуге болады. Оның жоғары психикалық функция (о высших психических функциях) туралы ілімінде адам психикасының әлеуметтік шарттылығы туралы идея берілген. Ғалым зерттеу нәтижелерінде индивидтің жоғары психикалық функциясының мәнін түсіну үшін өмірдің қоғамдық жағдайларын меңгеруге көңіл бөлу қажет деген тұжырым жасады.

Адам тұлғасын қоғамда қалыптастыру туралы Л.С. Выготскийдің ілімін жалғастырған Л.И. Божович болды. Ол былай деген: «если

процесс социализации происходит стихийно, неуправляемо, то нет никакой гарантии, что он будет направлен на усвоение лучших, а не худших образцов. Отсюда ясно, что социализация ребенка ... должна осуществляться под контролем воспитания» [7,466.].

Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.И. Божович, В.Н. Мясищев және басқалардың зерттеулерінде басқа адамдарға деген қатынасының даму негізінде басқаларға деген де қарым-қатынасы да қалыптаса бастайды, мысалы, еңбекке, өзіне деген қатынасы.

